



**«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН
АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ»
тақырыбындағы аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

30 қараша 2017 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
региональной научной-практической конференции
«ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
ПО ОБУЧЕНИЮ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ
ПРЕДМЕТОВ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ»**

30 ноября 2017 года

Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты



**«Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде
оқытудың перспективалық бағыттары»**
атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

региональной научной-практической конференции
**«Перспективные направления по обучению на
английском языке предметов естествознания»**

30 ноября 2017 года

Арқалық қаласы

ӘОЖ 81111(063)
КБЖ 81.2 Ағыл
Ж 31

Бас редакторы / Главный редактор:

Қуанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ректор, география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Ескермесұлы Ә. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, информатика кафедрасының меңгерушісі, магистр, аға оқытушы.

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Ф-м.ғ.к., АрқМПИ профессоры Үмбетов Ә.Ү., магистр, а.о. Ескермесұлы Ә., а.о. Ахатова Ж.Е., магистр, а.о. Жамалова С.А., магистр, а.о. Байзакова С.С., магистр, а.о. Алиева Г.С., магистр, а.о. Шонгалова К.С., магистр, о. Сүндетбаева А.Ж., магистр, о. Ажибекова П.С., магистр, о. Илубаев М.А., магистр, а.о. Валиуллов М.Р., магистр, о. Назарова Б.Қ.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:

магистр, а.о. Жамалова С.А.; магистр, о. Сүндетбаева А.Ж.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.; лаборант Сарина Т.Б.

Ж31

«Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудың перспективалық бағыттары» / «Перспективные направления по обучению на английском языке предметов естествознания» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. (30 қараша 2017 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2017. 139 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80709-4-5

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің, информатика кафедрасының ұйымдастыруымен 2017 жылдың 30 қарашасында өткен «Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудың перспективалық бағыттары» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушы оқытушылардың, магистрлердің, мектеп пен колледж мұғалімдерінің, ЖОО студенттері мен колледж студенттерінің ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудың тиімділігі мен ерекшеліктері, тәжірибе алмасу, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Жинақ жаратылыстану бағытындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-80709-4-5

ӘОЖ 81111(063)

КБЖ 81.2 Ағыл

«ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

Ескермесұлы Әлібек

*Ы.Алтырсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты, PhD*

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту болып саналады.

2016 жылдың 20 сәуірінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты үштілділік саясатын енгізді. Аталған үштілділік саясаты негізінде институтымыз 2016-2020 жылдарға арналған үштілділік білім беруге көшудің кезең-кезеңдік жоспарымен жұмыс жасап келеді. Осы жоспарға сәйкес, 2017-2018 оқу жылынан бастап Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының 5B011100 – «Информатика» мамандығының 3-4 курстарын оқыту бағдарламасына өзгеріс енгізіліп, бағдарламаның 30%-ын ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылып отыр.

5B011100 – «Информатика» мамандығының ағылшын тілінде жүргізілетін элективті пәндерін оқыту барысында келесі мәселелер туады:

1) Кәсіптік ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушы мамандардың жетіспеуі;

2) Пәннің ерекшелігіне сай, ғылым мен техниканың жылдам дамуы нәтижесінде ағылшын тілінде үнемі жаңа сөздер пайда болып, кейбір сөздер ескіріп, қолданыстан шығады;

3) Студенттердің өз ойларын ағылшын тілінде толық жеткізе алмауы.

Аталған мәселелер бойынша институтымызда және білім беру бағдарламасы көлемінде көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтатын болсақ, «Информатика» кафедрасының оқытушылары ағылшын тілінен білімін жетілдіру деңгейлік курстарына үнемі қатысып, ағылшын тілінен біліктіліктерін көтереді. Сонымен қатар институтымызға Словакияның Кирилл және Мефодий университетінен ағылшын тілі маманы келіп, институт оқытушыларына тегін ағылшын тілінен курстар өткізуде. Атқарылып жатқан осындай жұмыстардың нәтижесінде 5B011100 – «Информатика» білім беру бағдарламасының пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқытушыларымыздың тілдік деңгейлері жоғарылауда.

Әр оқыту пәнінің ерекшеліктеріне сай оқытушы студенттерді ағылшын тіліндегі жаңа терминдермен таныстырады. Студенттер оқыту пәні бойынша кездескен жаңа терминдерді пайдаланып практикалық және зертханалық жұмыстар орындайды, сөйтіп ағылшын тіліндегі жаңа кәсіптік сөздерді меңгереді.

Көп жағдайда студенттер өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе алмай жатады. Бұл мәселені шешу үшін студенттерге өздік жұмыстарды орындау үшін тапсырмалар баяндама, эссе түрінде беріледі. Студент дайындаған баяндамасын, эссесін ағылшын тілінде қорғайды. Ол студентке басқа студенттер тақырып төңірегінде ағылшын тілінде сұрақтар қояды, ол сұрақтарға студент жауап беру арқылы өзінің ағылшын тілінде еркін сөйлеу қабілетін арттырады.

Оқытушылардың ағылшын тілін кәсіптік деңгейде білімін одан әрі шыңдау үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

- Оқытудың программалық қамтамасыз етілуін ағылшын тілінде орнату (операциялық жүйе, қолданбалы бағдарламалар, оқыту бағдарламалары);

- Кафедра оқытушылары арасында күніне 1 сағат ағылшын тілінде кәсіптік сұхбат ұйымдастыру.

Ғылым мен техниканың жылдам дамуы нәтижесінде ағылшын тілінде үнемі жаңа сөздер пайда болып отырады. Әлемдегі ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері мен жаңалықтарын, жаңа терминдерді дер кезінде біліп отыру үшін институттың ақпараттық-кітапханалық комплексінен ағылшын тіліндегі ғылыми-техникалық журналдарды, электрондық әдебиеттерді уақытылы оқып отыру қажет.

Неғұрлым көп тіл білген жан соғұрлым сол халықтың жанын түсінетін болады. Адам баласы үшін тілдің орны бәрінен бөлек. Тіл – достықтың, бейбітшіліктің, болашақтың кепілі. Тіл білу – байлық. Ал, ағылшын тілін білу – өмірдің, заманның талабынан қоғамның қажеттілігінен туындайды. «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры» деп, – халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Б.Момышұлы айтқан болатын. ХХІ ғасырда біздің жастарымыздың алдына қойылған міндет – ол көптілді меңгеру. Адалдықты сақтай отырып, өз тіліміз бен мәдениетімізді дамытып, динамикалық жалпы әлемдік үрдістердің технологиялық және гуманитарлық жоспарына кіруіміз керек.

Еліміздің болашағы жастардың қолында, сондықтан да студенттердің ертеңгі болашақ мамандық иелері ретінде, біздің студенттеріміз үш тілде еркін сөйлейтін болса, бәсекеге қабілетті мемлекет болатынымыз анық. Бұл үшін бәріміз қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас ретінде және ағылшын тілін жаһандық экономикаға табыстыбірігу үшін қолданғанымыз жөн.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз қажет. Бұл студенттердің Халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланысын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы адамзатты өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205.
2. Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы. Утвержден совместным приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года № 622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года № 1066.
3. Политика трехязычия. Аркалыкский государственный педагогический институт имени И.Алтынсарина. 20.04.2016 г. // <https://api.kz/index.php/common/trekh-yazychnoe-obrazovanie/politika-trekh-yazychiya>.
4. Пошаговый план мероприятий на 2016-2020 годы по переходу на трехязычное образование. Аркалыкский государственный педагогический институт имени И.Алтынсарина. 26.08.2016 г. // https://api.kz/images/files_institut/%D0%BF%D0%BB%D0%B0%D0%BD%20%D1%82%D1%80%D0%B5%D1%85.pdf

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА CLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Алимгереева Г.Е.

Ы.Алтынсарин атындағы гимназия, информатика пәнінің мұғалімі

Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан – жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдауы. Сапалы білімге жету жолында ұстаздың аянбай еңбек етуі керек. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеруі шарт.

Оқу жоспарларында мектепте оқытылатын ғылымдар да диалектикалық мазмұнды негізге сүйене отырып, филология, математика, жаратылыстану, қоғамтану, өнер, технология, дене шынықтыру салаларына бөлініп, жеке пәндерге тармақталып кетеді. Оқу жоспарында пәндер арасындағы кірігу анық көрсетілген және олар пәнаралық байланыстың моделі әрі білім мазмұнын жаңа сапаға көтереді.[1]

Р.Декарттың «*Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай*» деген пікірін еске алсақ, пәнаралық байланыс білімберудің кіріктірілген технологиясының құрамына енеді. Оның ұғымының ауқымы кең.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады.

Пәнаралық байланыс пен оқушы бойында жалпы құзіреттілікті қалыптастыруда тікелей байланыс бар. Оқу бағдарламаларында әр пәннің қалыптастыратын білім, білік, дағды мөлшері жеке анықталса да, тұлғаның өмір сүру аймағында олар өзара байланысты құзіреттілікке ие болады. Өйткені оқушы өмірлік мәселелермен кездескенде, әрбір пәннен алған білімін саралап жатпай, бойындағы интегративті білімнің кең, жалпы әлуеті мен дағдысын пайдаланады.

Оқушы ақыл (таным) арқылы ғылымды игереді. Ғылымды игеру үшін ол тек қабылдаушы ғана емес, өзінің танымдық қызметін ретке келтіруші, танымдық үрдістің өн бойында және оның нәтижесінде рефлексия жасаушы дәрежесіне көтеріледі.[4]

Кіріктіру – ХХІ ғасыр талабы. Осы талапты орындауға шындап кірістім. Ең маңыздысы оқушылар мамандықты игеру барысында ынтасы жоғары болуы керек. Тек арнаулы пәндерді ғана емес басқа да пәндерді меңгеру қажеттігін оқушыға жеткізу, түсіндіру ұстаздарға байланысты.

Қазіргі сабақтарда ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже береді. Ақпараттық технологияда біз ұстазды ақпарат беруші, бағыт – бағдар көрсетуші деп

түсінеміз. Белгілі бір тақырып бойынша мәлімет, әдебиеттер және т.б. беріледі. Ал кіріктірілген инновациялық технологияда тақырыпқа байланысты мәлімет, ақпараттың барлығының жан-жақты пән мұғалімдермен түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі оның басты артықшылығы болып тұр. Ұстаз әркез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Педагогикалық тәжірибенің мақсаты: ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру, олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білім алып, дамуға бейімдеу.

Оқу материалдарын бағдарламаларға сай пәндер бойынша біріктіріп беру оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасайды. Әрине әр ұстаздың өз ұстанымы бар. Мен үшін оқушыларымның ағылшын тілі сабағында алған білімдерін шынайы өмірде қолдана білсе сол мақсатыма жеткенім. Сөзіме дәлел ретінде информатика пәнін ағылшын тілімен кіріктіре отырып жасақтағанмын.[5] Сабақ жоспарын қысқаша түрде сипаттап отырмын.

Тақырып: Ағылшын тілдес мемлекеттер. Excel- де диаграммаларды құру

Пән мазмұны бойынша: пәнаралық /ағылшын тілі және информатика/

Мақсаты:

Ағылшын тілдес мемлекеттер тақырыбы бойынша оқушылардың білім - білік, дағдыларын қалыптастыру; Excel ЭК-де деректерді өңдеудің негізгі принциптерін, диаграммаларды өңдеу және безендірудің негізгі әдістерін қолдануды қалыптастыру; Ағылшын тілінде алған білімдерін информатика сабағында практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заман талабына сай жалпы ғылымилық және жалпы интеллектуалдық дағды мен біліктіліктерін қалыптастыру; Ақыл ой іс әрекеттерін, еске сақтау, талдау қорытынды шығару қабілеттерін дамыту. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін пәнге деген қызығушылығын арттыру; Өз бетімен жұмыс істеуге, өзін өзі бағалауға, жауапкершілікке тәрбиелеу; Оқушылардың ауыз екі сөйлеу тілінде жаңа лексикалық материалды бекіту

Сабақтың міндеттері:

- ✓ Өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру
- ✓ Жеке тұлғаның дүниетанымын, қызығушылығын арттыру, ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу
- ✓ Логикалық ойлауын және дүниетанымын, сөздік қорын кеңейту
- ✓ Пән аралық байланысты көрсету;
- ✓ **Сабақтың түрі:** кіріктірілген сабақ
- ✓ **Сабақтың типі:** өткенді пысықтау, қайталау.
- ✓ **Әдістері:** CLIL әдісі, мәтінді тыңдау, сұрақ-жауап, таратпалармен жұмыс, рөлдік ойын

✓ **Жұмыс түрлері:** тақтамен, топпен жұмыс, фронтальды жұмыс, жекедара, оқушыларды сергіту жұмысы

✓ **Сабақтың көрнекілігі:** интербелсенді тақта, фото көрініс, бейне материал, карточкалар

Ұйымдастыру кезеңі Good afternoon dear boys and girls. Today we have unusual lesson of English and computer.

Тақырыпқа шығу. Проблемалық сұрақ

✓ Yes we are going to speak about

✓ What did you see (diagramme)

✓ What do you think what we are going to speak about?

Мақсат қою

What do you think are the aims of our lesson?

S1: to study English speaking countries

S2: to study Excel diagrammes

Жаңа сабақты ашу және меңгеру 8 сұрақтан құралған тестке жауап беру.

Тапсырмамен жұмыс. Ағылшын тілінде берілген мәтін бойынша берілген ақпараттар бойынша электрондық кестеде кестені толтырыңыздар

Сабақты бекіту сұрақтарымен тапсырмалары:

1. Диаграмма дегеніміз не?

2. Диаграмма құру жолдары?

3. Электрондық кестенің диаграмасының негізгі түрлерін атаңыз?

Берілген кестедегі ақпарат бойынша халық санын, территориясын, үлкен қалаларын анықтайтын диаграмма құрыңыздар

Dictation. Диктантта берілген сандық ақпараттар бойынша электрондық кестеде диаграмма тұрғызу.

What did you like?

What did you dislike?

Сабақты қорытындылау, бағалау (жинаған жалаушалары бойынша)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005

4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008

5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл.

Бұл жұмысты дайындау үшін <http://referat.ru> сайтының материалдарынан алынды.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУҒА КӨШУ ЖОСПАРЫ

Мырзалиева Ж.Б.

БІ. Алтынсарин атындағы гимназияның математика пәнінің мұғалімі

Қазақстандық оқушылар төрт пәнді ағылшын тілінде оқиды. Мектептерді үштілді білім беруге көшіру 2023 жылға қарай жүзеге асырылады.

Алтынсарин атындағы Білім беру ұлттық академиясының вице-президенті Мариам Мұқатова ОКҚ брифингінде "2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың жол картасы" бағдарламасы әзірленіп, бекітілгенін хабарлады. Академия жанынан үштілді білім беру орталығын құру жоспарланды. Онда Қазақстанда білім беруді үштілді етуге ауысу және жоғары сыныптар, колледждер мен жоғары оқу орындарында сабақтарды ағылшын тілінде оқытуға дайындау үшін бірыңғай тіл стандарты әзірленеді.

Спикердің айтуынша, білім беру ұйымдарын ағылшын тілін білетін мамандармен толықтыру үшін "Болашақ" бағдарламасы түлектерінің мүмкіндігі пайдаланылады. Мұғалімдерді ынталандыратын жүйе ойлап табылады. Ұлттық бірыңғай тестілеудің формасы мен мазмұны жүреді.

"Жоғары сынып оқушыларына ағылшын тілінде оқыту төрт пән бойынша жүргізіледі: информатика, физика, химия, биология. Үш тілде білім беруге өту кестесі мен жоғары сыныптарды ағылшын тілінде оқыту кестесі әзірленіп жатыр. 2017-2018 жылдары бесінші сыныпқа бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқығандар келеді. Осы кезеңнен бастап жоғары сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылады", – деді Мұқатова[6].

Ағылшын тілі сабағында төрт пәннің материалы қолданылады. Бесінші сыныптан бастап осы пәндердің терминологиясын ағылшын тілінде оқыту басталады. Тоғызыншы сыныптан кейін тіл бойынша оқып жатқандар сырттай бағаланады. Ағылшын тілінде сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады және мектепте ағылшын тілінде қосымша сабақтар өткізіледі", – деді спикер.

Сонымен қатар Назарбаев интеллектуалдық мектебінде үш тілде жасалған оқу-әдістемелік оқулықтарды алуға мүмкінді беріледі.

"2022-2023 жылдардан бастап ҚТЛ-дерде, халықаралық мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде білім беруді ағылшын түрінде жүзеге асыру қарастырылып жатыр. Ал келесі жылы, 2023-2024 оқу жылдары, жалпы білім беретін барлық мектепті осы жүйеге өткізуді жоспарлап отырмыз", – деді спикер.

Оның айтуынша, мұндай жүйені енгізу педагогикалық кеңестің және ата-аналар комитетінің шешімімен жүзеге асырылады.

"2020 жылға дейін 2450 мұғалім мен оқытушы тіл курсынан өтеді. Мектептің қай тілде оқытылатынына қарамастан Қазақстан тарихын қазақ тілінде оқыту, ал Дүниежүзі тарихын орыс тілінде оқыту мәселелері шешіліп жатыр", – деді ол.

Осыған дейін Нұрсұлтан Назарбаев үш тілді білім беру үшін жол картасын жетілдіруді тапсырған болатын. "Біз ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқытатын қыламыз. Ал 11-12 сыныптарда барлық пән ағылшын тілінде өтеді", – деді Назарбаев.

Оқу-әдістемелік құралының бұл бөлімінде педагогикалық кіріктіру теориясының кейбір ғылыми ережелерін/әзірлемелерді қарастыруды жөн көрдік, оқытудағы кіріктіру деген ең жалпылама түрінде келесі түсініктерді қарастырады: – ғылымдардың арасындағы байланысты жүзеге асыратын пәнаралық байланыстарды дамыту және тереңдету; – әртүрлі пәндерді келісе оқытудан оларды өзара терең байланыста оқытуға көшу. Алдымен кіріктіріп оқыту, кіріктірілген сабақ ұғымдарын қарастырайық. Кіріктіріп оқыту дегеніміз: – біріншіден, сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды және тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түпнұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан, олардың өзара терең байланысуына өтуді қарастыру болып табылады [3]; – екіншілер, жекелеген пәндер бойынша білімді біріктіретін, ұштастыратын жүйе, осының негізінде балалардың әлемді тұтастықта қабылдау қалыптасады; – үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендендіруге, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын, өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға ықпал етеді, түрлі ғылым салаларына қатысты білімді қорытындылауға бағыттайды [4]. Пәнаралық байланысты жұмыстың мақсаты, мазмұны, әдістері және тәсілдері бойынша пайдаланы кіріктіріп оқытудың негізі болып табылады. Кіріктіріп оқыту барысында идеялар мен ұстанымдардың ұқсастығы айқын байқалады, сонымен бірге алынған білімді түрлі салаларда пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Сондай-ақ, кіріктіріп оқыту барысында екі немесе одан да көп пәнді қарастыру және әлемдегі құбылыстар мен нысандардың өзара тығыз байланысын көрнекі көрсету мүмкіндігі болады. Кіріктіріп оқытуда жалпы білім беретін мектептерге арналған қолданыстағы оқу бағдарламалары және оқулықтардың аясын кеңейтетін, әртүрлі пәнаралық проблемалар қарастырылады. Бұндай тәсіл оқытудың түрлі әдістерімен (баяндама және әңгімелесу, түсіндіру, бақылау және тәжірибе, салыстыру, талдау және жинақтау, сонымен бірге компьютерде оқыту) үйлесімді байланыста болады. Пәндерді кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының басты мақсаты – оқушылардың ойлау қабілетін дамытуды жүзеге асыруға бағытталған. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу міндеттерін сапалы шешуге мүмкіндік беретін оқу процесін кіріктіруді құрастыру, келесі мүмкіндіктерге жағдай жасайды: 1) пәнішілік байланыстан көппәндік

байланыстарға өту білім алушылардың әрекет тәсілдерін бір нысаннан басқаларға көшірулеріне, оқу 6 процесін толығырақ түсінулеріне және әлемнің (қоршаған ортаның) толық бейнесін құрастыруларына мүмкіндік береді; 2) пәндерді кіріктіру құрылымындағы проблемалық жағдаяттардың көлемін ұлғайту, мектеп оқушысының ойлау әрекетін белсендендіреді және оны оқудың тұлғалық нәтижелеріне жетуге жетелейді және жақындатады; 3) кіріктіру білім алушыға мақсаттан нәтижеге дейінгі аралықта жүргізілген барлық әрекеттердің орындалу процесін бақылауына, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруына және жұмыстың әр кезеңін саналы қабылдауына мүмкіндік береді; 4) кіріктіру метапәндік ұстанымын жүзеге асыру арқылы, сабақтың ақпараттық көлемін ұлғайтады; 5) кіріктіру білім алушылардың түрлі пәндерді оқу барысында жасаған қорытындыларын қалыптастыра отырып және оқытудың тұлғалық тәсілін жүзеге асыра отырып, нақты бақылауларды дәлелдейтін немесе тереңдететін жаңа факторлар табуға мүмкіндік береді; 6) кіріктіру оқу-танымдық әрекетті белсендендіруге көмектеседі, оқушылардың білім алу үшін көп күш жұмсауларын жеңілдетеді және шаршағыштықты болдырмайды, ынталандыру құралы болып табылады.; 7) оқу материалдарын кіріктіру білім алушылардың шығармашылығын дамытуға, алған білімдерін өмірдің нақты жағдаяттарында қолдана білулеріне жағдай жасайды. Мәдениетке тәрбиелеудің, табиғатқа, адамдарға, өмірге мейірімді, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады [5]. Кіріктіру жүйесі мектеп пәндерінің сабақтың әр кезеңінде бір-біріне сәйкес келетін және бірін-бірі толықтырып отыратын тақырыптарын тең мөлшерде біріктіруді қарастырады. Екінші негізгі ұғым – кіріктірілген сабақ – бұл арнайы ұйымдастырылған сабақ: – мақсатқа әртүрлі пәннен алынған білімді біріктіру барысындағы ғана оның жетуге болады; – зерттелетін мәселені оқушылардың қабылдауын жинақтайтын, толық жетуіне мүмкіндік беретін, қандайда бір аралық проблеманы қарастыруға және шешуге бағытталған; - әртүрлі ғылымдардың әдістерін өзімен гармониялық үйлестірген және тәжірибеге бағытталған Кіріктірілген сабақта оқушылар әртүрлі пәндердің ақпаратын қолдана отырып, оқиғалар мен құбылыстарды мүлдем жаңаша түсіне отырып терең және жан-жақты білім алу мүмкіндігіне ие болады. Кіріктірілген сабақта білімді жинақтау, бір пәннен алынған білімді басқа пәнде қолдану білігін қалыптастыру мүмкіндігі бар. Осыған байланысты кіріктірілген сабақтар оқушыларға алынған білімдерді біріктіруге және оқушылардың пәнге қызығушылығын белсендендіруге көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205.
2. Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы. Утвержден совместным приказом и.о. Министра образования и науки

Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года № 622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года № 1066.

3. Холодная М. А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - Томск: изд-во Томского ун-та. М.: изд-во «Барс».1995.-250 с.
4. Типовая учебная программа по предмету «Физика» для 7-9 классов уровня основного среднего образования. <http://nao.kz/>
5. Типовая учебная программа по предмету «Химия» для 7-9 классов уровня основного среднего образования. <http://nao.kz/>
- 6.Типовая учебная программа по предмету «Биология» для 7-9 классов уровня основного среднего образования. <http://nao.kz/>

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Байшугулова Б.К.

*III. Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектеп,
информатика пәнінің мұғалімі*

Білімді дамыту үшін жаңа ұғым,
жаңа үлгі, жаңа тәсілдер қажет.
Ж.Аймауытов

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет.[1] Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Елбасымыз үштілді білім беру жүйесін енгізе отырып қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде ал әлемдік экономикаға үйлесімді тіл ретінде ағылшын тілін меңгерту мақсатын көздеп отыр. Осы мақсатта тіл емес пәндерді ағылшын тілінде оқыту арқылы ел болашағын дамытуды көздейтініміз сөзсіз. Ағылшын тілінде оқытуда тиімді әдістердің бірі «Content and Language Integrated Learning» деп аталады.[2]

Аталған әдісті алғашқылардың бірі болып тәжірибеге енгізген Дэвид Марш атты лингвист, еуропалық профессор. Бұл әдістің ерекшелігі CLIL - информатика физика, биология химия сияқты пәндерге қолдану арқылы тілді үйретуде өте тиімді болып келеді.

CLIL әдісін қолданудың барысында мақсаты пәнді басқа тіл арқылы оқу. Ғалымдар әдістің ерекшелігі тілді жай екінші тіл ретінде мақсатсыз оқудангөрі белгілі материалды игеру мақсатында оқу айтарлықтай нәтиже беретіндігін дәлелдеген. Бұл үйренушіге мақсаттылық және мотивация, материалды игеруге қызығушылық береді. Сондай жағдайларда CLIL әдісі оқушының ағылшын тілін меңгеруіне көмектесе алады. CLIL әдісін пайдалану ұстаздан тіл және контентті игерту мақсатында алдын ала дайындықты талап етеді. Осы орайда CLIL арқылы сабақ өткізетін ұстаз қандай болу керек деген сұрақ туындайды. Сабақ өткізу тілін игерген, яғни ағылшын тілінде өткізетін болса, ағылшын тілін кем дегенде интермедиат деңгейде білетін, сол тілде еркін сөйлеп оқушылармен қарым-қатынас жасай алатын кәсіби маман.

Ұстаз барлығын идеалды түрде білуге, басқа тілдің қыр-сырын ана тілімен тең деңгейде білуге міндетті болып есептелмейді. Өз тәжірибемде көргендей, оқушыға түсінікті қиын емес сөйлемдер мен сөз тіркестерін ұтымды пайдаланып пәнді оқыту маңызды. CLIL әдісін сабақта пайдалануда ұстаз үшін де, оқушылар үшін де бірқатар кедергілер кездеседі:

- ✓ Ағылшын тілінде сөйлеу кезінде қиындық тудыруы;
- ✓ Ағылшын тілін тыңдаудағы қиындығы;
- ✓ Оқушылардың ағылшын тілін білу деңгейлерінің әр түрлілігі;
- ✓ Ойын жеткізуде толық сөйлемдерді қолдана алмауы;

Жоғарыдағы кедергілерді жеңу үшін сыныпта қолайлы атмосфера жасай білу қажет, конфликтті немесе өте қатал жағдайда тілдік қиындықтар тереңдей береді.

Сондықтан ұстаздың оқушылармен бірге білім алушы ролі мен бағыттаушы ролін қатар меңгеруі маңызды. Тыңдау және түсіну, жеңу оқушылар мен ұстаздан ұзақ уақытты талап етеді. Кейбір оқушыларда түсіну мен сөйлеу процестері қатар жүрмейді, оқушы сөйлей алуы мүмкін де тыңдаған кезде ештеңе түсінбейді. Бұл кедергілерді жеңу үшін мұғалім мәтінді аудиоларды тыңдатуына болады. Бұл үрдістер оқушылардың индивидуалдық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне байланысты болғанмен ұстаздың көмегінсіз кедергілерді жою қиынға түседі.[3] Ойын толық жеткізе алмайтын оқушылардың сөздік қорын толықтыру мен аудитория алдында сөйлеу қорқыныш сезімдері болуы мүмкін, оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу еркіндігі біртіндеп байқалады. Тәжірибе жүзінде оқушылардың жас ерекшелігі мен жеке қызығушылықтарына мән беру оқушының мотивациясына әсер етеді. Мысалы, 9-сынып оқушылары бағдарлама құру кезінде қиын сөздері көп мәтіндерді көргенде тез шаршап оқуға қызығушылығы жоғалады. CLIL- әдісін пайдалануда оң нәтижеге жету үшін ағылшын тілін аз мөлшерде пайдаланудан бастау оқушылардың психологиялық дайындығын арттырады. Ұстаз бірден сабақ бойы ағылшын тілінде сөйлеп, барлық сабақ материалдарын ағылшын тілінде ұсынатын болса оқушылардың қабылдау қабілетіне теріс әсерін тигізеді. Алғашында индивидуалдық ерекшеліктеріне байланысты көру арқылы қабылдап есте сақтап оқитын, жазу арқылы немесе дыбысты тыңдау арқылы есте сақтайтын

оқушылардың ерекшеліктері болады. Көбінесе есту арқылы есте сақтауға бейім балалар ағылшын тілінде тез сөйлейді де айтылымда қатесін аз жібереді, мұндай оқушылар ән айтуға музыкалық қабілеттері бар балаларды жатқызуға болады. Жазу арқылы және көру арқылы есте сақтайтын визуалдарды словарь және дәптерді кеңінен пайдалануға бағыттау қажет. Олар мұғалім сөйлеу барысында тақтаға жазып экраннан көрсетіп отыруды қажет етеді. Күнделікті сабақта қолданылатын сөйлемдерді оқушы есту арқылы есте сақтайды, оқушыға «бүгін қандай күн» т.б терминдерді қолданып ағылшын тілінде айту олардың есту арқылы есте сақтауын дамытады. Әдісті пайдалануда қатып қалған қағида жоқ, өйткені оқушылар әр түрлі дамиды, мұғалім бір немесе үш ай аралығында сабақты толық ағылшын тілінде өткізуге ауыса алады. Алғашқы сабақтарды бастамас бұрын оқушыларды психологиялық дайындықтан өткізудің қажеттілігі бар, мінезі байсалды емес оқушылар әр түрлі себептерді айтып мұғалімнің тапсырмаларына селсоқ қарауы мүмкін, ол үшін алдымен сынып жетекші және ата-анасына қажеттіліктерді түсіндіріп айтудың маңызы бар. Оқуда дислексиясы бар, ерекше назарды қажет ететін оқушылары барсыныптарда ата-анасына ескерту мен қосымша жұмыстар жасау қажет етіледі. Демек, оқушылардың ерекше қабілеттерін пайдалана білудің маңызы бар.

CLIL-әдісін қолданып сабақ өткізу кезінде аударма сөздік, «translator», сөздіктер қолдануға рұқсат етіледі. Оқушының мәтінді аударуына электронды нұсқадағы сөздіктерді қолдануына болады. Мысалы, Алғашқы сабақтарда 5-7 минут тақырыпқа сай ағылшын тіліндегі видео материалдарды тыңдатудан бастаған тиімді, өйткені оқушы тыңдап және көру арқылы өтетін сабақтардан кейін стреске түсу мүмкіндігі азаяды. Үй тапсырмасына тақырыпқа сай жаңа сөздер жазып келуге тапсырылса келесі сабақта жаңа сөздерді пайдалануға тапсырмалар беріледі.

CLIL әдісін қолдануда қарапайым диалог құрастыру, қысқа сөздік жазғызу, суретті әңгімелеу, ойындар ойнату, тиімді нәтиже береді. Күнделікті сабақта айтылатын. Сабақтың құрылымы бастапқыда қайталанбалы болса оқушы тәртіпке үйренеді, әдістерді де өте қарапайымнан күрделіге қарай ауыстыруға болады. Өйткені белгілі бір қайталанбалы сабақты оқушы меңгергенге дейін сол сабақта қолданылатын қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерге құлақтары үйренеді. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, сабақта белгілі дәрежеде қиындықтардың да болуы мүмкін. Сонымен қатар уақыттың жетіспей қалуы, мұғалімнің жоспарының толыққанды жүзеге аспауы мүмкіндіктері болуы. CLIL сабақтары барысында қалыпты деп есептеледі. Оқушыларда барлық тіл үйренушілерге қатысты қателіктер кездеседі, жазу мен сөйлем мүшелерінің орындарының ауысуы, айту кезіндегі қателіктер, орфографиялық, синтаксистік қателер көп жіберіледі. Бастапқыда сөйлеу кедергісі бар оқушылар сабақта белсенділік таныта бастаған кезде олардың қателіктерін сөзін бөлмей сабақтың соңына қарай барып түсіндірген жөн, өйткені ең бастысы сөйлеу кедергілерін жою мақсатында жұмыс жасау деңгейінде бұл қателіктергі аса назар аудармаған жөн.

Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда тақырыпқа сай терминдерді видеолар мен мультфильмдер, оңай кинолар арқылы есте сақтауға үйретуге, мәтіндік тапсырмалар, түртіп алу әдістерін пайдалану арқылы оқытуға болады. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру - жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу — біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Сондықтан тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқыту нәтижеге жеткізеді.

Пайдаланылған тізімі:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы, Астана-2007 ж.
2. CLIL: An Interview with Professor David Marsh, International House: Journal of Education and Development;- Англ. – Режимдоступа: <http://ihjournal.com/content-and-language-integrated-learning>
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Информатика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. <http://nao.kz/>

ПРИМЕНЕНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ CLIL В ПРЕПОДАВАНИИ КУРСА ФИЗИКИ

Булекбаева Г.Б.
СШ №4, г. Аркалык

«Я абсолютно убежден, детей надо учить тогда, когда они дети. Трехязычие – просто необходимость для наших детей. Они дети всей планеты: государственный язык должны знать, русский язык – наш язык общения, английский язык – мировой язык, язык мировой науки, инновации, Интернета».

Н.А.Назарбаев

В современном обществе особое значение приобретают вопросы социализации молодых людей в межнациональном и межкультурном пространстве, а знание иностранного языка рассматривается как один из инструментов расширения знаний и возможностей учеников.

В литературе CLIL обычно определяется как «подход к обучению, имеющий два фокуса, в котором дополнительный язык используется для изучения и обучения как предметному содержанию, так и непосредственно языку». [1]

CLIL видится как принципиально новый опыт в сравнении с традиционным изучением иностранных языков, поскольку содержание предмета и язык осваиваются одновременно. Этот подход поощряет

преподавателя языка узнавать больше о предметной области своих учащихся, а учителей-предметников – изучать иностранный язык. Существуют разные типы обучения в соответствии с подходом CLIL: softCLIL(преподавание отдельных тем из содержания других предметов на уроках иностранного языка), hardCLIL(частичные программы погружения, где более половины предмета преподается на иностранном языке) ,modularCLIL(предмет преподается на иностранном языке определенное количество часов). [2]

Характерным для занятия в формате CLIL являются следующие элементы (4 «С» методикиCLIL):

- **Content**– содержание. Необходимо стимулировать процесс освоения знаний и развития умений по предмету.
- **Communication**– общение. Необходимо учить учащихся использовать средства иностранного языка для получения знаний по предмету.
- **Cognition** – мыслительные способности. Необходимо развивать мыслительные способности для лучшего понимания языка и предмета. Достижению этой цели помогут задания для аналитического или критического чтения и письма, задания по вычленению главного, сопоставлению, догадке нахождению связей и т.д.
- **Culture** – культурологические знания. Понимание особенностей, схожестей и различий отдельных культур поможет обучающимся эффективнее социализироваться в современном поликультурном пространстве, лучше понять собственную культуру и стимулировать ее сохранение и развитие. [3]

На базе Назарбаев университета и вузов нашей республики проходят курсы по обучению учителей информатики, химии, физики и биологии английскому языку.

Я, учитель физики, в числе 52 моих коллег из Костанайской области, прошла курсы с 26 апреля по 7 июля 2017 года в Аркалыкском государственном педагогическом институте имени Ибрая Алтынсарина. По окончании курсов я получила сертификат о том, что успешно завершила Программу развития учителей средних школ, а также свидетельство овладения английским языком (A1 и A2).

При прохождении курса нас оснастили всеми необходимыми вещами. И среди них я бы хотела отметить книги по грамматике английского языка, а также учебник по физике “CorePhysics” автор BryanMiller. Книга рассчитана для детей от 8 до 9 лет. Хотела бы высказать свое мнение об этой книге.

Как эта книга организована? Книга состоит из трех частей: basicconcepts,consolidationи development. Основные темы раскрывающиеся в этой книге: forces(силы), lightandsound (свет и звук), electricity (электричество), energy (энергия)andtheEarthandbeyond (Земля и за пределами).

Тема «Forces» отвечает на вопросы как тела двигаются, почему тело катится вниз, как происходит сила трения, равнодействующие силы, а также что такое давление, что делать чтобы тела быстро двигались?

Или еще если проходит тему «Энергия». То здесь говорится сначала об электрической энергии, которая встречается нами в повседневном быту, дальше энергия из топлива, как производится электрическая энергия, генераторы производящие электроэнергию, «Спасибо, Солнце» (солнечная энергия), а также ищут ответы на вопрос будут ли источники энергии работать всегда, и в конце энергия наших тел и пищевая энергия.

И все базовые темы раскрыты с помощью разноцветных рисунков, теориями, а также в конце каждой темы есть отдельная колонка, состоящая из пары правил, оглавленная “Whatyouneedtoremember” (Что ты должен запомнить). Думаю такие же учебники необходимы для наших детей, поскольку книга выглядит очень стильно, много интересных рисунков, самостоятельных работ, которые даны во второй и третьей части, минимум слов, много практических, я бы отметила бытовых примеров. Когда идет такой подход при изучении физики, дети больше запоминают, да и мы преподаватели видим данные физические явления с другого ракурса.

На уроках физики при объяснении определенной физической величины использую английский язык чтобы объяснить происхождения обозначения той или иной буквы. Допустим, почему скорость обозначается буквой $\vec{v}$, от слова «velocity», или сила $\vec{F}$ от слова «force», или масса «mass» и т.д. [4]

А также чтобы учащиеся могли обладать культурой мышления, способностью к обобщению, анализу и восприятию информации, уметь логически верно, аргументированно и ясно строить устную и письменную речь, необходимо формировать эти компетенции. Она (компетенция) хорошо прослеживается в работе над большей частью заданий при изучении иностранных языков, в особенности, чтения, которая обрабатывается на заданиях типа «Верно/неверно» (true or false), требует внимательного ознакомления с представленным материалом с целью извлечения определенной информации, что невозможно без применения таких логических операций, как анализ, отбор, сопоставления и т.п. Иными словами учащемуся требуется оценить содержательную сторону материала и одновременно с этим применить свои собственные лингвистические знания, без чего невозможен поиск точного смыслового соответствия заданной фразе в тексте.

CLIL – это своеобразный общий термин, объединяющий целый ряд подходов, которые применяются в различных образовательных контекстах. В нашем случае это выбор и выполнение заданий, конкретно соответствующих определенным общекультурным или профессиональным компетенциям, прописанным в государственном образовательном стандарте и полностью отвечающих ожиданиям обучающихся с точки зрения «приобретения полезных жизненных и профессиональных навыков».

Литература:

1. D.Coyle, P.Hood, D.Marsh. CLIL – content and language integrated learning. Cambridge: Cambridge University Press, 2010
2. British Council. CLIL. <http://britishcouncil.org>
3. Что такое CLIL? (Электронный ресурс) <https://sites.google.com>
4. Bryan Milner. Core physics, Cambridge: Cambridge University Press

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есенева Р.Е, Мухышева Г.М.

А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгеруге аса назар аударылуда.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Себебі көптілді меңгерген жастардың алар белестері биік. Сондықтан көптілді білім берудің басты мақсаты әр білім алушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау.

Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға қалыптастыру. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Ағылшын тілін үйрететін топтар, үйірмелер ашылуда. Осының бәрі күнделікті жады жағдай. Енді көптілділікті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында халық аралық стандарт деңгейінде тиімді ұйымдастыру үлкен мәселе[1;15].

Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізіп отыр. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді[4;3]. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады. Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр [5;4].

Көптеген оқытушылар техникалық құралдарды тиімді пайдалана отырып, методикалық тұрғыдан саралай алуан түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Әрине ол оқытушыдан үлкен сауаттылықты, ізденісті қажет етеді.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген [2;5].

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі [3;10].

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында “Тілдердің үш тұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз [4;2].

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді.

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады [5;7]. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі

мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасың, дәл, тиянақты оқу-материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр. Сонымен қатар мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек [6;6]. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттындырудың қажетті шартына айналып отыр.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол [5.4].

Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Олай болса бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деп талап білдіргендерге сәттілік тілейік

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Америка ғалымының көзқарасы. Идея триединства языков в Казахстане правильна и будет способствовать развитию страны. // Казинформ. -15 мамыр. – 2008 жыл.
2. Кузьмин С. С., Шадрин Н. Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. – М.: Русский язык, 1989.
3. Колпакчи М. А. Дружеские встречи с английским языком. - Ленинград, 1978.
4. Тен Т. Трудности перевода. //«Карау» газеті.
5. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. - 2007 жыл.
6. Қалиев Ж., Мальцев В.С., Очаковская З.Н.. English – Ағылшын тілі. «Мектеп» баспасы, 1981

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ

Жұмағазина Ж.А.

*Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
«Информатика» мамандығының 4 курс студенті*

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілінді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сонымен қатар шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі зор. Еліміздегі беделді университеттердің бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде шет тілдерін кәсіби деңгейде меңгеру мықтап қолға алынған. Осы орайда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, «Жалпы тіл білімі және шетел филологиясы» кафедрасының ағылшын тілін үйретудегі жаңашылдығы, қажырлы еңбегі мен атқарылып жатқан іс-шаралары соның дәлелі. Факультетте қызмет ететін білікті оқытушылар шетелдік ғалымдармен бірлесе отырып, студенттердің болашағы үшін қызмет етіп және жастардың қажетті білім алуына, тәжірибе жинақтауына жағдай жасап отыр.

Менің болашақ мамандығым үшін, ағылшын тілін үйрену маңызды. Ұстазымыз әр сабағында ағылшын тілінде мақала жазуды, қазақ тілінен ағылшын тіліне аударуды, грамматиканы сауатты қолдануды, дауыс ырғағын дұрыс қойып оқуды үйретеді. Әр студентке ерекше көңіл бөліп, білмеген жерінді үйретуден еш жалыққан емес. Сондықтан болар, топтағы әр студенттің ол кісіге деген ықыласы ерекше. Өзінің бойындағы ынта-жігері, сауаттылығы, білімділігінің арқасында беделді. Бізге әрдайым: «Тіл үйреніңдер, бір жерде қалып қоймаңдар, жан-жақты болыңдар» — деп айтып отырады.


2015-2016 оқу жылында химия, информатика және биология мамандықтары бойынша үш тілде білім алған алғашқы түлектер бітіріп шықты. Химия мамандығын бітірген 3 студент өз диплом жұмыстарын ағылшынша жазып, сәтті қорғады.

Жыл сайын арнайы ағылшын топтарындағы студенттердің өсуі бақыланып отыр. Ағылшын топтарындағы студенттердің жоғары көрсеткіші олардың тілге деген қызығушылығының жыл сайын артуы, аталған студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары болады және шетелдік компанияларға жұмысқа тұруына, ТМД-да ғана емес шетелдерде жұмыс жасау мүмкіндігі артады.

2016-2017 оқу жылында 4 факультетте 9 мамандықта 24 топта көптілді білім беру бойынша 254 студент білім алады.

2016-2017 оқу жылындағы үш тілді білім беру бойынша оқитын мамандықтардың пайыздық үлесі					
№	Шифры	Мамандық аталуы	Жалпы студент саны	Үш тілді топтағы студент саны	Үш тілді топтардағы студенттердің % үлесі
1	5B011000	Физика	77	19	24,6
2	5B011100	Информатика	98	14	14,3
3	5B011200	Химия	92	48	52,2
4	5B011300	Биология	270	60	22,2
Төрт мамандық бойынша			537	141	26,25
Үш тілді топтардың барлық мамандықтары бойынша			2363	254	10,8

2012-2017 оқу жылдар аралығындағы үш тілде білім беру диаграммасы



Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару институттың басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шараларда жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тіліңді жетік меңгер, қастерлей біл. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты бол, тіл үйрен. Бұл сенің болашағыңның ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

Үштілді білім беруде басшылыққа алынатын бес бірдей мемлекеттік құжат тіркелген, 2006 жылғы Елбасымыздың Қазақстан халқының Ассамблеясының XII сессиясында үштілділікті елімізге енгізу туралы идеясын жариялауы;

2007 жылы 28 ақпанда «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы;

2015 жылы қарашада еліміздегі үш бірдей министрліктің бірлескен «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасының» бекітілуі.

Атап айтсақ, 1.3 пункті бойынша оқыту тіліне қарамастан жоғары сыныптарда «Информатика», «Физика», «Биология», «Химия» пәндерін ағылшын тілінде оқытуды 2020-2021 жылдарға жобаласа, 3.2 пункті бойынша 2017-2020 жылдарға пәндерді, яғни информатика, физика, химия, биология және тілді біріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарды жасауды көздейді;

2016 жылы 1 наурызда ҚР Президентінің №205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді;

Үштілді білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнын талдау.

Міне, осы аталған 5 құжаттың өзінен-ақ біздің 2017 жылға арналған «Информатика», «Физика», «Химия» және «Биология» пәндері педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін ағылшын тілінде арттыруға арналған бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарының жоспарына 36 тыңдаушыны оқыту қажеттіліктері мен ерекшеліктерінің түп-төркінін анық бағамдауға болады. Тыңдаушылардың да пікірі өте орынды: Емтиханның күрделілігіне байланысты «өте алмай қалам-ау» деген қорқыныш оларды күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айыруда. Ең басты қиындық – тыңдаушылар деңгейінің А2-ге сәйкес еместігі, FCE емтиханының талабының өте күрделілігі, атап айтсақ, азғантай уақыт оқып,

шектеулі сағатта 160 балл жинайтын өте жоғары деңгейлі емтиханды тапсыруы, негізінде мұндай емтиханды тапсыру үшін кемінде екі жыл дайындықтың қажеттілігі; Қарапайым тұрмыстық тілді меңгеріп, диалогке түсіп, қарым-қатынас орнатқанмен, химиялық, биологиялық құбылыстарды ғылыми тілмен түсіндірудің аса қиындық тудыратыны.

Төрт айлық ұзақ мерзімді курс биыл «Өрлеу» жүйесінде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Басты артықшылықтары да жоқ емес: тыңдаушылар «Өрлеудің» 1 сертификатын, Кембридждің 2 сертификатын, яғни 3 сертификатқа бірден ие болады және ол сертификаттары өмір бойына жарамды; Курс тілдік курс қана емес, тілдік-пәндік курс болады.

Бүгінгі күні Ұлыбританиядан келген тренерлер Robin Joseph Warner мен Graham Watson 3-модульдегі жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді кіріктіріп оқыту әдістемесі (TKT CLIL) бойынша курсты жалғастыруда. Курстың теориялық білімін практикамен ұштастырып, тіл үйренуге аса қызығушылық танытып жатқан тыңдаушыларымызға сынақтан сүрінбей өтулеріне сәттілік тілейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Талдамалы анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 51 б.
2. https://youtu.be/d4e5do6_CCI

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН
КІРІКТІРІП ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН
БАҒАЛАУ**

Ажибекова П.С.

оқытушы, магистр, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,

Педагогикалық жүйе әр тарихи дәуірде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Экономикасы дамыған елдердің білім беру жүйесінде реформа орташа есеппен алғанда әр он жыл сайын жүргізілетінін әлемдік тәжірибеден көруге болады. Бұл ретте қоғам дамуының барлық кезеңдерінде жаңа стратегиялар және педагогикалық жаңа технологияларды талап ететін білім алушылардың сапалы дайындығына назар аудару қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар жүзеге асырылуда.

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады [1].

Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту бойынша оқу- әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады [2].

Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану шет тілін оқуға бөлінген уақыт мөлшерінің аздығынан және оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отыр.

Оқытуды, соның ішінде мектеп оқытуындағы нәтижелерді бағалау кез-келген білім беру жүйесіндегі қажетті және мәнді элемент болып табылады.

Дәстүр бойынша білім алушылардың жетістіктері айтарлықтай дәрежесінде оларға мұғалім нені және қалай оқытып отырғанына байланысты. Осы тұрғысында мұғалімнің таңдауы түскен оқыту әдістері стандарттармен, бағдарламалармен және мектеп оқулықтарымен белгіленген білімділік мақсаттарына, білім алушылардың білім деңгейіне тәуелді. Онымен бірге оқыту нәтижелерінің сапасы айтарлықтай дәрежесінде кері байланыс әсеріне, мектеп оқуындағы нәтижелерді ұсынылған бағалауына тәуелді болып, одан өзге, білім беру жүйесіне инновацияларды енгізу бойынша шешімдерге әсерін тигізеді.

Бағаның әсері, басым жағдайда, оқыту, оқу үдерісінде және қоғам қажеттіліктерінде білінеді. Осылайша, бағалау мұғалім үшін маңызды әрі қажетті болып табылады, өйткені білім алушылардың оқуында жеткен жетістіктері оқыту әдістемесін жақсартуға ықпал етеді. Алынған нәтижелер үнемі білім беру мақсаттарымен салыстырылып отыруы тиіс. Оқыту бойынша кез-келген бағдарламаны жоспарлауды оқу мақсаттарын нақты анықтаудан бастау қажет, ал нақты бағдарламаның тиімділігі білім алушылардың белгіленген мақсаттарды іске асыру дәрежесіне байланысты.

Тиімді және объективті баға білім алушылардың ой өрісіне де оң өзгерістерін тигізеді. Олар орындауға жататын тапсырманы терең ойластырып алады; өз әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінеді; қанағаттанып, қандай да жұмысты орындауда өз күшіне сеніп, өзгелердің идеяларына түсуінушілікпен қарап, құрметтей алады. Оған қоса, өзін-өзі бағалауы арқасында білім алушылар өз әлеуетін жақсырақ білетін болады. Бұл білім алушылардың өзіне деген сенімін арттырып, оларды жетістіктерін жақсартуға түрткілейді. Мұғалім білім алушыларға өзін-өзі бағалауға қабілеттіліктерін дамытуға, жеткен жетістіктерін оқыту мақсаттарымен салыстыруға, жеке бағдарламасын әзірлеуге және оқудағы өзіндік ырғағын анықтауға көмектесуі тиіс. Бағалау жүйесі – мектептің білімділік кеңістігіндегі басты кіріктіру факторы, оқытудағы мәселелерді диганостикалаудың және кері байланысты орнатудың негізгі құралы [3].

Бағалау және өздігінен бағалау жүйесі – бұл білімділік үдерісін өз бетінше реттеудің табиғи механизмы, бұл жағдай оның өзгеше маңыздылығын анықтай түседі.

Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар – қайсыбір оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін, қайсыбір тәжірибелік дағдының қалыптасуын анықтау мүмкіндігін, яғни білім алушылардың жеткен деңгейін әлдебір оқу курсының негізіне салынған талаптардың белгілі минимумымен салыстырып тексеру.

Бағалау мақсаты – ең алдымен, білім алушылардың дамуын және оның танымдық мотивациясын қолдау. Танымдық қызмет нәтижелерін бағалауда негізгі мектепке арналған оқытудың мемлекеттік бағдарламасының жалпы бөлімінде белгіленген ережелерді басшылыққа алады. Білімдер мен біліктердің танымдық қызметтің мақсатты нәтижелеріне сәйкестігі бағаланады: білім мен ұғыну (тану, аталым, мысал келтіру, сипаттама беру, тұжырымдау мен баяндау), практикалық қолданыс пен талдама біліктері (тәжірибелерді өткізу, қасиеттерін анықтау, өлшеу, ажырату, топтастыру, байланыстыру, нәтижелерін шығару, таңдау, шешім қабылдау, құрастыру, ресімдеу және ұсыну).

Оқу нәтижелерін тексеру нұсқалары әртүрлі болып, оқытудың мақсатты нәтижелеріне сай келуі тиіс. Білім алушылар ненің және қашан бағаланатынын, бағалаудың қандай нұсқалары қолданылатынын және бағалау критерийлерінің қандай болатынын білуі керек.

Ағылшын тіліне және жаратылыстану пәндеріне кіріктірілген оқыту барысында білім алушылардың білімін бағалау жүйесін қарастырып көрелік. Келесідей бағалау жүйесін ұсынамыз (1-кесте).

№	Әрекеттің түрі
1	Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің терминдерін ағылшын тілінде білу
2	Физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика сабақтарында ағылшын тіліндегі терминдерді қолдану
3	Физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика пәндері бойынша сөз тіркестері мен тұтас сөйлемдерді құрастыру
4	Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндері бойынша зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты тұжырымдарды ағылшын тілінде құрастыру
5	Физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика пәндері бойынша ағылшын тіліндегі қатынастың түрлі жағдаяттарына қатысу және сөйлеу (диалог) нормаларын ұстану
6	Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді игеру барысында тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын ағылшын тілінде айтып жеткізу
7	Физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика пәндері бойынша аудиовизуалдық материалдың негізінде сөйлем құрау
8	Физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика пәндерінің тақырыптары бойынша ағылшын тіліндегі оқу мәтінінің мазмұнын түсіну, осы мәтінді оқыту тіліне аудару білу
9	Игеріліп отырған курстың ағылшын тілінде тыңдалған/оқылған материалының мазмұнын оқыту тілінде баяндау

Осымен, ағылшын тілі және жаратылыстану пәндерін кіріктірілген оқыту барысында білім алушылардың білімдерін бағалау жүйесі: 1) ағылшын тіліндегі сөз қорын толықтыруға; 2) өз ойын және ақпаратты ағылшын тілінде ауызша жеткізе білу біліктерін дамытуға; 3) мұғалім мен білім алушылардың сөзін, аудио/бейнетаспаны тыңдау, ағылшын тілінде тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну біліктерін қалыптастыруға; 4) зерделеніп отырған тақырып бойынша ағылшын тілінде оқылған мәтінді түсінуге; 5) қажет жағдайда ақпаратты жазбаша нұсқасында жеткізуге бағытталуы тиіс.

Білімнің кіріктірілуі білім беру мазмұнының икемді болуының және түрленуінің бір жолы болып табылады. Кіріктірілген оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың жас ерекшеліктерін еске ала отырып, оларды тұлға ретінде дамытуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға тірек болатын түрлі білімнің тоғысуы арқылы әлемнің сан түрлі болмысын таныту мүмкіндігі пайда болады.

Осымен, жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер (информатика, физика, химия, биология) мен тілді кіріктіре оқыту оқу үдерісінің сапасын жоғарылатып қана қоймайды, сонымен қатар, мектептегі білім берудің маңызды міндеті – білім алушылардың пәнаралық байланыс негізіндегі ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген.
2. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығымен бекітілген.
3. Романова Ю.В. Система оценивания. Теоретические положения. http://www.ucheba.com/met_rus/k_pedagogika/otsenka.htm

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ахатова Ж.Е.

*аға оқытушы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты*

CLIL (Content and Language Integrated Learning) - кіріктірілген бағдарлама арқылы екінші тілді меңгеру. Қазіргі уақытта көптілділікті қалыптастыру мен оны іске асырудың негізгі құралы болып табылады ұл терминді ең алғаш рет Дэвид Маршем енгізген болатын. Бұл екі жақты мақсатты көздейді: біріншісі – оқу пәнін меңгеру; екіншісі – шетел тілін (екінші тіл ретінде) меңгеру.

Бүгінгі күні кіріктірілген оқу бағдарламасын Қазақстанда бірқатар мектептер қолданып отыр. Нақтырақ айтсақ, кейбір мектептерде Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері пәндері қазақ тілінде, ал математика, биология, информатика, химия, физика пәндері ағылшын тілінде оқытылып жүр. Әрине, әдістің тиімділігін бірден айту қиынға соғады, себебі бұл бір емес, бірнеше жылдың жемісі. Ең алдымен, бұл әдіс оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып, өз мәдениетін бағалап, басқа мәдениеттерді құрметтеуге үйретеді. Оқушылардан бірден екінші тілде сөйлеп кетеді дегенді күтпеңіздер. Уақыт өте келе, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай бағыттауды қолданыңыз. Оқушылар «мен бұл тілді меңгере алмаймын» - деген ойда болмау керек. Скаффолдинг тапсырмалары арқасында оқушылар тілді базалық қарым-қатынас дағдысынан (BICS) академиялық тіл білу дағдысына (CALP) біртіндеп көшеді. Бастапқы кезде оқушылар ауызекі сөйлеу тілінде грамматикалық қателер жіберіп жататын болады, бірақ бұл қателердің барлығын түзетіп, оқушылардың ойын бөлмеңіз. Олар сұрақты бірінші тілде қойса, сіздер екінші тілде жауап беруге тырысыңыз. Ең басты қағидат, ол оқушылардың меңгерген дағдысын өмірде қолдана білу. Сабақтың жоспарын құрған кезде, оқушыларға қоршаған ортада болып жатқан жағдаяттарды ұсынған жөн болар.

Сонымен қатар, оқушылармен топта, жұпта жұмыс жасағанды дағдыланыңыз, себебі олар бір-бірін үйрету, жетелеу арқылы тілді тез меңгере алады. Оқушылар көбінесе екінші тілде жауап беруге қиналатын кезде, мұғалімдер сөздердің аудармасын өздері айтып жатады. Бұл дұрыс емес, оқушылар берілген сөзді білмей жатса, оған сыныптастары көмектесе алады немесе мәтінді түсінбеген жағдайда мұғалімнен гөрі жанындағы досының түсіндіруі екі оқушыға да пайдасын әкеледі. Себебі оқушылар әр сөзді ой иелігінен өткізген жағдайда ғана келесі жолы оның аудармасын ұмытпай айтатын болады. Екінші тілде күнделікті қарым-қатынас үлкен жетістіктер әкеледі. Сабақта мұғалім оқушылармен қарапайым тілде

сөйлеп, ойлануға көп уақыт берген жөн болар. Аудармасын бірден айта салмай, оны ым-ишара түрінде немесе суретін көрсету арқылы көрсеткен кезде, оқушылар оны тез есте сақтайтын болады. Оқушыларға ой еркіндігін беріп, көбірек сөйлетуді үйрету керек [1;3].

Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану шет тілін оқуғабөлінген уақыт мөлшерінің аздығынан және оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отыр.

Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге аударылуы мүмкін.

Кіріктіріп оқыту әдісі жалпы барлық дидактика тәрізді, қазіргі кезде қиын кезеңнен өтуде. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері әзірленуде.

Ал білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы.

CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы [2;16].

Сонымен бірге оқушылардың тілдік қарыс-қатынастағы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағжай жасайды.

Студент компьютер арқылы өзінің психофизиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес, дербес бағдарлама арқылы жұмыс жасауына мүмкіндік алады. Ағылшын тілін оқытуда қолданбалы бағдарламаларды: *Microsoft Word* мәтіндік редактор, *Paint* графикалық редактор, *Microsoft Power Point* презентация дайындау құралы, мәліметтер қорын басқару жүйесі, сондай-ақ арнайы дайындалған ағылшын тілін үйренуге арналған мультимедиялық оқыту бағдарламасы, тестер, электронды оқулықтарды пайдалану қажет.

Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдаланып, мыныдай жұмыстар жасауға болады:

- кесте, кроссворд құру үшін *Paint* графикалық редактор және *Microsoft Word* мәтіндік редактор арқылы лексикалық, грамматикалық тақырыптарды өңдеу;
- жеке және ресми хат жазу, оны дұрыс безендіруді үйрену (*Microsoft Word*);
- бүкіләлемдік Интернет желісін пайдалану арқылы тіл үйренушілермен еркін қарым-қатынасты ұйымдастыру, яғни электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу, өз ойын еркін жеткізу, болашақ мамандықтарына қатысты сайттарға еніп, білім қорын жетілдіру, сөздіктер мен энциклопедияларды пайдалана алу [3;3].

Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалану студенттердің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдысының қалыптасуына әкеледі. Ағылшын тілінен электронды оқыту бағдарламасын қолдану арқылы студенттер жұппен, топпен жұмыстар жасайды. Бұндай жұмыс түрлері білім алушылар бір-бірімен ағылшын тілінде диалог құруда, грамматикалық білімдерін бекітуде қолданылады [4;3].

Жаңаша көзқарастардың дамуы шетел тілін оқыту, дамытуға ықпалын тигізуде. Білім алушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына, өмірде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс – тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден – бір шарты [5;25].

Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек. Ұстаздың педагогтік шеберлігі оның керекті мазмұнды, бағдарламадағы материалды іріктей алуымен және оны оқытудың озық әдістерін пайдалана отырып қолданумен белгіленеді.

Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді [6;7;18].

Сабақтың қызықты әрі нәтижелі болуы алдын ала таңдап алынған әдіс-тәсілдерге байланысты. Қазіргі кезде әдіс-тәсілдердің барлығы дерлік баланы өз бетімен жұмыстануға, білім алуға жетелейді. Сонымен компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шет тілдері сабағында қолданылатын оқытудың негізгі жалпыдидактикалық әдістерін: *көрсету, түсіндіру, жаттықтыру, түзету және бағалауды* жүзеге асыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2004. — 16 қазан.
2. Методические рекомендации по применению мультимедийных технологий при подготовке и проведении учебных занятий / Сост.: С.Т.Каргин, Л.П.Любонская, Л.Р.Шевлякова. — Караганда,
3. *Лекерова Г., Маджуга А.* Инновационные педагогические технологии в образовательном процессе // Высшая школа Казахстана. — 2001. — №6. — С. 29–32.
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. — 2004. — № 2.
5. *Досжанов Б.А.* Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: Пед. ғыл. канд. ... дис. — Қызылорда,
6. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие / Под. ред. Е.С.Полат. — М., 2002. — С. 271–275.
7. *Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н.* Современные учебные Интернет-ресурсы в обучении иностранному языку // Иностранные языки в школе. — 2008. — №5.

ЖАҢА БІЛІМГЕ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

Аға оқытушы Ахатова Ж.Е.

*«Информатика» мамандығының 2курс студенті Салахиддинова Д.У
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Информатика болашаққа бастайды,
Келешекке білім қуған жастарды.
Қадам басып 21-ғасырға
Барлық әлем жаңалығын тастайды.

Қазіргі таңда білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – жана технологиялар арқылы білім мазмұнын жаңарту. Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құралы компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру

ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде бірден бір талап десек те болады ол - ақпараттық мәдениет.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз - адамға ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына қатысуға және ол кеңістікте еркін бағдарлай алуға, ақпараттық өзара іс-әрекетке түсуге мүмкіндік беретін білім деңгейі. Э.Л. Семенюктің пікірі бойынша «ақпараттық мәдениет - адамның, қоғамның немесе оның бір бөлігінің ақпараттармен жұмыс істеудің барлық түрлері - ақпараттарды алу, өңдеу, жинақтау және осының негізінде сапалы жаңа ақпаратты құру және практикалық қолдану бойынша жетілу деңгейі» [2].

Біріншіден, дәстүрлі емес сабақтарды өту арқылы оқушылардың ой толғауын, білімін, қабілетін кеңейтуге болады. Білімді даяр күйінде бермей, оқушылардың алдына белгілі бір мәселені міндет етіп қойып, оны олар инновация элементтерін пайдалана отырып ізденіп шешуі тиіс жолдарды пайдалану. Бұл арқылы олар проблемалық жағдай туған кезде оны дұрыс шеше білу тәсілдерін үйренеді. Мұның нәтижесінде өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл азаматтар тәрбиелейміз.

Екіншіден, оқушыларға қазіргі заман талабына сай жоғары дәрежеде сапалы білім мен тәрбие беруде компьютерлік технологияны пайдаланып оқыту – бүгінгі күн талабы. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейін білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға жетуі керек. Содан кейін барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Үшіншіден, қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді, әсіресе білгенін өмірде пайдалана білетін жастарды тәрбиелеу мақсатында оқытудың жаңа әдістерінің ішіндегі ең маңыздысының бірі – желілік ресурстарды пайдалану технологиясын енгізу. [4]

Жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе- білім беру, ғылымды дамыту. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі - білім беру ұйымдарын электрондық оқыту жүйесіне енгізу. /e-learning/. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты ҚР біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса білім беру саласында информатика пәнін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалануға, әлемдегі ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.[5]

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндер ағылшын тілінде оқытылатыны хабарланды. Сол себепті қазірден бастап ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің мұғалімдері тілдік курстарда оқып жатқаны да мәлімделді. Алдағы жылдары бірнеше пәннің ағылшын тілінде оқытылатын негізге ала отырып Qamshy.kz ақпарат агенттігінің журналисі Ғылым және білім министрлігіне ресми хат жолдаған болатын. Алдымен қай пәндер жоғарғы сыныптарда ағылшын тілінде жүргізілетінін нақтылап алсақ. Білім беру ұйымдарының жоғары сыныптарында (10-11 сынып) жаратылыстану бағытындағы химия, физика, биология, информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылатын болады. Ал аталған пәндерді оқытатын мұғалімдерге келер болсақ, ағылшын тілінде мұғалімдерді оқыту үшін тіл курстары ұйымдастырылып жатқаны мәлімделді. Курстар тілді нөлдік деңгейде меңгерген, сондай-ақ деңгейлері бар орта жалпы білім беретін мектептердің информатика, физика, химия және биология пәндерінің мұғалімдеріне арналған [3].

2017-2018 оқу жылынан бастап біздің институтта білім беру қызметін үш тілде жүргізілу басталды, бұл МЖМББС-да бекітілген. Бұдан басқа, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бакалавриаттың барлық мамандықтарында ағылшын тіліндегі негізгі оқулықты қолдану арқылы ағылшын тілінде оқытылу жүргізіліп келеді.

2019 жылдан бастап еліміздің барлық мектептерінде, қандай да бір оқыту тіліне қарамастан, «Қазақстан тарихы» пәні – қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы» – орыс тілінде және информатика, химия, биология және физика пәндері сияқты бірқатар пәндер ағылшын тілінде оқытылатындығын айтты [1].

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілді білуге тиісті емессіз, міндеттісіз дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205.

2. Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы. Утвержден совместным приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года №622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года №1066.
3. Мартынова М.В. Интегрированное обучение. педагогические технологии. типы и формы интегрированных уроков. Методические рекомендации. <http://ido.tsu.ru/ss/?unit=199>
4. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. Алматы, 2015.
5. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫХ СВЯЗЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА И ИНФОРМАТИКИ

Байзакова С.С.

*Старший преподаватель, магистр, Аркалыкский государственный
педагогический институт имени Ы.Алтынсарина*

В современных условиях, когда информационные технологии все шире и прочнее входят в нашу жизнь, в практике работы учителей все чаще используется информационно – компьютерные технологии. Аспекты применения ИКТ – это, прежде всего, демонстрационная и вспомогательная.

Рассмотрим междисциплинарные связи информатики и других предметов, в частности на примере связи информатики и английского языка.

Своеобразие и актуальность предлагаемой темы заключается в том, что планирование урока информатики средствами междисциплинарных связей помогает развивать у учащихся интерес к английскому языку, мотивируя на творческую и познавательную деятельность, тем самым повышая качество знаний как по предмету информатика, так и по иностранному языку.

Также одной из основных задач обучения информатики является развитие у учащихся абстрактного мышления. Этой цели в значительной мере способствует изучение программирования в старших классах.

Старшеклассники в качестве контрольных работ могут разрабатывать свои собственные программы и проекты. В процессе изучения информатики, ученики закрепляют знания английского языка. В процессе интегрированного урока у учеников прочно закрепляются знания английского языка, так как учащиеся используют их в процессе изучения информатики и используют на практике.

Основной задачей перед преподавателями состоит в том, чтобы научить учащихся использовать информационно-коммуникативные технологии в будущей профессии и в повседневной жизни.

Предмет информатика находится на стыке наук математики, физики, экономики, русского языка, английского языка.

Внедрение информационно-коммуникативные технологии в обучение оказывает значительное влияние не только на организацию учебного процесса, но и на содержание учебного материала.

Взаимосвязь между выше сказанными науками проявляется в том, что большинство терминов и обозначения из информатики приводятся только на английском языке (вследствие этого главная задача учителя иностранных языков – объяснить ученикам специфичность перевода технических терминов, обозначений и их описания). Нельзя представить современную жизнь без интернета языком, которого является английский.

Междисциплинарные связи функционируют в обучении, как фактор комплексного воздействия на личность, на ее познавательные и нравственные стороны, как фактор ее всестороннего развития. Изучение каждой учебной темы включает те или иные виды связей с другими школьными дисциплинами. Использование информационных технологий на общеобразовательных предметах – актуальная задача.

Связь английского языка, физики и математики достаточно нестандартна. Особенно это значительно для физико-математических профильных классов. Дети, обучающиеся в таких классах, к сожалению, имеют только один час английского языка в неделю. Поэтому необходимо найти способ, заинтересовать детей английским языком. Преподавателю в таких случаях важно обладать хорошими знаниями в математике, физике и информатике, для того чтобы обучать такие классы. Учитывая, что уроки английского языка проходят по основной программе желательно включить уроки-лекции, тематические беседы, ролевые игры и др. (полностью на английском языке).

На подобных уроках дети получают не только новую лексику и грамматику, но и получают определенные знания из других наук. Причем данные уроки могут сопровождаться показом тематических кинофильмов, диафильмов, слайдов, работой учащихся с компьютером и др. Таким образом, учитель совмещает обычные уроки с инновационными (интегрированными). Это делает преподавание более интересной, продуктивной, не только для учителя, но и для учащихся.

Сегодня внушительные изменения в образовании затронули и обучение иностранному языку. Важной стороной преобразований стало внедрение информационных технологий, Интернет-ресурсов, обучающих компьютерных программ, интерактивных досок в учебный процесс общеобразовательных учреждений.

По мнению большинства исследователей, система образования зависима от общественной и политической структуры государства. Вследствие этого, политика государства в настоящее время занимается внедрением информационных технологий в образовательные учреждения, на разработку учебных материалов привлекают специалистов в предметных областях, склоняют компьютерные фирмы к созданию учебных ресурсов для учащихся. Для каждого преподавателя важно помнить, что информационные технологии в обучении не заменяют педагога, а усиливают, расширяют возможности и мотивируют учащихся в процессе обучения. То, что преподаватель желает получить в результате использования машины, в неё необходимо запрограммировать.

Следовательно, компьютер берёт на себя большую часть рутинной работы педагога, высвобождая ему время для творческой деятельности, которая на сегодняшний день не может быть отдана технике.

Технических средств обучения и контроля для использования на занятиях по иностранному языку определяется по следующим критериям:

во-первых, они должны способствовать повышению производительности труда и эффективности учебного процесса;

во-вторых, обеспечивать немедленное и постоянное подкрепление правильности учебных действий каждого учащегося; в-третьих, повышать сознательность и интерес к изучению языка;

в-четвертых, обеспечивать оперативную обратную связь и пооперационный контроль действий всех обучаемых, в-пятых, обладать возможностью быстрого ввода ответов без длительного их кодирования и шифрования.

Таким образом, компьютер лучше всех остальных средств обучения подходит для учебного процесса, наиболее достаточно удовлетворяет дидактическим требованиям и приближает обучение английскому языку к реальным условиям. Компьютеры могут воспринимать новую информацию, определённым образом обрабатывать её и принимать решения, могут запоминать необходимые данные, воспроизводить движущиеся изображения, контролировать работу таких технических средств обучения, как синтезаторы речи, видеомagnetofоны, magnetofоны. Информационные технологий значительно увеличивают возможности педагогов по индивидуализации обучения и активизация когнитивной деятельности учеников в обучении английскому языку, максимально удовлетворяет индивидуальные особенности учащихся в процессе обучения. Каждый ученик получает возможность работать в своём ритме, т.е. выбирая для себя оптимальные объём и скорость усвоения материала.

При помощи информационных технологий усваивается гораздо больше информации, чем это делалось за одно и то же время в условиях традиционного обучения. Кроме того, материал при использовании компьютера усваивается прочнее.

Одним из достоинств компьютера является способность накапливать статистическую информацию в учебном процессе. Анализируя статистические данные (количество ошибок, правильных/неправильных ответов, обращений за помощью, времени, затраченного на выполнение отдельных заданий и т.п.), преподаватель знает о степени и качестве сформированности знаний у учеников.

Список использованной литературы

1. English for engineers. Полякова Е.В., 1998 г.
2. Радовель В.А. Английский язык. Основы компьютерной грамотности. - Ростов –на –Дону, «Феникс», 2006.
3. Программа базового курса информатики для общеобразовательной школы РК, 2010.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

аға оқытушы, магистр Жамалова С.А.

«Информатика» мамандығының 4-курс студенті Исатай Қ.О.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі жаратылыстану пәні оқушыларға әлемнің ғылыми – жаратылыстық бейнесін түсіндіріп, табиғатты танып білудегі ғылыми көзқарастарды қалыптастыруға және алған білімдерін өздерінің болашақ мамандықтарына пайдалана білуге көмектеседі.

Табиғаттағы негізгі заңдарды, құбылыстарды және процестерді зерттеу адамзат пен қоғамды танып-білуімен ұштасып келеді. Жаратылыстану, математика мен техникалық ғылымдарының жетістіктерін бір-бірімен байланыстырып қараған кезде дүниенің біртұтас ғылыми бейнесі қалыптасады. Болашақ ұрпақ табиғаттың фундаменталь заңдарын, сан қырлы құбылыстар мен процестерін және Әлемнің құрылысын, даму заңдылықтарын зерделеп, дүние мен өмірдің мәнін дұрыс түсінулері қажет. Физика, химия, биология және де басқа ғылымдардың жетістіктерін түсініп, қазіргі кездегі ғылымдардағы бағыттар мен салалары туралы хабардар болуы керек. Мега –макро- және –микродүниелер күрделілігін түсініп, олардағы құпия құбылыстарды ашуға бағытталған зерделеуге қажет материалдық жаңа технологияның негізінде жасалынған құрал-жабдықтардың қаншалықты қаржыны, еңбекті, жігерді және білімді қажет еткендігін бағалай біледі.

Жаратылыстану пәні ғылымның дүниені тану процесінің формасы екендігі және оның салалары, әдістері, таным ерекшеліктері қарастырылады.

XXI ғасырда ғылым табиғат пен адам қоғамдастығының сәйкестігіне, процестерді саналы түрде зерттеуге бағытталады.

Күннен күнге қоғамда жаратылыстану ғылымының рөлі өсуде. Жаратылыстану ғылымының жоғары дәрежеде дамуы – білімнің түрлі салаларының нәтижелі көтерілуінің қажетті шарты. Ғылыми ақпараттар ағынының жедел қарқынмен өсуі, жалпы білім беретін мектеп оқушыларын өз бетінше жаңа білімдер игеруге қабілетті етіп тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді.

Қазіргі кезде білімнің кіріктіру тәсілдерін қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті негізгі мәселелердің біріне айналып отыр.

Осы арада мектептің оқу-тәрбие процесін кіріктіру тәсілі негізінде ұйымдастыруы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысу, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігі, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыпты қалыптасуына мүмкіндік береді.

Кіріктіру тәсілінің бір пайдалы жағы ол бүкіл оқыту ісін, бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мүддені шешуге жұмылдырады.

Кіріктіру тәсілін жүзеге асырудың жолдары мынандай:

- әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- түрлі пәндерді оқып үйренуде – өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру.
- оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен әдістерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру.
- жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру.
- оқушыларға (білім алу, икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою.
- оқушылардың бір пәннен білім алуға икемі мен дағдыларын пайдалана білуге әдеттендіру.
- әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтық ерекшеліктерін көрсете білу.
- әр пән сабақтарында оқылатын құбылыстардың өзара байланысын ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.

Қазіргі әлемнің ғылыми бейнесінің негізгі сипаттамасы қоғамдағы және табиғаттағы информатикалық процестер мен факторлардың фундаментальды ролін мойындау болып табылады.

Өткен ғасырларда әлемнің ғылыми бейнесі ертеректе екі негізгі ұғым төңірегінде құрылғаны белгілі: зат және энергия. Сөйтіп, ғылыми көзқарасты қалыптастыруда негізгі рольды осы ұғымдарды сипаттайтын ғылымдар атқарады. Физика, химия, математика. Мысалы: заттар мен энергияның сақталу заң тек физика мен химияның ғана заңы емес, универсал ғылыми принципке айналды «жоқтан еш нәрсе пайда болмайды».

Бұл жағдай біздің ғасырдың басында әлемнің бейнесін жаңаша тұжырымдайтын идеяның тууына байланысты өзгере бастады. Мұндағы негізгі мәселе ұйымдастырушылық немесе қазіргі айтылып жүргендей информациялық факторларға байланысты. Дәлірек айтсақ, алдыңғы кезекке жеке пәндер немесе құбылыстар ғана емес, солардың өзара байланысы мен өзара әсерлесу мәселесі қойылды. Бұл мәселемен айналасатын ғылым информатика деп аталады.

Информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктері болып табылады. Себебі, оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барысында жан-жақты қолдана алады. Оның тағы бір ерекшелігі пән мазмұнындағы тақырыптардың арасындағы пәнішілік байланыстың күтілігінен көрінеді. Себебі, информатиканың бастапқы ұғымдары математикадан алынған. Математикада дәлелдеулер алгоритмдік құрылымға негізделген, ал информатикада осы алгоритмдерді құрайтын бөліктерді ерекшелей білу мақсаты қойылады. Информатиканың физика, химия пәндеріне ұқсастығы оның тәжірибеге, экспериментке негізделгенінен көрінеді. Компьютерде программаны жүктеу мен жүргізу эксперимент ретінде әсіресе, программадағы қатені іздеуде айқын байқалады.

Жаңа информациялық технологияны пайдалану – ғылымның жеке саласындағы білім мазмұнын кіріктіру тәсілімен оқыту. Осыған байланысты информатиканы математика пәнімен кіріктіріп оқыту оқушылардың шығармашылықпен айналысуына көптеген септігін тигізері сөзсіз.

Информатиканы оқытудың мемлекеттік білім беру стандартына жазылған жалпы ережеде: информатиканы оқытудың практикалық мақсаты, оқушыларды басқа пәндерді оқыту процесінде практикалық есептерді шешуге бағытталсын, — деп жазылған.

Осы ретте информатика пәнінен 9-класта өткізілген «Қайталау операторларына есептер шығару» тақырыбына тоқталсам. Паскаль тілінің қайталау (White, Repeat, For) операторларын пайдалана отырып, есептер шығартуда оқушыларға берілген есептің шартына қарай талдау жасауды, цикл командасын және циклді ұйымдастыру принциптері туралы ұғымын қалыптастырған дұрыс. Оқушылардың алгоритмдік ой – өрістерін

кеңейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың шеберліктерін және дағдыларын дамытуды басты назарда ұстаған абзал.

Ондағы мақсатым:

- Программалауды жетік меңгерту, пәнге деген қызығушылығы арттыру;
- Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың шығармашылық белсенділігін көтеру;
- Оқытудың сапасын арттыру;
- Дифференциялдап оқытуға көшу.

1 есепті шығару шарты: есепті талдау және программасын компьютерде орындау.

№1 есеп: 1,2,3,..., 15 сандары квадраттарының қосындысын есептеу алгоритмін және программасын құру. Соңғы шарттаы циклді пайдаланып, жауабын алу керек.

```
Program kosyndy;
```

```
Var x,y,s:integer;
```

```
Begin
```

```
X:=1; s:=0;
```

```
While x<=15 do
```

```
Begin
```

```
Y:=sqr(x);
```

```
S:=s+y;
```

```
X:=x+2;
```

```
End;
```

```
Writeln ("s=",s);
```

```
End.
```

Егер бұдан соң, RUN директивасын орындасак, дисплей экранында сұрақ белгісі шығады. Одан кейін берілген айнымалыға жаңа мән беруге болады. Бұл процесті шексіз жалғастыра беруге болады.

Информатика сабақтарында физика есептерін шығару үшін физикалық теориямен заңдарды, құбылыстар мен процестерді қолдану шекарасын анықтап, оларды аналогты амал арқылы жүзеге асыруға болады. Есептерді іріктеген кезде мынадай талапты ескерген жөн:

Есепте компьютердің көмегімен шығарылады, шешілуі қиын;

Компьютерді қолданғанда есеп тез шығарылады және есепке сәйкес программаны құру көп уақытты алмайды;

Есептер оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамитындай, оқушы үшін сабақ мағыналы болуы керек;

Есептердің программасын құруда ең алдымен физикалық есептің қай құбылысқа негізделгенін, қандай формуламен шығарылатынына назар аудару керек. Компьютердің көмегімен физика есептерін шешудің мәселелері мектеп оқушыларының түсініктерінің жаңа деңгейде көтерілуін, мағлұматтарды меңгеруге ықпал етіп, әдістер мен идеяларды қалыптастыруға бағыттайды.

Физика есептерін Турбо Паскаль программалау тілінде шығару әдісін келтірейік.

1-есеп. Параллель жалғанған екі кедергіден тұратын электр тізбегінің кедергісін есептеңіз, мұндағы $R_1=15\text{ Ом}$, $R_2=20\text{ Ом}$

Программаның экрандағы көрінісі:

Кедергілерді параллель жалғау кезіндегі электр тізбегінің кедергісін есептеу.

Бастапқы мәліметтерді енгізіңіз: Программасы:

Бірінші кедергінің мәні (Ом) 15

Екінші кедергінің мәні (Ом) 20

Тізбектегі кедергі: $R=8.57\text{ Ом}$

Қорыта келгенде, информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барсыныда жан-жақты қолдана алады. Информатиканың маңызды ерекшелігі – оның қоғамдық қызметтің барлық негізгі түрлеріне қолданылуы: өндірісте, басқаруда, ғылымда, білім беруде, сауда операцияларында, қоршаған ортаны қорғауда және тағы басқа орындарда қолданылуы. Информатика көптеген нақты аралық процестердің, технологиялардың барлығына ортақ мәселелерді зерттейді. Осы технологиялар информатиканың объектісі болып табылады.

Кіріктіру тәсілі соңғы кезде батыста өріс алып келе жатқан бағытталған жобалық оқыту тәсілімен қатар білім беру ісінің белгілі бір тобын құрайды. Көптеген елдер пәндерді интеграциялау, яғни біріктіріп оқыту жолымен жүргізіп келеді. Сонымен интеграция не береді дейтін болсақ, ол мынадай жұмыс түрлерін жүргізуді қамтамасыз етеді деп айта аламыз:

- Педагогтардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы;
- Жеке шығармашылық ізденісте екпінді ету мүмкіндігі;
- Оқушылар үшін әлемнің біртұтастығы, пәндердің байланыстығы жайлы ұғымды қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Информатика негіздері [№38 27 бет]
2. Информатика негіздері [№62 34-35 бет]
3. Информатика негіздері [№28 2 бет]
4. Математика және физика [№51 38бет]
5. Алгоритм [№36 22 бет]
6. Интернет сайттары

БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Илубаев М.А.

*Оқытушы, магистр, БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты*

Ақпараттық технологияның екпінді өрлеуі көпшіліктің компьютермен тілдесуіне күнделікті қажеттілігіне айналып отыр. Тіліміз мемлекеттік маңсапқа ие болған кезден бастап, мүмкіндігінше барлық салалар бойынша терминдердің қазақша баламаларын қолдану дәстүрге айналды. Осы жақсы дәстүр аясында күнделікті шығып отыратын мерзімдік басылым беттерінде, теледидар, радио хабарларында, сондай-ақ, көпшілікке арналған ғылыми еңбектер мен арнаулы сөздіктерде қазақша жаңа терминдер мен атаулар жиі ұшырасатын болып жүр. Өткен жүзжылдықтың екінші жартысындағы негізгі құбылыс, ғаламдық деңгейде компьютерлік техника және технологияның таралуы болды. Дәл сондай екпінмен, бұл пәндік салаға қызмет көрсететін арнайы тілдермен терминология дамыды. Компьютерлік терминология жалпы ұғымның бөлшегі ретінде, компьютерлік тілдің лексикасының арнайы бөлшегі, білімнің жаңа пәндік саласы кибернетика, робототехника, бионика және т.б. ғылымдар қатарына жатады. Барлық әлеуметтік топтардың, әртүрлі жас арасында жылдам қарқынмен таралуынан байланысты компьютерлік терминология басқа салалардың арнайы лексикалары іспеттес жаңа сөздермен толықты.

Алғашқы компьютерлер XX ғасырдың 50 жылдары шықты. Олардың жетілдіріліп отыруына қарай көптеген сөздік қор, дербес компьютердің заманына дейін мәртебелі адамдарың игілігінде болды. Қазіргі уақытта барлық әлемде есептеу техникасының және компьютерлік технологияның дамуына үлкен назар аударуда. Осыған байланысты бірінші шығатын жаңа сөздер компьютерлік технология саласына тиесілі. Компьютерлік техника бағдарламалаушыларының және бағдарлама жасақтаушылардың жаңа терминдері, жабық лексикондарынан жалпы қолданысқа ауыса бастады. Себебі, компьютерге қатысы бар адамдардың саны күрт өсіп отырды және осы оқиғамен қатарлас лингвистика көзқарасынан заңдылық болып табылатын өзіне тән компьютерлік сленгі пайда болды. Шет тілі мамандарының жеткіліксіз болуы, компьютерлік терминологияның аудару мәселесін тудырды. Көп адамдардың компьютерлік және инновациялық технологиялардың тікелей қатысты болуына орай, аталған мәселе бүгінгі күнде де өзекті[1].

Компьютерлік терминология арнаулы лексиканың бөлігі болып табылады. И.Л. Комлев бұл лексиканы «Компьютерлік тіл», яғни «дербес компьютердің және бағдарламалық жабдықтама өндірісімен технологиялық байланысып, пәндік салада қалыптасатын арнаулы тіл» деп атаған. Осы төңіректе қалыптасатын тілдің негізгі ұғымы, компьютер. «Ақпараттық коммуникациялық технология» (АКТ) сияқты танымал ұғым компьютерден басқа да технологияларды қарастырады. Мысалға: теледидар, ұялы байланыс т.с.с. Әдеттегідей компьютерлік тілдің терминологиялық лексикасын біз компьютерлік терминология деп атаймыз. Кейде барлық терминологияның нақты саласын көрсету үшін термин жүйесі түсінігі пайдаланылады.

Компьютерлік терминдер жүйесін сабақ барысында қолдануда мұғалім терминологиялық жұмысты кездейсоқ сипатта емес, белгілі мақсат қойып жүргізуі тиіс. Теориялық материалды меңгеруде немесе оның практикалық қолдануында оқушылар білімінде кемшіліктер кездеседі. Оны жою не алдын алуда мұғалім терминнің мағынасын тереңірек түсіндіріп, меңгерту мәселелерін білгені жөн. Ол үшін терминнің мағынасын мұғалімнің өзі жете білуі қажет, яғни:

- терминнің айтылуы мен жазылуын;
- термин мен терминделіп отырған ұғым арасындағы байланысты;
- үйренушінің жас деңгейіне орай термин өкілдік ететін ұғым анықтамасын;
- пайдаланып отырған терминнің тұрмыстық мағынасының информатикалық мағынасынан айырмашылығын;
- терминнің не оның буынының шығу тарихын;
- терминнің даму және оның белгілі мазмұнда теорияны дамытудағы рөлін;
- термин өкілдік ететін ұғымның таңбасын білу деген сөз.

Компьютерлік технологияларды қолданудың мақсаты - ақпаратты сақтау, өңдеу және жіберудің техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қамтитын оқу-ақпараттық ортаны ұйымдастыру. Мектептегі ақпараттық білім беру ортасы ақпараттандырудың әр түрлі формаларын қамтиды: ақпараттық қамтамасыз ету (оқу жоспары, сабақ кестесі, сыныптардың жүктемесі); оқу-әдістемелік кешендер (пәндер және тақырыптар бойынша терминологиялық сөздік қор ресурстарын, зертханалық және практикалық сабақтарын, бақылау сұрақтарын және т.б. жасау); ақпараттық білім беру ортасы (тест, телесеминар (on-line), телеконференция (off-line), хабарландырулар тақтасы, тапсырмалар мен жауаптар алуға қолдау көрсету және т.с.с.). Сондықтан, мұғалім электронды бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалану біліктілігі мен білімдеріне ие болуы тиіс. Информатика пәні мұғалімінің жан-жақты болуын талап ететін мектептегі информатика курсының өзектілігі артуда. Мұғалім, сабаққа қажетті материалды анықтайды және оның нәтижесін болжайды. Сондай-ақ, сабақтың мақсатына жету үшін қажетті

әдістер мен формаларды тандайды. Осы ретте оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескеріледі, қажетті бағдарламалық қамтама тандалынып және жеке білім беру траекториясы құрылады. Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру барысында терминологиялық сөздік маңызды рөл атқарады. Оқулық ретінде қолданылатын, қағаз басылымдар сияқты электрондық сөздіктердің де артықшылықтары мен ерекшеліктері бар. Оларға тоқтала кетсек: компьютер жадысы немесе дискіде ықшам түрде сақтау, гипермәтіндік мүмкіндіктері, ұтқырлығы, өзгерістер мен қосымшаларды жылдам енгізе алу мүмкіндігі, электронды пошта арқылы алмасу мүмкіндігі. Бұл - оқу пәні бойынша дидактикалық, әдістемелік және ақпараттық-анықтамалық материалдардан тұратын автоматтандырылған оқыту жүйесі, сондай-ақ оларды кешенді түрде өз бетінше үйреніп және алған білімді бақылауға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамалардан тұрады [2].

Қазіргі таңда, пәндер, тақырыптар және сабақтар бойынша терминологиялық сөздіктер құруға байланысты үлкен тәжірибелер жинақталды. Білім беру үдерісінің әлсіз жері, олардың білім беру үдерісіне енуі, себебі техникалық бағытта оқу материалдары жеткіліксіз (электронды түрдегі), ал қолда бар оқулықтар жоғары біліктілікті қажет етеді. Осылайша, электронды ақпарат көздерінің жинақталуы және оларға оңай қол жеткізу мәселесі өте өзекті болып отыр. Бұл ретте мұғалім, тек оқытылатын оқу материалдары үшін оптималды оқыту құралдарын тандап қана қоймай, сонымен бірге оларды әр түрлі электронды ресурстарды пайдалана отырып өзі құруы тиіс. Алайда, сабақ барысында тақырып бойынша толық ақпарат алу үшін сандық білім көздерін пайдалануға болады. Мысалы:

- электрондық кітапхана - әр түрлі электронды құжаттардың жиынтығын(әдебиет туындыларын, анықтамалар және тағы басқалардан тұратын электронды басылымдар) «өнімді түрде сақтау және тиімді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін үлестірілген ақпараттық жүйе;

- электронды көрнекілікті оқулықтар кітапханасы - мазмұны берілген пәндік облыстағы объектілер, үдерістер, құбылыстарды сипаттайтын мультимедиялық компоненттер жиынтығының көмегімен берілетін оқулықтар;

- электрондық энциклопедия - белгілі бір білім облысын қамтитын, әртүрлі бағыттар бойынша ақпараттың үлкен көлемінен тұратын оқулық. Мұндай басылым иллюстративті, бейне-және аудио-бөліктер, анимация және үш өлшемді модельдермен жабдықталған;

- мультимедиялық оқулықтар - бұл өз бетінше немесе мұғалімнің қатысуымен оқу, не болмаса оның үлкен бөлімін компьютер арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік кешен болып табылады [3].

Қазіргі таңда, мектеп мұғалімдері тәжірибесінде билингвалды білім беру, сонымен қатар кіріктіре оқыту әдіс - тәсілдері кең қолданысқа ие. Мұндай білім беру түрлері арқылы еліміздің үштілді білім беру саясаты іске асырылып, оқыту мазмұны жаңа ақпараттармен толығып, білім беру жаһандану үрдісіне өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Монахова Л. Ю., Монахова А. А. Терминологический аспект проблемы информатизации образования // Человек и образование. - 2008. - №3. – С. 68.
2. Никитина Г.В. Терминология педагогической информатики // Г.Р.Державина атындағы АРСИИ екінші конференция еңбектері жинағы. СПб, 2007. - 38 б.
3. Романенко В.Н. Динамика развития научно-технических терминов. Возникновение новых терминов. // Вестник СПбГУ. - 2010. - №3. – С. 82.

ФИЗИКАНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

аға оқытушы, магистр Садыкова Б.С.

«Физика» мамандығының 4 курс студенті Түзелбек И.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын[1].

Қазақстандықтардың өскелең ұрпағына үш тілді меңгеру: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде білу бәсекеге қабілетті мемлекет болуға ұмтылыс жасаудың бір жолы. Ағылшын тілі ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір оқытушының міндеті, ал ағылшын тілін білу жас ұрпақтың міндеті. Сондықтан да физика сабақтарында ғылыми терминдер мен физикалық шамаларды, формулаларды, анықтамаларды орыс тілінде, ағылшын тілінде қолданып келеміз. Сабақтың әр кезеңінде келесідей түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Сабақтың тақырыбы: Energy

Білімділік: «Энергия» ұғымын түсіндіру, түрлерін қарастыру

Дамытушылық: теориялық білімді өмірмен байланыстыра отырып, энергияның түрлерін қарастыру

Тәрбиелік: өз бетінше жеке жұмыс жасауға, жауапкершілікті сезіне білуге, өзіндік шығармашылық ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Әдіс: «Jigsaw» әдісі, «Ағаш» әдісі, Kahoot, сұрақ-жауап, vocabulary self-assessment table

Сабақтың типі: жаңа сабақ

Көрнекілігі: интерактивті тақта

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй тапсырмасын сұрау

..... has the dimensions of distance divided by time. (*Speed*)

The basic SI unit of is the kilogram (kg). (*Mass*)

In physics, a is any interaction that, when unopposed, will change the motion of an object. (*Force*)

.... is the indefinite continued progress of existence and events that occur in apparently irreversible succession from the past through the present to the future.

(*Time*)

..... is a physical quantity expressing the subjective perceptions of hot and cold. (*Temperature*)

..... in physics, is the rate of change of velocity of an object with respect to time. (*Acceleration*)

In the physical sciences and engineering, when one speaks of "units of", the word «....." is synonymous with "distance". (*length*)

..... is defined as mass divided by volume ? (*density*)

..... is the measure of vertical distance, either how "tall" something or someone is, or how "high" the position is. (*Height*)

..... is the quantity of three-dimensional space enclosed by a closed surface, for example, the space that a substance (solid, liquid, gas, or plasma) or shape occupies or contains? (*Volume*)

..... (symbol: p or P) is the force applied perpendicular to the surface of an object per unit area over which that force is distributed. (*Pressure*)

III. Жаңа сабақ

Theme: Energy

Method «Jigsaw»

Kahoot!!!

Сергіту сәтіне «The Beatles: “Hello, Goodbye”» әнін айтуға болады.
Көңілді ән.

«Remember!»: read, translate, write

IV. Бекіту

«Vocabulary self-assessment table» тапсырмасы толтырылады.


	Have seen/ heard	Can say	Can define	Can spell	Can use in a sentence
Potential energy					
Machine					
Energy					
Gravitational potential energy					
Elastic potential energy					
Mechanical energy					
Inertia					
Force					
	My definition		My picture		
Potential energy					
Gravitational potential energy					
Mechanical energy					

V. Рефлексия «Ағаш» әдісі



VI. Үйге тапсырма

"Looking at the picture" strategy kinetic and potential energy video



Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдау

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ КАК НАПРАВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБУЧЕНИЯ

Сундетбаева А.Ж.

*преподаватель кафедры информатики, магистр тех.н.,
Аркалыкский государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина*

Программа полиязычного обучения предусматривает использование новой модели образования, способствующей формированию конкурентоспособного в условиях глобализации поколения, владеющего языковой культурой. Владение казахским, русским и английским языками дает ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям. Способствует формированию коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур. Осмысление процессов, происходящих сегодня в образовании, позволяет констатировать, что происходит формирование единого мирового образовательного пространства, взаимопроникновение культур и усиление информационного обмена на основе более интенсивного, чем прежде использования потенциала каждой отдельной личности, объединения гуманитарного и естественнонаучного знания.

Появление информационно–коммуникационных технологий (ИКТ) сняло многие препятствия для учебного контакта с иноязычными культурами, расширило спектр доступной для будущего специалиста информации. Компьютер является таким средством человеческой деятельности, применение которого качественно изменяет возможности накопления и применения знаний каждым человеком. При этом новое средство обучения предполагает переориентацию всех других компонентов дидактической системы [1,25].

В настоящее время в Казахстане идет формирование "информационного" общества. Отличительной чертой этого этапа развития общества является «перенос центра тяжести в общественном разделении труда из сферы материального производства в область информационных процессов и технологий». Таким образом, можно отметить возрастающую роль изучения информатики, информационных технологий в подготовке подрастающего поколения к труду, продолжению образования. А информационная компетентность в тандеме со знанием языков - становится ведущей составляющей технической подготовки человека, в какой бы сфере деятельности ему не пришлось работать в будущем.

Обучение информатики на английском языке позволяет:

- ✓ расширять методы, позволяющие студентом "добывать" знания самостоятельно, а не просто обеспечивающие репродуктивное усвоение знаний
- ✓ формировать информационную компетентность,
- ✓ обучать использованию технологии, обеспечивающие общее развитие личности,
- ✓ адаптироваться в жизни и в информационном обществе[2,3].

Одной из наиболее благоприятных сфер решения такой задачи в учебном процессе является использование английского языка на уроках информатики. К тому же, основная терминология информатики является англоязычной по происхождению.



Для примера, встречаемые термины и операции сведем в таблице:

Русский эквивалент	Английский эквивалент
Меню	Menu
Флоппи диск	Floppy disk
Байт	Byte
Бит	Bit
Монитор	Monitor
Интернет	Internet
Си-Ди-Ром	CD-ROM
копировать	To copy
форматировать, т.д.	To format , etc.

Русский эквивалент Английский эквивалент Меню Флоппи диск Байт Бит Монитор Интернет Си-Ди-Ром копировать форматировать, т.д. Menu Floppy disk Byte Bit Monitor Internet CD-ROM To copy To format , etc. Школьный курс информатики призван обеспечить достаточно полный объем фундаментальных знаний в области информатики. Информатика стала теоретической основой формирования у учащихся информационной картины мира, а также с развитием компьютерной техники и информационно-коммуникационных технологий, ее неотъемлемой составной частью[3,23].

Работа на компьютере неизменно вызывает интерес студентов, повышает мотивацию, стимулирует изучение языка и познавательную деятельность в целом. Опыт применения информационных технологий дает основание утверждать, что компьютер включает резервы учебного процесса, стимулирует обучающегося, расширяет дидактические возможности преподавателя, облегчает его труд [4,13]. Ход интегрированных уроков можно разделить на несколько этапов. На первом этапе предлагается провести небольшую разминку, в ходе которой студенты должны назвать английские слова, используемые в информатике, дать им перевод. В результате этой разминки обучающимся лишний раз дается возможность увидеть, насколько тесно связаны между собой эти два предмета. На втором этапе преподаватель информатики повторяет с обучающимися основные правила работы с программным продуктом, которым они будут пользоваться на уроке. На третьем - выполняются упражнения по активизации лексики в речи, обсуждаются направления, по которым обучающиеся будут выполнять задание. На четвертом - студенты индивидуально работают за компьютером по выполнению задания. Затем проходит защита своей работы, ее показ и комментарии на английском языке. На шестом этапе определяется степень достижения целей и задач, поставленных на уроке, подводятся итоги, выставляются оценки.

Применение интегрированного подхода дает преподавателю возможность добиться от студентов не только понимания предмета, но и умения применять и закреплять полученные знания при изучении других, а студентам - возможность понять, что полученные знания по различным предметам тесно взаимосвязаны и могут пригодиться в повседневной жизнедеятельности [4,5].

Основной целью учебного процесса в вузах сегодня является формирование и развитие профессиональной иноязычной компетенции студентов. В наше время полное профессиональное образование мы можем получить тогда, когда овладеем тремя языками, так как студент становится зависимым от возможности получения качественной информации.

О результатах говорить еще рано, но мы надеемся, что, став участниками процесса развития поликультурной личности, мы поможем студентам вуза адаптироваться в быстро развивающемся обществе и найти свое место в жизни [6,3].

Список использованной литературы:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании»
2. Программа курса ОИВТ 2010г.
3. Computer for beginners. Usborne, 2010
4. Computer for kids. A.Alison, 2010
5. ABC computer in English. Moodle.com , 2009
6. English for engineers. ПоляковаЕ.В., 2012г.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА, ФИЗИКА, ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

аға оқытушы, магистр Шонгалова К.С.

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Оқытудың технологиясы – оқу ақпаратын өңдеудің, ұсынудың, өзгертудің және ұсынудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы; мұғалімнің оқыту барысында қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды пайдалана отырып оқушыларға ықпал ету амалдары туралы ғылым.

Оқыту технологиясында оқытудың мазмұны, әдістері мен тәсілдері өзара байланысты және өзара шарттас болады [1]. Бүгінгі таңда жалпы орта білімнің мақсаттары өзгеріп, жаңа оқу жоспарлары, жеке дара пәндер арқылы емес, кіріктірілген білім беру салалары арқылы мазмұнды көрсетудің жаңа көзқарастары әзірленіп отыр. Әрекетті тәсілге негізделген білім берудің жаңа тұжырымдамалары жасалуда. Бұл жағдайлар әдістеме аясында жаңа теориялық зерттеулер үшін негіз жасап, оқу үдерісін ұйымдастыруға жаңа көзқарастарды талап етеді. Білім беруді жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен формаларын пайдалануды, соның ішінде пайдалану нәтижесінде балалардың бойында дүниені біртұтас қабылдауы пайда болатын, көп айтылатын оқытудағы дәл әрекетті тәсілдің өзі қалыптасатын кіріктіріп оқытуды талап етеді. Кіріктіру тек пәндер бойынша білімдердің өзара байланыстары көзқарасынан ғана емес, оқыту технологиялары, әдістері мен нұсқаларын кіріктіру ретінде қарастырылады.

Педагогикалық технологиялардың түрлері көп, оларды түрлі негіздеріне қарап ажыратады. Дидактикада технологиялардың үш негізгі тобы атап көрсетіледі:

1. Оқытудың түсіндіріп-көрсету технологиясы, оның түп мәні оқушыларды ақпараттандыру, оларға білім беру және жалпы оқу сияқты, арнайы (пәндік) біліктерді де қатар шыңдау мақсатында олардың репродуктивтік қызметін ұйымдастыру.

2. Тұлғаның өздігінен дамуын орнатып оқытуды субъективтік негізге ауыстыруға бағытталған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы (Якиманская И.С.).

3. Негізінде мектеп оқушыларының тұлғалық дамуының ішкі механизмдерін қосуға бағытталған оқыту амалы жатқан дамыта оқыту технологиясы [2]. Осы топтардың әрқайсысы оқытудың бірнеше технологияларын қамтиды. Осылайша, мысалы, тұлғалық-бағдарлы технологиялардың тобы деңгейлеп (саралап) оқыту технологиясын,

ұжымдасып өзара оқытуды, білімді толық меңгеру технологиясын, модульдік оқыту технологиясын және т.б. қамтиды.

Бұл технологиялар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуіндегі амалдарды жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл оқу-әдістемелік құралда қарастырылатын мәселелердің мәнмәтінінде, көптеген педагогикалық технологиялардың ішінен тілдерді оқытуда 23 айтарлықтай табысты қолданылып жүрген CLIL технологиясына назар аударылуда.

CLIL өз мәнінде Content and Language Integrated Learning білдіреді - бұл дегеніміз шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді. CLIL негізін төрт С құрайды: – CONTENT (Мазмұн) - бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар; – COMMUNICATION (Қатынас) - бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері; – COGNITION (Таным) - бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту; – CULTURE (Мәдениет) - бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау. CLIL-дің негізгі қағидаларын анықтауда түрлі еуропалық елдерде мәдени және тілдік ортасын қамтитын, пәндік және білімділік міндеттерді шешуге бағытталған оның 4 негізгі қыры бөліп көрсетіледі. Осы 4 қырының әрбіреуі білім алушылардың жасына, әлеуметтік-лингвистикалық ортасы мен CLIL ену дәрежесіне қарай түрліше жүзеге асырылады.

CLIL технологиясы бойынша оқытудағы негізгі қағидалар болып табылатындар:

- CLIL ұғымы шегінде орналасқан қағидалар. Бұған пәнаралық байланыстар, сонымен қатар тілдік құзыреттілік, тек оқуға ғана емес, сонымен қатар жаңа білімдерді өмірде пайдалануға, сәйкесінше өмірлік мотивацияны арттыруға дайындық, табысқа беталыс жатады. Осының барлығын CLIL оқытуының артықшылықтарына жатқызуға болады;

- жоғарыда атап көрсетілген төрт компонент жүзеге асырылатын CLIL табысты сабағы;

- одан өзге, әр сабақта тілдік дағдылардың барлық түрлері қолданылуы тиіс.

CLIL технологиясы бойынша оқытудың мақсаттары:

- 1) оқытылатын пән арқылы шет ел тілін зерделеу;

- 2) пәнді шет ел тілі арқылы зерделеу.

Осылайша, оқушыларды ана тілінде және оқып үйренетін тілде оқыту бір тұтасты құрайды. Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану, биология, химия, информатика, география және тағы бірқатар басқа пәндер оқытыла алады. Осы пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін таңдап алынуы толық негізделген. Ол үшін бұл пәндер білім беру мазмұнының ұлттық емес құрамдасын құрайтыны туралы тұжырымды еске алғанның өзі жеткілікті, өйткені француз физикасынан өзгеше неміс физикасы (химиясы, математикасы және т.б.) жоқ және т.с.с. Бұл тұжырымды тілдік немесе

әлеуметтік-гуманитарлық циклдағы пәндерге 24 қатысты айтуға болмайды: олар әрдайым этникалық тұрғысында шығады, сондықтан да өзінің жиынтық мәнінде білім берудің ұлттық мазмұнын құрайды. Жалпы білім беретін мектептерде CLIL әдістемесінің негізін келесідей постулаттар құрайды:

- тілді білу пән мазмұнын оқып білу құралы болып табылады;
- сабақтар еліктіргіш түрде өткізіліп, оқушылар ғылыми тәжірибелерді орындайды және түрлі эксперименттерді іске асырады;
- тіл жалпы білім беру бағдарламасына кіріктірілген;
- тілді қызықты тақырыптарды талқылауға мүмкіндік беретіндей етіп пайдалануға үйренудің мотивациясы арта түседі;
- сабақтар тілдік ортаға енуге негізделеді;
- мәтіндерді шет ел тілінде оқу қажетті дағдылар болып табылады.

Кіріктірілген сабақтарды әзірлеу және өткізудің бірнеше кезеңдері бар:

1. Пәндерді (біздің жағдайда олардың төртеуі тілдік емес және біреуі тілдік пән) оқу кезінде жалпы ұғымдарды түсіндіруде пәндер бойынша оқу бағдарламаларын қиыстыру. Оқу бағдарламаларын талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну барысында мұғалімдермен оны зерделеу, пысықтау, жинақтау және бақылау кезінде оқушылар білімін кіріктіруді талап ететін материалдар іріктеп алынады.

Бұл үдерісте терминологиялардағы, түрлі оқу пәндеріндегі сол бір шамаларға арналған бірліктердегі келіспеушіліктер жойылады. Тақырыпты өту мерзімдері, қалыптасатын ұғымдар, пәнаралық байланыстардың түрі және т.б. көрсетілген кестені құру осы жұмыстың нәтижесі болуы мүмкін.

2. Көрсетілген пәндер бойынша өзара байланысқан тақырыптардың кіріктірілген мазмұнын қарастыру, пәнаралық байланысы бар сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таңдау.

3. Кіріктірілген сабақтың түрін таңдау. Сабақтың жоспарын құру, бақылау әдістері және мектеп оқушыларының оқыту әдістері мен тәсілдерін бағалауды анықтау. Оқыту мазмұнының өзара әрекеттесуіне (өзара байланысуына), болашақ сабақтың уақытына алдын ала хронометражын өткізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Сабақты жоспарлаған кезінде пән мұғалімі сабақтың оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да тұжырымдай алуы керек. Тілдік мақсаттарды белгілегенде, пән мұғалімі көмек алу үшін тілдік пәндер мұғалімдеріне жүгіне алады. Мұғалімдердің мұндай серіктестігі сыныпта қолайлы білім беру ортасының құрылуына мүмкіндік туғызады. Бірақ ең бастысы - сабақты жоспарлау барысында мұғалімдер «барлық мұғалімдер тілді үйретеді» деген жаһандық тұжырымды ұстануы тиіс [3].

Пәндік-тілдік кіріктірілген сабақта пәндік-тілдік кіріктіре оқытудың түбегейлі амалдарның бірі мәтінмен жұмыс істеу болсада, сабақта сөйлеу іс-әрекеттерінің барлық түрлері болуы керек. Оқу материалын таңдап алғанда оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне жауап беретіндей, стилі жағынан алуан түрлі түпнұсқалық мәтіндерді таңдау қажет.

Егер мәтіндер шағын бөлімдерге бөлінсе және иллюстрациялармен, сызбалармен, суреттермен және т.б. сүйемелденетін болса, жақсырақ қабылданады. Мәтіндерде мәтіналды (prereading) және мәтінсоңы (afterreading) тапсырмалар болуы керек. Бұл тапсырмалар тек тілдік, сөйлеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар когнитивтік дағдыларды да қалыптастыруы керек. Соңғыларына қатысты есте сақтайтын бір жағдай, олар когнитивтік дағдыларды қарапайым ой операцияларынан (тану, сәйкестендіру, ұғыну) ойлаудың күрделі нұсқаларына (талдау, синтездеу, бағалау) қарай өсірумен қалыптастыру қажет. Құрамында диаграммалар немесе кестелер бар мәтіндер тану кезеңі үшін идеалды түрде сай келеді. Материалды мәтіннен кестеге түсіру оқушыға ақпаратты жіктеп, бастысын екінші дәрежелі материалдан ажыратуға көмектеседі.

CLIL сабақтарында тілдік біліктер мен пәндік білімдерді дамытудың маңызы бірдей болғандықтан, ондай сабақ көбіне төрт сатылы сызбаға негізделеді: 1. Мәтінді өңдеу. Мінсіз мәтінді оқу барысында оның визуалдылығын қамтамасыз ететін безендірулер болуы керек. Шет ел тіліндегі мәтінмен жұмыс жасауда, оқушыларға мәтінмен жұмысты айтарлықтай жеңілдететін, мәтінді құрылымдық белгілеу (қатарларды, азат жолдарын нөмірлеу, бөлімдерге, шағын тарауларға аталым беру) қажет. 2. Жете түсіну және алған білімдерді ұйымдастыру. Мәтіндер көбіне сызба түрінде беріледі, бұл оқушыларға мәтіннің идеясын, онда берілген ақпаратты анықтауға көмектеседі. 3. Мәтіннің тілдік ұғынуы. Оқушылардың мәтіннің идеясын өзінің сөзімен жеткізе алатынына үміт етіледі. Оқушылар қарапайым тілдік тәсілдерді де, сонымен қатар айтарлықтай алға басқан түрлерін де қолдана алады, бұл жағдайда қандай да лексиканы таңдауда анық үдеме болмауы тиіс, дегенмен де, мұғалімнің оқушылардың назарын тақырыбы мен пәні бойыша сай келетін белгілі лексикалық бірліктерге аударуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Анализ и планирование урока иностранного языка в общеобразовательной школе. <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=464865>
2. Современные образовательные технологии. Центр проблем развития образования белорусского государственного университета www.charko.narod.ru
3. Мартынова М.В. Интегрированное обучение. педагогические технологии. типы и формы интегрированных уроков. Методические рекомендации. <http://ido.tsu.ru/ss/?unit=199>

ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

Козбагарова К.С.

«№10 жалпы орта білім беретін мектеп» ММ

Қазақстандағы тәуелсіз жолындағы күресі қазақ тілінің қоғамдағы лайықты орнын талап етуден басталған болатын. Қазақ тіліне мемлекет мәртебесіне әперу оңай болған емес. Осы жолда қаншама тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сөйтіп, елім, тілім деп күрес майданына шыққан көптеген асыл азаматтардың зор қажыр-қайратының арқасында туған тіліміз өз тұғырына қонды. Бұл істердің қай-қайсысының болсын басы-қасында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болғанын тағы жақсы білесіздер. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілімізде оймен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Мемлекет басшысының қолтаңбасын көруге болады. Елбасы дәстүрге айналған жыл сайынғы Жолдауларында да, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында да мемлекеттік тіліміздің тірегі ретінде қазақ тілінің өрісін кеңейту, ел халқының мемлекеттік тіл аясына ұйысуын қадағалап, осыны ұдайы айтып келеді. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясын құрғандағы мақсаты да ел халқын тұтастандыру болатын. Ол, әрине, мемлекеттік тіл арқылы іске асады. Сондықтан Қазақстан Халқы Ассамблеясы мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарын бұрынғыдан да қарқынды жүргізіп, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тіл аясында топтасуына ұйытқы болғандары жөн дегім келеді.

«Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат. Осы жобаны түсіндіруде және іске асыруда түрлі жансақтықтарға жол беріп алып жатамыз. «Үш тұғырлы тіл» — қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы тілді желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес» — дейді.

Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономиканы ойдағыдай түсіну тілі. Дәлірек айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл идеясын дамыту үшін мемлекет тарапынан еліміздің әр азаматына көптеген жағдайлар жасалынған.

Елбасының дәстүрлі Жолдауынан кейін тіл саясатында да біраз тың өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, ұлттық терминологияны дамыту, мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұжырымдамасын әзірлеу, ағылшын тілін үйретудің курстарын ашу, мемлекеттік қызметке қабылданатын үміткерлерге мемлекеттік тілден тест тапсыру, қолданыстағы тіл туралы заңнамаларға “Тілдердің үштұғырлығы”, дәлірек айтқанда – үш тілдің бірлігі бойынша өзгерістер енгізу және тағы басқалар.

“Үш тілдің бірлігі” мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаңан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу.

Қандай мемлекет болмасын оның, ең әуелі мән беріп, ұлықтайтын тілі, әрине, мемлекеттік тілі. Өйткені, мемлекеттік тіл әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің сипатты белгілерінің бірі, ұлттық саясатының көрсеткіші. Міне, осы бағытта еліміз, ең әуелі, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруға күш салып отыр. Бұл мәселе тек қана қазақ халқының ғана емес, елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің де алдында тұрған міндет.

Еліміздегі ең жоғарғы лауазым – Президенттікке үміткер тұлғаға қойылатын талаптың бірі – мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін тексеретін сынақтан өту. Осындай қатаң талап неге мемлекеттік құрылымның басқа да лауазымды тұлғаларының алдына қойылмайды?! Мемлекеттік тілге деген шынайы құрмет жоғарыдан бастау алып, қарапайым халыққа үлгі болса, қазақ тілінің тұғыры беки түсер еді.

Әрбір маманның, қызметкердің өз қызметі шегінде, өзінің кәсіби біліктілігінің аясында мемлекеттік тілді меңгеру межесі нақты айқындалып, жаңа міндеттер жүктелуі тиіс. Осы арада айрықша тоқталатын мәселе, тілдің тағдырын тек заңмен, басқа да міндеттеу шараларымен, шешу мүмкін емес. Тілге қажеттілік тудыру керек.

Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылып, сондай-ақ жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлініп жатқаны жасырын емес.

Елбасы Қазақстан-2050 Стратегиясында жаңа қазақстандық патриотизм туралы ой қозғайды. Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. «Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Сондықтан да өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек.» Осы мақсатта «Қазақстан тарихы» және жаңадан енгізілген «Қазіргі әлемдегі Қазақстан»

пәндері — оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, жаңа қазақстандық патриотизмді дамыту, сонымен қатар қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған моральдық – адами құндылықтарын меңгеруге ұмтылысын тәрбиелеуге бағытталған. Бұл мәселе 1997 жылғы Президент Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2030» даму стратегиясының өзінде ұсынылған болатын. Шынымен де қазіргі қоғаммен оның өткенін байланыстырушы тарихи сана қалыптаспайынша патриотизмді қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да тарихты объективті оқыту және оны насихаттау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді.

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында “Тілдердің үш тұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Америка ғалымының көзқарасы. Идея триединства языков в Казахстане правильна и будет способствовать развитию страны. // Казинформ. -15 мамыр. — 2008жыл.
2. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. – М.: Русский язык, 1989.
3. Колпакчи М.А. Дружеские встречи с английским языком. — Ленинград, 1978.

4. Тен Т. Трудности перевода. //«Карау» газеті.
5. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. — 2007 жыл.
6. Қалиев Ж., Мальцев В.С., Очаковская З.Н.. English – Ағылшын тілі. «Мектеп» баспасы, 1981.

ҮШ ТІЛДЕ САБАҚ ӨТКІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аға оқытушы, магистр Жұмабаева С.Б.

«Физика» мамандығының 4 курс студенті Әуез Д.М.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне көңіл бөлген болатын. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақ пен жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Мемлекет басшысы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”, — деген болатын.[1]

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы халыққа арнаған “Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты” атты Жолдауында Үкіметтің алдына “Тілдердің үш тұғырлылығы” мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясының мерейтойлық форумында Мемлекет басшысы барша қазақстандықтарды толеранттылық пен үш тұғырлы тіл саясатын дамытуға шақырды.Әлемде жарыққа шығатын 10 млн кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, даму, ақпаратты технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаюда. Қазақстанда 3500 шет елдік компания жұмыс істейді. Олармен біз ағылшынша сөйлесеміз, осы тіл арқылы өндіріс күшімізді көтереміз», - деді Елбасы. [2]

Еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіруге және Болон бастамасының мүмкіндігін жоғарылату, академиялық ұтқырлық пен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін ЖОО-да көптілді білім беру жүйесін құру білім беру саласының бәсекеге қабілетті факторларының бірі болып табылады. $\Delta x \Delta p \geq \frac{\hbar}{2}$ ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі индикаторларының бірі – адамдарды қазіргі әлеуметтік-саяси жағдайларға үйренуін «Көптілділік - көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі» қағидасының өзектілігі. Білім берудің құрамдас бөлігі болып саналатын көптілділік күннен күнге жоғары қарқынмен дамып келе жатқандықтан, институтта көптілді топтардың саны көбейіп, ПОҚ-ның ағылшын тілін меңгеруге қызықшылығы артуда.

2007 жылы Елбасы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын ұсынған болатын. Елбасы өзінің осы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

2016 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында Болон үрдісінің маңызды параметрлерінің бірі болып табылатын академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз. Қазіргі кездегі жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын қойып отыр.

Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау. Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жана сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Қазақстанның болашағы көптілді білім берумен қатар 12 жылдық білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыру мәселесі болып саналады. Сондай-ақ 12 жылдық білім беру үлгісіне ауысу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауды талап етеді. Кәсіби

педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді. Яғни жаңаша білім беруде оқытушыларға қойылатын талаптар.

Сондықтан көптілді білім берудің басты мақсаты әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту. [3]

Көптілді білім берудің басты мақсаты әр оқушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау. Әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың жобалары. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар. Оның салдарын барлығымыз сезініп отырмыз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар қайта қарастырылады. Себебі осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай емес. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілу керек.

Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізді деп айтар едім. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады.

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Тілдер туралы» Заңы
2. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4 (22), 2006ж.
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №2(44), 2010ж.
4. 12 жылдық көшуге арналған білімді дамыту бағдарламасы.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қожахмет М.С., Сағынбекқызы Н.

*«Физика» мамандығының 4 курс студенті, Б.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Біздің еліміз әлемдегі дамыған, өркениетті отыз ел қатарына енуді мақсат етіп қойып отыр. Өзіміздің ана тілімізді жетік меңгере отырып, барлық ақпараттар, жаңалықтар, адамзат жинаған білім мен мәдениетке қол жеткізу үшін дүние жүзінің көпшілік елдері мен халқының қолдануындағы ағылшын тілін үйренуіміз қажет.

Ел болашағын ойлайтын, әлемдік деңгейдегі елбасы Н.Ә.Назарбаев үш тілді меңгеру керектігін айтып, 2014 жылдан бастап мектептерде ағылшын тілін оқытуға ерекше көңіл бөле бастады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Е.К.Сағадиевтің «Үш тілді үйрену- үлгі етер үрдіс» атты мақаласында қазақы бітім-болмысымызды сақтауға үш тілді қатар, еркін меңгерудің еш кері әсері жоқтығын, қайта табысқа жетудің жолы боларын нақтылы мысалдармен көрсетіп берді. Өзіне, отбасына, еліне керекті табыс тауып, тиімді еңбек ете алатын маман болу үшін ағылшын тілін меңгеруіміз керек.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді[1]

Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім еру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру,

яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр[2]

Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оқушыға үйретуге тиісті ақпараттар мен білім қорын жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникативтік технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі т.б. тест жүйелерін сабақта қолдану. Тест жүйесі мұғалімнің уақытын үнемдеуге бір уақытта бірнеше топтарға ақылау жасауға пайдасы зор. Сонымен бірге бұл сабақтарда электрондық оқулықты пайдалану маңызды. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар электрондық оқу басылымы. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық коммуникативтік технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң нәтиже беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамыту, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыру, дерес жұмыстарын ұйымдастыру т.б. сияқты оқу белсенділігін арттыруда маңызы зор[3]

Quizlet бағдарламасы арқылы физика сабағын ағылшын қазақ тілінде өткізудің үлгісін назарларыңызға ұсынғым келеді. Бұл бағдарламаның тиімділігі сабақта қолданылатын анықтамалар немесе термин сөздердің қазақша, орысша, ағылшынша мағыналарын жазып, оқушыларға 6 бөлімнен тұратын тапсырма орындатуға болады.

Пәні: Физика. 8 сынып

Сабақтың тақырыбы: Жылу құбылыстары тарауын қайталау

Мақсаты:

- Жылу құбылыстары заңдылықтарын тұрмыста практика жүзінде қолдана білуге үйрету.
- Жылу құбылыстары және энергия арасындағы байланыстарды білу, компьютерлік тапсырмаларды орындау.
- Оқушыларды ұжымшылдыққа, қамқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Жылу құбылыстары және энергия заңдарын біледі, шапшаң жұмыс істеуді үйренеді.

49 терминов | nazira201796

Жылу құбылыстары 8 сынып

📖 🔍 ➕ ⓘ ⋮

 ЗАУЧИВАНИЕ	 КАРТОЧКИ	 ПИСЬМО
 ПРАВОПИСАНИЕ	 ТЕСТ	 ПОДБОР

Әдістері: Блум таксономиясы, Quizlet бағдарламасы

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;

II. Білу

Өткен тақырып байынша Quizlet бағдарламасынан «заучивание» бөлімінен тапсырмаларды орындау.

Бұл бөлімде өтілген тақырыпқа байланысты сөздердің ағылшынша нұсқасын табу туралы тапсырмалар беріледі.

specific latent heat of fusion - меншіктіжылусыйымдылығы;

work – жұмыс

ideal gas – идеал газ т.б. сөздердің аудармалары бар.

III. Түсіну

«Карточка» бөлімінде қазақша физикалық сөздердің ағылшынша аудармасы оқылуы туралы тапсырма беріледі.

IV. Қолдану

«Письмо» бөлімінде физикалық термин сөздердің дұрыс жазылуы туралы тапсырмалар беріледі.

V. Талдау

«Тест» бөлімінде 5 жазбаша жауабын жазатын тапсырма, 5 сәйкестендіру, 5 нұсқалық тесттен және 5 дұрыс немесе дұрыс емес физикалық терминнен тұратын ағылшынша және қазақша тапсырма беріледі.

VI. Жинақтау

«Провописание» бөлімінде берілген тапсырманы орындау. Мұнда тапсырмалар дыбысталады, ал оқушылар оны жазады.

VII. Қорытынды

«Подбор» бөлімінде уақытқа байланысты сөздердің сәйкесін табу.

ВРЕМЯ 8,4		
sublimation	азаю	механикалық энергиясы
decrease	жылу өткізу	қаныққан емес
mechanical energy	conduction	масса
сублимация	unsaturated	mass

VIII. Бағалау

Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында жинаған ұпайларына байланысты бағаланады.

IX. Үйге тапсырма: Жылу құбылыстары тарауына сөзжұмбақ құрастырып келу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан газеті № 1 Е.Сағадиев «Үш тілді үйрену – үлгі етер үрдіс»
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Төлегенов оқулары» ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары :2016

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ӘРТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қожахмет М.С., Чимбергенова Р.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Ғұлама ғалым әл-Фараби «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез — құлыққа байланысты» деп ой түйген екен. Ғалымның бұл пікірі оқушы мен мұғалімге тікелей қатысты деуге болады. Шынымен де, мұғалімнің жақсы мінез құлқы оқушыға дариды және әсер етеді. Мұғалім оны оқыту үрдісінде, қолданған әдіс тәсілдерінің барысында және іс әрекетінің нәтижесінде байқатуы мүмкін. Оқу барысында оқушы оны бойына сіңіреді. Егер оқушыда жақсы мінез-құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін-өзі жетілдіреді.

Балалардың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Тілді үйретудегі негізгі мақсаты – ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету; оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту; оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Шәкірттердің сабақтағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойлау, шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын көтеруде интерактивті оқыту технологиясын пайдаланудың мәні зор.

Физика сабағында білім сапасын арттыру үшін интерактивті оқыту аясында ойын технологиясын қолдану тиімді. Ойын ойнау арқылы оқушылар өздерін көрсете алады, өзара қарым – қатынасқа түседі, жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Ойын арқылы кез келген тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ойын технологиясын қолдану арқылы

барлық мәселе шешіле қалмайды. Дегенмен, қиындықтар азаяды. Себебі, ойын - оқушылардың негізгі әрекеті. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Физика сабағында кроссвордтар, ребус, жұмбақтар, жаңылтпаштарды тез әрі дұрыс айтқызу арқылы оқушылардың тілдері жаттығады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, шапшаң ойланатын болады. Сергіту сәтінде тілі жатық, оңай ілесетін әндерді бейнеге қарап тұрып орындатса, оқушылар сергіп, қызығушылықтары оянады. Бір жағынан, тілдері жаттығады, екінші жағынан, ағылшынша әндер жаттайды.

Әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдану, қызықты тапсырмалар беріп отыру, мұғалімнің ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай физика сабағында физикалық терминдерді ағылшын тілінде үйретіп, оны қолдану арқылы әр түрлі жетістіктерге қол жеткізе алады[1].

Физикалық диктантты жазғанда қате жіберсе, қалған оқушылар дұрыс керекті әріптерді айтады. Оқушылардың білімін тексеру жұмысы осылай ауызша, жазбаша екі бағытта жүргізеді. Олардың тілін дамытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше. Оқушыларды физика сабағында ағылшын тілінде сауатты сөйлеуге, жазуға, оқуға үйрету үшін әрбір мұғалім өз бетінше ізденеді.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптасыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдер баршылық.

«Қар кесегі» әдісін физика сабағында қолданғанда оқушылар өз ойларымен бөлісе алады, нақтылыққа үйренеді. Мұғалім сабақ бойына қарстырылған жаңа тақырыптан оқушылардың не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін, т.б жайлы өзінің не біліп, үйренгенін ағылшын тілінде кез келген физикалық формулалар, физикалық терминдер немесе физикалық бірліктерді қаншалықты білетінін параққа жазып лақтырады. Бұл әдісте оқушылардың физикалық терминдер мен қатар физикалық шамалардың ағылшын тілінде айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады[2].

Үш тілділікті меңгеру заман талабы болғандықтан, оқушыларға «Полиглот» әдісін физика сабағында қолданып, қазақ тілінде жұмбақтарды мұғалім айтады, әр оқушы жауабын 3 тілде айтуы қажет. Оқушылар ағылшын тілінде сөздік қорын дамытады, өз білімдерін толықтырады.

Сабақта оқушылардың тақырыпқа деген белсенділігін, қызығушылығын арттыратын әдістердің бірі «Ширинг әдісі», мұнда оқушылар өтілген немесе жаңа тақырыпты қалай меңгергенін көрсетеді. Оқушылар 3-4 сөйлем көлемінде әңгіме құру арқылы жарысады және сөйлем қайталанбау қажет. Мұндай жұмыстар оқушылардың сабақ үстінде шаршамай сергек отыруына жағдай жасап, сабаққа ынтасын арттырады және пәнге көңілін қалыптастырады.

Сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін алып қарасақ. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім.

Сабақта қолданған әр жаңа инновациялық әдіс-тәсіл сабақ беру барысына тың жаңалық әкеліп оқушылар бойына қызығушылық пен құлшыныстың әкелетіні рас. Оқушыны білім алуда өз алдына мақсат қойып сол мақсатқа жету үшін не істеу керек екенін, қандай жолдары бар екенін түсіндіру керек. Оқушыларға дайын күйдегі білімді бермей керісінше, олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай білім беру жүйесіндегі бүгінгі өмірдің талабы сабақ өткізудің жаңа әдістері мен ақпараттандырылған оқыту технологияларын пайдалану. Бұл мақсатқа жетудің бірден - бір жолы оқытудың тиімді жолдары мен түрлерін іздестіру. Сондықтан да оқытудың жаңа түрлерін күнделікті сабақта қолданып, жоғары нәтижеге жету – мұғалімнің міндеті.

Сабақтың әрбір бөлімінде оқушы баяндау, сұрақ-жауап беру, топтық жұмыстар арқылы сабақтың жоспарлық құрылымының нақтылы жетістігіне қол жеткізеді.

Осы әдіс-тәсілдерді үзбей қолданып, оқыту процесінің барлық формасына (практикалық сабақтар, оқушылардың өзіндік жұмыстары, факультативтік сабақтарда) қолдану керек деп тұжырымдаймын. Себебі, оқыту іс-әрекетінің негізгі міндеті танымдық іс-әрекетті дамыту, ойлауды дамыту болып табылатындығы әрбір педагог үшін кәсіби парыз [3].

Жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолында нәтижелі еңбек ететініме сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері: Қарағанды 2011.
- 2 Қазақ грамматикасы, Алматы «Жазушы», 1990.
- 3 Мирсеитова С.С. Словарь RWCT. – Алматы. Верена, 2005

ИНФОРМАТИКАНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аға оқытушы, магистр Алматова А.М.

«Информатика» мамандығының 4курс студенті Мимандос Ж.А.

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақстанның әлемнің білім кеңістігіне кіруі елдегі үштілдік білімнің өзектілігін айқындап берді. 2007 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаев «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жоба ұсынған болатын. «Бүкіл әлемде Қазақстан жоғары білімді ел болып қалыптасуы, ал халқы үш тілді білуі қажет». Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», — деген болатын. Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы халыққа арнаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында Үкіметтің алдына «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды. Үштілділік білімнің мақсаты: халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандықтардың үш мақсатты тілді біруақытта меңгеруі үшін тиісті жағдай жасалуы тиіс. Мақсатты тілдерге мына тілдер жатады:

- қазақ тілі – мемлекеттік тіл;
- орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі;
- ағылшын тілі –жаһандық экономикаға сәтті интеграцияланудың тілі.

Информатика (пәнін ағылшын тілінде оқыту CLIL әдіснамасы негізінде жүзеге асырылады. Қысқартылған CLIL ұғымы ағылшын тіліндегі мынадай сөздердің бас әріптерінен алынған: Content and Language Integrated Learning. Қазақша мағынасы – өзге пәндерді шет тілінде тілдік-пәнаралық байланыс арқылы оқыту. Нақтылап айтқанда, кез келген оқу бағдарламасындағы пәнді бір уақытта екі тілде де оқыту (өз тілі+шет тілі). Қазіргі уақыттағы көпшіліктің түсінігіндегі бұл терминнің анықтамасы былайша тұжырымдалады: CLIL – оқушыға ана тілі мен шет тілін қатар меңгертуге негіз болатын тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыратын әдістемелік құрал.

Оқу процесінде ағылшын тілі және жаратылыстану-ғылыми бағыты пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдарын сақтау, келесідей нәтижелер береді:

- оқушылардың ғылыми ойлауына мүмкіндік жасайды;

- ғылыми-жаратылыстану танымдық әдісті кеңінен қолдану мүмкіндігін береді;

- қоршаған ортаның дәлелді байланыстарын көрсететін кез-келген мәселеге жаратылыстану ғылымдары кешеніне ортақ көзқарас қалыптастырад жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерге оқушылардың қызығушылығын арттырады және дамытады;

- білім алушылардың информатика пәнімен жалпы түсініктерін қалыптастырады, есептеу, өлшеу, модельдеу, бақылау, эксперимент жүргізу, сызбалар құрастыру және т.б. білігі мен дағдыларын қалыптастырады;

- оқу процесінде оқушылардың өздері құрастырған авторлық компьютерлік бағдарламаларын (кіріктіру арқылы жасалған) қолдануға мүмкіндік береді;

- оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды.

Оқытудың тәрбиелік мақсаты жағына келсек оқушылардың көпшілігінің ағылшын тілін оқуға деген үлкен қызығушылықпен кірісуі, олардың ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Олар алғашқы кезде амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын біле бастайды. Осы кезеңде қарым-қатынас екі жақты болуды талап етеді себебі, олар тыңдай білуге де, сұрай білуге де үйретілуі керек. Оқытудың ағартушылық мақсаты. Кез - келген тілдің ағартушылық қызметі зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші және сол тілде сөйлейтін ел туралы хабардар болуы; өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді.

Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бізден, яғни бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді. Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сабақтың қызықты әрі нәтижелі болуы алдын ала таңдап алынған әдіс-тәсілдерге байланысты. Қазіргі кезде әдіс-тәсілдердің барлығы дерлік баланы өз бетімен жұмыстануға,білім алуға жетелейді.– 5-9 сыныптарға арналған «Информатика» пәні бойынша терминология арқылы жүзеге асады.Соның ішінде 5-сынып терминологиясы:

Қорытынды: аталған ұстанымдарды сақтау барысында тілді зерделеу мақсатқа бағытталады, өйткені тіл нақты коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қолданылады. Сонымен бірге білім алушы оқылатын тілдің мәдениетін жақсырақ білу және түсіну мүмкіндігіне ие

5-сынып		
Бөлім	Терминдер	
	Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
Компьютер және қауіпсіздік	маңызды құрылғылар	important equipment
	процессор	central processing unit
	қатты диск	hard disk
Интернеттегі қауіпсіздік	көшірме жасау	copying
	орнату	setting
	өзгерту	altering
	жүктеу	download
	құпия сөз	passcode
Ақпарат және оның өңдеу	ақпарат	information
	программалық қамтамасыз ету	software
	растрлық кескіндер	pixel image
	құру	design
	өңдеу	editing
Біздің өміріміздегі алгоритмдер	анықтама	specification
	алгоритм	algorithm
	команда	instruction
	командалар жүйесі	set of instructions
Әңгімелесеміз және программаны жасаймыз	тармақталу командалары	branch instruction
	цикл командалары	cycle instruction
	программалау	programming
	ойын программалау ортасы	game framework of programming

болуымен қатар, бұл студенттің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасайды. Білім алушы тілдік материалдың үлкен көлемін өзінің бойынан өткізеді, бұл тілдік ортаға толық ену мүмкіндігін береді. Сондай-ақ түрлі тақырыптармен жұмыс істеу білім алушының пәндік терминдермен сөздік қорын толықтыруға және алған білімдері мен біліктерін қолдануға және одан әрі зерделеуге жағдай жасайтын арнайы терминдерді, белгілі тілдік құрылымдарды жаттап алуға мүмкіндік береді.

Осылайша шет тілін және тілдік емес пәнді бір мезетте оқу білім беру мақсаттарына жетуге арналған қосымша құрал болып табылады және шет тілі мен тілдік емес пәнді оқуда тиімді жағдайларға ие болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622.
2. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - Томск: изд-во Томского ун-та. М.: изд-во «Барс».1995.-250 с.
3. Зорина Л.Я. Интегрированные предметы естественнонаучного цикла / Современная дидактика: теория - практике / Под научной редакцией И. Я. Лернера, И. К. Журавлёва. - М.: ИТП и МИО РАО. 1993. - с. 125 - 140.

4. Конышева А.В. «Современные методы обучения английскому языку» Минск 2004г. 2. А.М. Иманғалиева. «Шет тілін оқыту әдістемесі» №2. 34. 2010ж. 3. Мектептегі шет тілі. №4, 2011. 28 б.
5. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.
6. Национальный доклад «О состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан» по итогам 2015 года/АО «Информационно-аналитический центр», Астана, 2016 г., с. 331-332
7. А.Стойнова, М.Глушкова. Как разработать и внедрить устойчивую программу многоязычного образования/ Руководство по проектированию и реализации многоязычных программ, Бишкек 2016 г., 243 стр.

РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Старший преподаватель, магистр Валиуллов М.Р.

Аркалыкский государственный педагогический институт им И.Алтынсарина

Программа полиязычного обучения предусматривает использование новой модели образования, способствующей формированию конкурентоспособного в условиях глобализации поколения, владеющего языковой культурой. Владение казахским, русским и английским языками дает ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям. Способствует формированию коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур.

Работа на компьютере неизменно вызывает интерес учащихся, повышает мотивацию, стимулирует изучение языка и познавательную деятельность в целом. Опыт применения информационных технологий дает основание утверждать, что компьютер включает резервы учебного процесса, стимулирует обучающегося, расширяет дидактические возможности преподавателя, облегчает его труд.

Одним из методов преподавания информатики на английском языке в рамках программы полиязычного обучения, является метод предметно-языкового-интегрированного обучения. Сегодня интегрированные уроки приобретают все большую значимость в учебном процессе. Цель таких уроков заключается в активизации внимания учащихся, в разнообразии познавательной и учебной деятельности, они поддерживают мотивацию, интерес, активность и желание учиться, творческое мышление, инициативу и высокое качество знаний учащихся.

Сегодня учитель должен обладать следующими профессиональными знаниями и умениями:

- знаниями программных средств, методов и приемов, способствующих реализации предметно-языкового интегрированного обучения;
- умениями применять эти знания на практике, то есть соответствующей технологией обучения;
- навыками ведения педагогического исследования;
- знанием возрастной психологии, социальной психологии и психологии педагогического труда;
- способностью к творчеству и импровизации, индивидуальный творческий почерк, неординарность;
- умение анализировать, обобщать опыт своей работы.

Для эффективного проведения интегрированных уроков необходимы следующие условия:

- правильное определение объекта изучения, тщательный отбор содержания урока;
- профессиональные качества педагогов, обеспечивающие творческое сотрудничество учителей и учащихся при подготовке урока;
- включение самообразования учащихся в учебный процесс;
- использование методов проблемного обучения, активизация мыслительной деятельности учащихся на всех этапах урока;
- продуманное сочетание индивидуальных и групповых форм работы;
- обязательный учет возрастных психологических особенностей обучающихся.

Критерий эффективности интегрированных уроков:

- активизация познавательной творческой деятельности учащихся, развитие познавательного интереса через проблемное обучение;
- вовлечение учащихся в самостоятельную практическую деятельность;
- развитие исследовательских навыков и умения принимать самостоятельное решение;
- формирование системного мышления и глубокое осознанное усвоение понятий.

Подготовка к уроку должна проводиться в несколько основных этапов: подготовительный, ознакомительный, аналитический, прикладной и итоговый. На каждом этапе может использоваться тот или иной методический прием (зависит от компетентности учителя).

I. Подготовительный этап.

Подготовительный этап предполагает предварительную предметно-языковую беседу, мотивирующую учеников на выполнение того или иного задания по предмету, и раскрытие алгоритма действий учащихся при поддержке учителя. Под предварительной предметно-языковой беседой мы понимаем такую беседу, которая проводится на двух языках (на родном (казахском и русском) и на английском языках). Данная беседа направлена на выявление степени готовности учащихся к новому виду деятельности также выполнение задания или подачи материала на родном и английском языках

II. Ознакомительный этап.

На ознакомительном этапе ученик осуществляет следующие действия:

- получает ту или иную предметную информацию по информатике, на родном и английском языке от учителя или самостоятельно осуществляет ее поиск в различных источниках;
- воспринимает тематическую информацию по тому или иному предмету, на родном или английском языке (чтение, говорение или прослушивание).

III. Аналитический этап

Этот этап включает в себя обработку полученной информации по предметной тематике на родном или английском языке через осуществление следующих стадий:

- анализ полученной тематической информации по предмету (какие слова, понятия и обороты понятны ученику в тексте и какие ему нужно узнать);
- работа со словарем, грамматическим справочником для поиска неизвестных лексических единиц и грамматических конструкций;
- запись неизвестных лексических единиц в предметно-языковой словарь по тому или иному предмету (физике, химии, биологии и информатике);
- перевод с родного (казахского/русского) языка на иностранный и наоборот.

IV. Прикладной этап.

На прикладном этапе ученик использует полученную тематическую информацию по предмету для:

- предметно-языковой коммуникации (вовлечение учащихся в ситуации общения на родном и иностранном языках: обсуждение полученной информации, выдвижение и отстаивание своих точек зрения, дискуссия, выступление с докладом; если у учеников возникают трудности, то обсуждение может проводиться на родном языке);
- выполнения письменных работ (тест, диктант, упражнения, решение задач и т.д.) или практических заданий по предмету (лабораторные занятия, экспериментирование, конструирование, моделирование).

V. Итоговый этап.

Заключительный этап предполагает предметно-языковую беседу, в котором учащиеся должны быть вовлечены в тематическое обсуждение на родном (казахском/русском) и иностранном языках), с показателями результатов коммуникации, с включением письменных и проверочных работ, также взаимо- и саморефлексии.

При проведении урока с использованием метода предметно-языкового-интегрированного обучения учителю необходимо:

- на начальном этапе изучения предмета на иностранном языке, учащиеся могут использовать родной язык, но учитель при этом отвечает только на иностранном языке;
- говорить не спеша, произносить отчетливо;
- четко оговаривать цели и ожидаемые результаты урока;
- создавать благоприятную среду для изучения языка;
- развивать речевую деятельность в чтении, слушании, говорении и письме;
- если возникнет необходимость, повторять непонятные для учащихся слова, предложения, фразы несколько раз;
- в своей речи использовать лексику, доступную для восприятия учащимися;
- проводить работу с тематическими ключевыми словами;
- следует поощрять учащихся за использование на уроке иностранного языка;
- использовать разные виды деятельности для повышения мотивации учащихся.

Введение предметно-языковой интеграции в учебный процесс многообразен и его использование требует творчества учителя, постоянного продумывания всего, что делается на уроках, а также совершенствования методов работы в процессе обучения. Помимо наличия основополагающих знаний в области обучения и преподавания, учителям необходима работа над получением дополнительной информации из различных отечественных и зарубежных источников. Это позволит им сделать более обоснованными выводы о том, что происходит сегодня в той или иной области, касающихся того или иного предмета и какие стратегии необходимо предпринять. И естественно, для учителя в процессе принятия решений особенно важными являются интересы ученика.

Список использованной литературы:

1. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016–2019 гг. №205 от 1 марта 2016 г.
2. «Основные направления обновления содержания среднего образования РК» http://www.rusnauka.com/4_SND_2012/Pedagogica/4_100269.doc.htm
3. Методические рекомендации по разработке и ведению занятий по предметам «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» на английском языке. Ажигулова М.С.
4. «Об информатике на английском» Джоджуа Ж.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

аға оқытушы, магистр Джакетова С.Д.

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады. Солардың бірі Үштілділік саясатты іске асыру;

Халықаралық қатынас тілі ретінде мойындалған ағылшын тілі бүгінде білім саласына дендеп енді. Себебі білімдегі жаңашылдықтар мен жаңа технологиялардың бәрі де ағылшын тілінде жүргізіледі. Әсіресе, ғылыми технологияға негізделген кітаптар мен жобалар да ағылшын тілінде жарық көруде. Мәселен, әлемде жылына жүз мың кітап шықса, соның сексен мыңы шет тілінде шығарылады. Демек, білімнің базасы - тіл біліміне байлаулы тұр.

Ағылшын тілін қызығушылық деп емес, қажеттілік деп түсінетіндер қатары көбейді. Әрине, бұл басымдықты шет тіліне бұру деген сөз емес. Әйткенмен көштен қалмаудың жолы - тіл білу.

Бірнеше жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақ-түрік лицейлері мен Дарынды балаларға арналған мектептерде үштілділік сатысы білім процесіне енді. Бірақ қалай? Көптің көкейінде жүрген сауалдардың бірі де осы еді. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде жүргізу басы ашық сұрақ ретінде санада сақталып қалғаны рас.

Қай кезде де реформаға тосырқай қарайтын қоғамның бұл алаңдаушылығы жылдарға жалғасты. Себебі күрделі компоненттерге құрылған химия, физика, биология, математика пәндерін ағылшын тілінде меңгерту тәуекелден бұрын, тәжірибені қажет етті.

Ағылшын тілін оқыту үдерісіне енгізудің артықшылықтары көп. Ең бастысы, үштілділік саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік туады, пәнаралық, пәнішілік кіріктірулер болады. Кәсіби желілік қауымдастық құрылады, баланың танымдық көкжиегі артады.

Жаңартылған білім мазмұнына кәсіби маман даярлау мәселесі бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты да жұмыс жүргізіп жатыр. Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті бойынша 4 мамандық кейбір пәндерді үш тілде меңгерсе, қалған мамандықтар ағылшын тілінде оқыту сияқты арнайы курстар жүргізуде. Соның бірі 5B010900-Математика мамандығының 2 курс студенттері үшін «Математиканы ағылшын тілінде оқыту» атты арнайы курс жоспарланған. Курс 1 жыл бойы 2 семестерде жүргізіледі. Одан кейін кәсіби-бағытталған шетел тілі міндетті пәні жалғасын табады. Сол үшін математика мамандығының студенттерін математиканың терминдерін ағылшын тілінде үйренуін керек.

Пән 4 кредит оқытылады, яғни 60 тәжірибелік сабақ жоспарланған. Әр тәжірибелік сабақ математиканың бір тарауына арналған. Тарау бойынша математиканың негізгі символдары мен ұғымдары ағылшын тілінде оқытылады.

Студенттерге математикалық терминдермен ұғымдардың ағылшын тілінде оқылуы мен жазылуы ұсынылады. Бұл кезде студенттер жұппен немесе топпен жұмыс жасайды.

Оқылған материал бойынша студенттерге тапсырмалар беріледі. Солардың бірі жұбын табу немесе ұғымның анықтамасын беру.


Find the right options

1	Obtuse angle	a	An angle whose measure is greater than zero degrees and less than 90 degrees
2	Right angle:	b	One angle measures greater than 90 degrees and less than 180 degrees
3	Acute angle	c	A line that goes infinitely in both directions and measures 180 degrees

4	Straight angle	d	Angle that measures 90 degrees
5	Equilateral triangle	e	A triangle with at least two congruent (equal) sides
6	Isosceles triangle	f	A triangle that has no congruent (equal) sides
	Right triangle	i	A triangle with three congruent (equal) sides and three equal angles
7	Scalene triangle	j	Has only one right angle (90 degrees)

Келесі тапсырмалардың бірі Сурет бойынша немесе карточкамен жұмыс. Студенттерге сызбарлар беріледі. Сол сызбалар бойынша студенттер математикалық анықтаманы ағылшын тілінде айтып беруі керек. Төменде «Үшбұрыштар» тақырыбы бойынша дайындалған карточкалар.

Working with cards. Make sentences on the topic studied. Working in pairs.



Тәжірибе сабағында берілетін тапсырмалардың бірі мәтінмен жұмыс. Студенттергеағылшын тілінде математика тарихы немесе ұғымы бойынша мәтін беріледі. Оны студенттер дауыстап кезекпен оқиды. Мысалы,

THE HISTORY OF GEOMETRY

The first geometrical knowledge was originated fromthe practical needs of people in ancient times. People measured distances, made straight spears and arrows, compared their length, etc. Farming and constructing played a very important role in the development of geometry. People worked out the new rules of comparing figures, calculating some geometrical value and volumes and the rules necessary for the construction of buildings. These rules appeared in Egypt and a bit later in China and India approximately in the 12th century B.C. In other words the age of geometry is not less than 4 or 5 thousand years.

Originally geometry was not a mathematical science though ancient Egyptians knew some facts of geometry such as the volume of a sphere, the Pythagoras theorem and some others. Geometry as a science got its further development in ancient Greece in the 7-5 century B.C.

Мәтін оқылғаннан кейін студенттерге қаншалықты түсінгендіктерін анықтау үшін скраптар ағылшын тілінде беріледі.

1. The first geometrical knowledge appeared in
 - a) Greece
 - b) Egypt
 - c) Japan
2. Geometry was originated from
 - a) the practical needs of people
 - b) theoretical knowledge
3. Geometry dates back to the
 - a) 15 century B.C.
 - b) 5 century B.C.
 - c) 12 century B.C.
4. The most important role in the development of geometry the following people's activities played
 - a) fishery
 - b) farming and construction
 - c) cattle breeding
5. Geometry got its further development in
 - a) Greece
 - b) Middle Asia
 - c) Arabic Countries

Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша математиканы ағылшын тілінде оқыту арқылы студенттер тілдік қорларын молайтады. Ағылшын тіліндегі ғылыми кітаптарды оқи алады. Студенттердің осы кезге дейін орыс және қазақ тілінде таппаған мәліметтерін ағылшын тілінде қол жеткізгендігі біз үшін үлкен ашылған жол болды. Алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі.

1. Дорожкина В.П. Английский язык для студентов –математиков. – М.:Асрель, АСТ, 2006. – 491 б.
2. Бурман С., Бобковский А. Англо –русский научно –технический словарь. – М., 1986. – 72 с.
3. Прокошева И.И. Основные математические понятие в английском языке, – Оренбург, 2003

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ МЕН АҒЫЛШЫН ПӘНІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

аға оқытушы, магистр Алиева Г.С.

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Кіріктірілген сабақта оқушылар әртүрлі пәндердің ақпаратын қолдана отырып, оқиғалар мен құбылыстарды мүлдем жаңаша түсіне отырып терең және жан-жақты білім алу мүмкіндігіне ие болады. Кіріктірілген сабақта білімді жинақтау, бір пәннен алынған білімді басқа пәнде қолдану білігін қалыптастыру мүмкіндігі бар. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы дәстүрлі сабақтардан келесі сипаттамалар арқылы ерекшеленеді:

- оқу материалының нақтылығы, ықшамдылығы және қысқалығы;
- өзара логикалық шарттастығы, кіріктірілетін пәндер материалының сабақтың әр кезеңіндегі өзара байланыстылығы;
- сабақта қолданылатын оқу материалының кең ақпараттық сыйымдылығы.

Жалпы алғанда кіріктіріп оқытудың негізінде өзіндік ерекшеліктері бар кіріктірілген сабақтар жүйесі жатыр:

1) арнайы ұйымдастырылған сабақ, яғни, егер ол арнайы ұйымдастырылмаған болса ол мүлде болмау мүмкін немесе ол ортақ мақсаты жоқ жеке сабақтарға бөлінуі мүмкін;

2) мақсат қойылуы мүмкін, мысалы, а) оқылатын тақырыптың мәнін тереңірек қарастыру; б) оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру; в) тақырып бойынша оқылатын сұрақтарды тұтас, жинақтап қабылдау; г) оқу уақытын үнемдеу және т.б.);

3) түрлі пәндерден алынған білімді кеңінен қолдану, яғни пән аралық байланысты мазмұндық деңгейде жүзеге асыру. Жалпы алғанда кіріктірілген сабақтар уақытты үнемдеуге, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастырумен қатар, түрлі пәндерде бір материалды қайталамауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ағылшын тілі және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының негізі болып:

1) танымдылық көзқарас тұрғысынан түпнұсқалық оқу материалын кеңінен қолдану ұстанымы;

2) оқыту процесінде мұғалімге белсенді демеу және көмек көрсету ұстанымы;

3) екінші немесе шет тілді өнімді және қарқынды меңгеру ұстанымы;

4) көпмәдениеттілік ұстанымы;

5) жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын дамыту ұстанымы;

6) оқытудың тұрақтылығы ұстанымы [6].

Пәнді және тілді кіріктіріп оқытудың негізгі сипаттамалары:

- 1) көпжақтылығы қыры:
 - тілді оқыту пән және тілмен қолдау табады;
 - пән мазмұнын меңгеру тіл сабақтарында қолдау табады;
 - пәндерді кіріктіру жүзеге асырылады;
 - оқытуға рефлексия жасау жүргізіледі; 9
- 2) қауіпсіздікті болдыратын (сапаландыру) оқу ортасы:
 - жаңалыққа қарсы шығатын іс-әрекеттер және тілдік орам қолданылады;
 - зерделенетін пәндік мазмұн және тілдік құрылымдар көрнекі бейнеленеді;
 - тілдік қателер түзетілмейді, бірақ мұғалім тілдік құрылымның дұрыс қолданылу моделін береді;
 - тілді саналы меңгертуге арналған оқу материалдардың түпнұсқасы қолданылады; – оқушының бойында тілді меңгеру туралы сана-сезім амиды;
- 3) түпнұсқалық және дереккөзге жақындық:
 - оқушылар сөйлеу, жазу, сонымен қатар өздерінің ауызша және жазбаша тілдік дағдыларына рефлексия жасау мүмкіндіктерін қолданады;
 - оқушы өз қызығушылығын есепке ала алады;
 - оқу материалы оқушының күнделікті өмірімен байланыстырылады; – бұқаралық ақпараттық құралдарының және басқа да дереккөздердің өзекті материалдары қолданылады;
- 4) белсенді оқыту:
 - сабақта мұғалімге қарағанда оқушылар көп сөйлейді;
 - пәндік мазмұнды меңгеру және тілдік, сонымен бірге оқу ағдыларын дамыту үшін оқушылар мақсаттар мен тапсырмаларды өздері ұжырымдайды;
 - оқушылар оқудың нәтижелерін және оларға қол жеткізу жолдарын сипаттайды;
 - сабақ барысында жұпта және топта жұмыс істеудің тиімді болуы үшін жағдай жасалады;
 - оқушылар мен мұғалім әңгімелесу және түрлі тапсырмаларды орындаудың көмегімен пәндік және тілдік материалдың мәнін түсінеді;
 - мұғалімнің рөлі – сыныптағы үш процесті басқару мен мүмкіндік туғызуға жағдай жасау (оқу процесі, ынтымақтастыққа әкелетін топтағы қарым-қатынасты дамыту процесі, тұлғаның даму процесі);
- 5) тірек құрылым:
 - білім беру процесінде мұғалім оқушының тәжірибесіне, біліміне, білігіне, пікіріне және қызығушылықтарына сүйенеді;
 - сабақты жоспарлау және өткізу барысында оқушыларды оқытудың түрлері есепке алынады;
 - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамытуға көңіл аударылады;
 - оқушыға қиын жағдайларда болуына мүмкіндік беріледі және оған сол қиындықтарды жеңу үшін эмоционалдық тұрғыдан көмек көрсетіледі;
- 6) ынтымақтастық:

- пән сабақтары, тіл бойынша сабақтар және тақырыптар
- пәндік сабақтар, тіл бойынша сабақтар және тақырыптар мұғалімдердің жұмыс барысындағы қарым-қатынасы және ынтымақтастығы арқылы жоспарланады;

- ата-аналар оқу процесіне оқушылардың ана тілін және мәдениетін меңгерулеріне көмектесу үшін, сонымен бірге мақсатты тілді пайдалану үшін де қатысады;

- жергілікті жердің қоғамдастығы, лауазымдық ведомстволар, жұмыс берушілер және басқа да мақсатты топтар білім беру процесіне қатыстырылады.

Оқу процесінде ағылшын тілі және жаратылыстану-ғылыми бағыты пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдарын сақтау, келесідей нәтижелер береді:

- оқушылардың ғылыми ойлауына мүмкіндік жасайды; – ғылыми-жаратылыстану танымдық әдісті кеңінен қолдану мүмкіндігін береді;

- мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеушілік әрекетке баулиды;

- қоршаған ортаның дәлелді байланыстарын көрсететін кез-келген мәселеге жаратылыстану ғылымдары кешеніне ортақ көзқарас қалыптастырады;

- жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерге оқушылардың қызығушылығын арттырады және дамытады;

- білім алушылардың информатика, физика, химия, биология пәндерінен жалпы түсініктерін қалыптастырады, есептеу, өлшеу, модельдеу, бақылау, эксперимент жүргізу, сызбалар құрастыру және т.б. білігі мен дағдыларын қалыптастырады;

- оқушылардың сенімін қалыптастырады, оқулықта берілгеннен де қиын материалдарды түсініп, зерделеуіне мүмкіндігі болады;

- оқу процесінде оқушылардың өздері құрастырған авторлық компьютерлік бағдарламаларын (кіріктіру арқылы жасалған) қолдануға мүмкіндік береді;

- оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды, жаратылыстану-математика бағытындағы оқу пәндерінің (информатика, физика, химия, биология) негізгі курсының ағдарламалық материалдарын неғұрлым тереңірек түсінулеріне және қабылдауларына, сонымен қатар алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда қолдана білуге көмектеседі.

Оқу процесін кіріктіру арқылы ұйымдастырудың кейбір мүмкіндіктері білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін сапалы және ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі. Сонымен бірге ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерін және ағылшын тілін кіріктіріп оқытудың нәтижесінде алынған білімді күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігі пайда болады.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: пәнді және тілді кіріктіріп оқыту барысындағы басты нәтиже оқушылардың ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндерінен алған білімдері емес, мақсатты тілді меңгеруі (біздің жағдайымызда – ағылшын тілі) болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.
2. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығымен бекітілген.
3. Холодная М. А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. Томск: изд-во Томского ун-та. М.: изд-во «Барс».1995.-250 с.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

аға оқытушы, магистр Алматова А.М.

«Информатика» мамандығының 4-курс студенті Әлібекова К.Н.

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі таңда білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, тілдің білім мазмұнын құрудың әдіс тәсілдерін дұрыс тандап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай тілдерді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселе біз ағылшын тілін меңгеріп жатқан институттың курстарында жүйелі жолға қойылған. Біліктілігі мен оқыту шеберлігін меңгерген аға оқытушылардан үйренеріміз көп екен. Қазіргі таңда олар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып дәрістердің сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Себебі, дәстүрлі оқыту әдістемесі қажетті білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр.

Елбасымыз көздеген әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер қатарынан орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздерінің бірі – жастарымыздың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау болып табылады. Әлемдік білім беру және білім алу кеңістігінде бәсекеге барынша қабілетті кірігудің тиімді жолдарының бірі – әрбір қазақстандықтың кемінде үш тіл білуі деп атап өтілді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі—деп атап өткен. Бұл пікірді «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ОҚО бойынша ПҚБАИ нақты жүзеге асыруда. Осы биік мақсаттарға жетелеу, қалыптастыру кезеңі адам өмірінің мектептегі өткізген жылдарына сайма-сай келетіні – білім беру саласына үлкен жауапкершілік пен сенім артады, білім берудің жаңа ұлттық тиімді механизмдерін құрумен байланыстырады.

Сонымен қатар, қазақтың ұлы ақыны Абай: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деген екен. Көптілде оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі таңда ең басты қажеттілік болып табылады.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 — 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 2016 жылдан бастап жоғары білім берудің оқу бағдарламаларына оқытудың барлық кезеңдерінде ағылшын тілін оқыту курсы жүргізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар ендіру, *2020-2021 жылдары мектептерде жаратылыстану пәндері қатарында «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқыту* (білім беру ұйымдарының алқалық шешімінің негізінде таңдау бойынша) енгізілетіндігі белгіленген.

Осыған орай, 2017-2018 оқу жылынан бастап Информатика пәнін оқыту жұмыстары толығымен ағылшын тілінде ұйымдастырылады. Ал жоғарғы оқу орындарында барлық мамандықтар үшін Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнін ағылшын тілінде жүргізу жұмыстары іске асырылуда.

Жоғарғы оқу орындарында барлық мамандықтарды ағылшын тілінде оқыту студенттерге сөздік қорын кеңейте отырып, есептеу техникасы және ақпараттық технологиялардың даму үрдістерін әлемдік білім негізінде зерттеуге, жаңалық ашуға және кәсіби міндеттерді шешуге ықпал етеді, сондай-ақ, заманауи құрылғыларды кәсіби деңгейде қолдану қабілетін арттырады.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқыту студенттеріміздің өз беттерімен ізденуіне және идеяларының халықаралық деңгейге шығуына зор мүмкіндік болатыны анық. Сондықтан, болашақ информатика пәні мұғалімдерінің коммуникативтік ортасын ағылшын тілінде қалыптастырудың моделін жасау; педагогикалық шарттарын айқындау; коммуникативтік ортасын ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудағы әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру қажет.

Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда, ағылшын тілін үйренуде, ағылшын тілінде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар. Оның салдарын өз тәжірибемізде барлығымыз айдан анық көріп отырмыз.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға да әбден болады. Компьютер желісін және мультимедиялық – электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдануда үштілді білім беру мәселесін шешуге көмектесері анық.

Үш тілді меңгеру мәселесі – тек Қазақстан үшін ғана емес, әлем алдында шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі. Үш тілде оқыту – бүгінгі жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің түрлі ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең негізгі заман талабы.

Қорыта айтатын болсақ, «үш тілде білім берудің» ерекшелігі—ағылшын тілін оқып үйреніп қана қоймай,сонымен бірге осы тілде физика, химия, биология,информатика пәндерін оқытуға маңыз беріледі. Үш тілді оқытуды қолдана отырып белгілі тапсырмаларды бір тілде оқып, екінші тілде орындап, бейнежазбаны көріп, үшінші тілге аудару арқылы талқылау жүргізіліп отырады. Оқушыларды ағылшын тілінде және ана тілінде оқытудың арасында ерекшелік ескеріледі. Оқушыларға ағылшын тілінің үйрету сабағынан бөлек, пәнге қатысты өзінің танымын дамытуы үшін оқытушылар ПТКО-ны(пән мен тілді кіріктіріп оқыту) қолдануды, яғни соған сәйкес, тілді де үйренуі керек, пәнді де оқыту керек болады. Курстық оқыту кезінде ұстаздарға ағылшын тіліндегі термин сөздерді қолданысқа енгізу барысында академиялық сөздік қорын молайтуға мүмкіндік берілді.

Үштілді білім беру бағдарламасы негізінде үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарды тәрбиелеп өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой – пікірмен ұштастыратын сапалы білім мен тәрбие беруіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан.Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,
3. Әбдуәли Т.Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008
5. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008

MICROSOFT EXCEL БАҒДАРЛАМАСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ

аға оқытушы, магистр Шонгалова К.С.

*«Информатика» мамандығының 4 курс студенті Мырзақұлова Ж.Б.
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Microsoft Excel - 1979 жылы екі экономист студент Дэн Бриклин және Боб Френкстон үй тапсырмасын тез орындауға көмектесетін және уақытты үнемдейтін әдіс ойлап табуды шешті. олар тарихта бірінші рет электронды кесте бағдарламасын жазып, оны Visible Calculator сөзінен қысқартылған VisiCalc (Көрсеткіш калькулятор) деп атады. сондықтан барлық электрондық кестелер бағдарламасы, оның ішінде Excel программасы Дэн мен Бобтың арқасында жүзеге асты.

IBM және Macintosh компьютерлерінде жұмыс істейтін, ең озық үлгілерді ала отырып, бүгінгі заман талабына сай жасалған, электрондық кесте құрастыратын қолданбалы программа. Excel-дің соңғы нұсқаларында график тұрғызу, күрделі функциялар арқылы есеп-қисап жүргізу және бірнеше жұмыс кітаптарымен қатар жұмыс атқару сияқты мүмкіндіктер кеңінен қолданылады. Кестелік құрылымды құжаттармен жұмыс істеуге арналған кең таралған құралдардың бірі Microsoft Excel. Ол сандық мәліметтермен жұмыс істеу үшін негізделген.

Excel жай ғана бағдарлама емес, оны көптеген математикалық амалдарды, күрделі есептерді жеңілдету үшін пайдалануға болады. Ол кестедегі мәліметтердің негізінде түрлі-түсті диаграммалар тұрғызып, жүргізуді қамтамасыз ете алады. Excel мүмкіндігінің көпжақтылығы тек экономика саласында ғана емес, ғылыми зерттеу, әкімшілік жұмыстарында да кеңінен қолданылады.

Нұсқалары

1988 — Excel 2.0

1990 — Excel 3.0

1992 — Excel 4.0

1993 — Excel 5.0 (Windows NT)

1995 — Excel 7 (Windows 95)

1997 — Excel 97

1999 — Excel 2000 (9) — Microsoft Office 2000

2001 — Excel 2002 (10) — Microsoft Office XP

2003 — Excel 2003 (11) — Microsoft Office 2003

2007 — Excel 2007 (12) — Microsoft Office 2007

2010- Excel 2010 (13)-Microsoft Office 2010

2012- Excel 2013 (14)-Microsoft Office 2013

Excel даярлайтын құжат **Жұмыс кітабы** деп аталады. Жұмыс кітабы жұмыс парағынан тұрады. Жұмыс парағының құрылымы кестенің құрылымындай және ол бір немесе бірнеше кестені қамтиды. Әрбір парақтың аты төменгі жағында орналасқан таңбашада көрініп тұрады. Осы таңбашаның көмегімен кітапты парақтауға болады. Таңбашаны тышқанның батырмасын екі рет басу арқылы өзгертуге болады. Әрбір жұмыс парағы жолар мен бағандардан тұрады. Бағандардың аты латын алфавитінің бас әріптерімен жазылады. Бір жұмыс парағы 256-ға дейін баған санын қамти алады. Бағандар А-дан ZZ әріптерінің комбинацияларымен белгіленеді, ал жолдар 1-ден бастап 65536-ға дейін нөмірленеді. Бағандар мен жолдардың қиылысуы ұяшықтар деп аталады. Ол электрондық кестенің мәлімет енгізетін ең кіші элементі болып табылады. Әрбір ұяшықтың жол мен бағандардың белгіленуінен тұратын адресі болады. Мысалы: A9, D21, F5, G7, L16. Әрқашанда ұяшықтардың біреуі ағымдық ұяшық болып есептеледі және жақтаумен ерекшеленіп тұрады. Осы жақтау кестелік меңзердің рөлін атқарады және тышқанның немесе басқару пернелердің көмегімен экранда жылжыта аламыз. Мәліметтерді енгізу, пішіндеу және басқада іс-әрекеттер осы ағымдағы осы ұяшықта жүзеге асырылады. Бірнеше ұяшықтар тобын ұяшықтар ауқымы деп атаймыз. Ауқымдар тік төртбұрыш қалыпты болады. Оларды былай белгілейді: A7: E25. Мұндағы A7 – тік төртбұрыштың сол жақ жоғарағы, ал E25 – оң жақ төменгі бұрыштары. Мәліметтер типі. Кестенің ұяшықтарына мәліметтердің келесі үш типінің біреуін ғана енгізе аламыз. Ол мынадай типтер:

Енгізілетін мәліметтің сан немесе формула екенін оның алғашқы символына қарап анықтайды. Егер енгізілетін символдың біріншісі сан болса, онда оны сандық типке жатқызамыз. Егер біріншісі теңдік белгісі болса, формула деп қабылдайды. Егер бірінші символымыз әріп немесе апостроф болса, мәтін деп қабылдайды. Мәліметтерді енгізу Enter пернесін басумен жүзеге асырылады. Енгізілген мәліметтерді енгізбей алып тастау үшін немесе ұяшықтың бастапқы мәндерін қалпына келтіру үшін esc пернесін басамыз немесе формулалар жолындағы Болдырмау (отмена) батырмасын шертеміз. Excel-де енгізілген сандық мәліметтер автоматты түрде ұяшықтардың оң жақшөтіне орналасады. Сандық пішімде. Экономикалық есептерде санның үш түрлі пішімде жазылуы қолдананылады: кәдімгі сандық пішім, қаржылық және мерзімдік. Кәдімгі сандық пішім әр түрлі сандық шамаларды жазуға арналған. Мысалы: қайсыбір тауардың санын, пайзын жас мөлшерін және т.б. Ақша сомасын енгізу қаржылық пішімде жүзеге асырылады. Уақыт мезгілін жазу үшін мерзімдік пішім пайдаланылады. Мәтіндік пішім. Мәтіндік пішім мәтіндік жолдар мен цифрмен көрсетілген сандық емес мәліметтерді жазу үшін қолданады. Бұларға жататындар: регистрациялық нөмірлер, поштаның индексі, телефонның нөмірі. Ағымдағы ұяшықтың немесе ерекшеленген

ауқымдығы мәліметтердің пішімін өзгерту үшін Пішім > Ұяшықтар(Формат > Ячейки) командасын пайдаланады. Ашылған Ұяшықтарды пішімдеу (Формат ячейки) сұхбат терезесіндегі қыстырмалардан мәліметтердің жазылу пішімін таңдап алады. Сол терезеде мәтіннің бағытын көрсетіп, оны түзеу, қарпін өзгерту, символдардың жазылуын, фонның түсін, жақтаудың түрін анықтайтын параметрлерді енгізуге болады. Excel програмысының кестесіндегі есептеулер формулалардың көмегімен жүзеге асырылады. Формулалар тұрақты сандардан, ұяшықтарға сілтеме мен Excel функцияларынан тұрады. Егер ұяшықтарға формулалар енгізілген болса, онда жұмыс парағында осы формуланың есептеу нәтижесі белгіленіп тұрады. Ұяшықтағы сандық нәтижені емес, оған енгізілген формуланы көру үшін сол ұяшықты ерекшеп алып, формулалар жолында бейнеленген жазуға көз салу керек. Ұяшықтарда адрес көрсетіледі оны ұяшықтарға сілтеме деп атаймыз. Есептеу нәтижесі формуладағы пайдаланылған ұяшықтарға тәуелді болады. Тәуелді ұяшықтағы мәндер бастапқы ұяшықтағы мәндердің өзгеруіне байланысты өзгеріп тұрады. Ұяшықтарға сілтемені әр түрлі тәсілдермен беруге болады:

- біріншіден, ұяшықтың адресін қолмен теруге болады;
- екінші тәсілі қажетті ұяшыққа тышқанмен шерту арқылы ерекшелеп енгізуге болады. Салыстырмалы сілтеме. Формулаларды бір ұяшықтан екіншісіне көшіргенде нәтиже қандай болатыны сілтеменің адресіне тікелей тәуелді. Кәдімгі жағдайда формуладағы ұяшықтарға сілтеме салыстырмалы болып табылады. Бұл формулаларды бір ұяшықтан екінші ұяшыққа көшіргенде сілтеменің адресі автоматты түрде өзгереді деген сөз. Мысалы: B2 ұяшығында одан бір жол солға қарай және төмен орналасқан A3 ұяшығына сілтеме орналассын. Егер осы формула көшірілсе, онда сілтеменің салыстырмалы көрсеткіші сақталады. Мысалы: A9, D25, F5 салыстырмалы сілтеме болып табылады.

Абсолют сілтеме

Абсолют адресі кезінде формула көшірілгенде сілтеменің адресі өзгермейді, сілтеме көрсетіп тұрған ұяшық тұрақты болып қалады. Формулаларды редактелеу кезінде адресіне әдісін өзгерту үшін ұяшықтың сілтемесін ерекшелеп алып F4 басу керек. Абсолют адресіне берілген ұяшықтың нөмірінің алдына \$ белгісін қояды. Мысалы: \$A\$16, \$A9, A\$7. Соңғы екі жағдайда ұяшық нөмірлерінің бірі абсолют, екіншісі салыстырмалы болып есептеледі, бұл аралас сілтеменің мысалдары. Әдетте кестелер қайталатын, біртектес мәліметтен тұратындықтан, Excel программасының енгізуді автоматтандыратын құралдары бар. Оларға жататындар автотолтыру, формулалармен автотолтыру.

Автотолтыру

Мәтіндік мәліметтерді автоматтандыру үшін авто толтыру әдісін қолданады. Оны жұмыс парағының бір бағанына бірнеше рет қайталанатын мәтіндік жолды енгізгенде пайдаланады. Мәтінді енгізу кезінде программа оны жоғарғы жолдармен салыстырып, бірдей элементтер кездессе автоматты түрде толтырады.

Сандарды автотолтыру

Сандармен жұмыс істеген кезде автолтыру әдісі пайдаланады. Ағымдығы ұяшықтың қоршауының төменгі бұрышында кішкентай қара түсті шаршы орналасқан. Оны толтыру маркері деп атайды. Тышқанның нұсқағышын сол маркерге алып барса, оның пішіні кішкентай крест тәрізді болып өзгереді. Сол кезде маркерді тік немесе көлденең тасымалдау арқылы автолтыру жүзеге асырылады.

Прогрессия бойынша толтыру

Ол үшін Түзету > Толтыру > Прогрессия (Правка > Заполнить > Прогрессия) орындау керек. Ашылған прогрессия сұхбат терезесінде прогрессияның тегі, қадам мөлшері, шектік мәні таңдап алынады. ОК батырмасын басқаннан кейін Excel программасы берілген ережелер бойынша ұяшықтарды автоматты түрде толтырып береді. Формулаларды автолтыру. Бұл амал сандарды автотолтыру сияқты жүзеге асырылады. Автотолтыру кезінде формулалардың басқа ұяшықтарға сілтеменің ерекшеліктері ескеріледі: салыстырмалы сілтемелер сәйкесінше көшірменің салыстырмалы орналасуына байланысты өзгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байжұманов М. Қ., Жапсарбаева Л. Қ. Информатика. Астана – 2004
2. Байшоланова Қ. С. Ақпараттық жүйелер теориясы. Алматы – 2002
3. Балпанов Е. Қ., Бөрібаев Б. Информатикадан 30 сабақ. Алматы – 1999
4. Исаев С. Ә., Мұхамади А. Н., Ахметова О. С. Компьютерлік технология негіздері курсына арналған практикум. Алматы – 2000
5. Кушниренко А. Г., Лебедев Г. В., Сворень Р. А. информатика мен есептеуіш техника негіздері. Алматы – 1998
6. Хакимова Т. Компьютерлік өңдеудің әдістемелері. Алматы: «Ғылым» - 2002
7. Халықова К. З. Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы: «Білім» - 2000

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

аға оқытушы, магистр Ахатова Ж.Е.

«Информатика» мамандығының 4 курс студенті Әбсұлтанова М.

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. ХХІ ғасыр информациялық қоғам табылдығына аяқ басқан сәтте-ақ Республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алынды. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді.

1. Білім беру үрдісін ақпараттандыру

Оқытушы қызметінің негізгі мәні - өндірістік оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Өйткені, мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Мұндай адамды қалыптастыру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Әрбір жеке тұлғаның, бүкіл халықтың, бүкіл қоғамның тағдыры мұғалімнің еңбегінің нәтижесіне тікелей байланысты. Колледж оқытушылары өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне алуы - басты шарт.

Ақпараттық – технологияларды пайдалану оқытушы мен білім алушылардың маңызды кәсіптік және анықтамалық ақпараттармен қамтамасыз етеді. Ақпараттық - технологияларды пайдаланып интерактивтік сабақтарда оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде болып, білім алушылардың белсенділігі арта түседі. Мұндай сабақтарда оқытушы жұмысқа тікелей қатысқанымен, өз мүмкіндігін шектеп, студенттің белсенді болуына жағдай туғызуы қажет.

Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- студенттердің қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Қазіргі кезде білім алушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ кәсіп иелері тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әр түрлі әлеуметтік және моралдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан білім беру жүйесін реформалау саясатын, ең біріншіден, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден, оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар әрбір білім алушылардың ерекшеліктерін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау керек.

Жеке тұлғаның дамуы әрекетшілдік және оқыту процесі кезінде ғана жүзеге асырылады. Баланың жеке басының дамуы әлеуметтік әрекетшілдіктің яғни ойнау, танымдық, еңбектік, қарым-қатынастық сияқты барлық негізгі түрлері кезінде табысты жүзеге асырылатыны баршамызға мәлім.

Осыған қоса психологтар былай дейді, қандай болмасын әрекетшілдікпен дәлелді және әсерлі тұтынушылық бағалары, және субъекті үшін осы әрекетшілдіктің пайдалылығы мен мүмкіндіктері бірге жүреді.

Кәсіпке баулу барысында білім алушыларды адамгершілікке, іскерлікке, шеберлікке білімділікке тәрбиелеу, олардың дүниетанымын, дағдысын арттыру қазіргі күннің басты талаптары.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне республика мектептерін көтерудің тиімді жолы- білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіруімен сипатталады

Ақпараттық-технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық-технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

2. Жаңа ақпараттық - технологияны пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері

Ақпараттық-технологияны электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымның құрамдас бөлігі болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологияда оқыту құралы ретінде электрондық оқулық және интернет жүйесі маңызды орын алады. Ал, электрондық оқулықтың тиімділігіне тоқталатын болсақ, оны төмендегідей атап өтуге болады:

- Анықтамалық оқыту элементі арқылы ағымдағы сабақ бойынша анықтамалыққа мүмкіндік алу.
- Мультимедиялық ақпараттық технологияны пайдалану.
- Ағымдағы сабақ бойынша ішкі және сыртқы тексеруді жүзеге асыру.
- Компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру.
- Сабаққа деген қызығушылығын ояну негізінде білім сапасын арттыру

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Өндірістік оқыту сабағында «My Testter» және «easyQuizzzy» сияқты әртүрлі әдістермен тест тапсырмаларын жүргізуге болады. Өндірістік оқыту сабағында осы әдістерді пайдалана отырып білім алушылардың білім сапасын бекітуде қолданылады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және студенттердің жеке жағдайларына байланысты тандап алуға көп көңіл бөлу керек. «My Testter» әдісі бойынша білім алушылар сабақ кезінде сабақты қаншалықты меңгергендерін тексеруге мүмкіндік алады. «My Testter» әдісін пайдалана отырып тест жауаптарының бірнеше жауап түрлерін пайдалынуға болады. «My Testter» бағдарламасы бойынша жасалған әрбір тест сұрақтарына білім алушылар жауап беру арқылы алған білімдерінің қаншалықты толық меңгергенін бақылауға болады.

Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңаша мазмұн жас ұрпақтың әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруінің басты нысаны. Тұлғаға бағытталған білім оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Психологияда дүние есігін ашқан әрбір сәби қабілетті болып туылады, оның әрі қарай дамып, жетілуі тәрбиешіге байланысты делінген. Демек, оқытушы мен студенттің арасындағы ынтымақтастықтың негізінде біз оң нәтижеге қол жеткізе аларымыз сөзсіз. Олай болса, оқытушы педагогикалық ізденіспен озық технологиялардың әдіс-тәсілдерін аса жоғары талғаммен қолдана білуі тиіс.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Студенттің терең білім беру үшін оқытушы мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1 Оқытушы пәнді жетік меңгеріп, оны студенттерге ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2 Студенттердің жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр студенттің жүрегіне жол таба білуі абзал.

3 Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4 Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.

5 Студенттерге ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, тірек конспектілері бойынша берген жөн

6 Студенттердің сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс демекші. Әрбір тақырыпты түсіндіргенде білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай тірек белгілері мен тірек конспектілерін пайдаланған жөн. Негізгі заңдылықтарды тірек белгілері арқылы студенттерді жинақылыққа, көркемдікке баулып, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыруға, оларды шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Өйткені, өндірістік сабақ – білім алушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол білім алушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Елбасы «*Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет*» деп атап көрсеткендей, инновациялық оқыту технологиясын қолдану - жаңа білім берудің бірден – бір шарты деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы
2. Информационные технологии. – Москва
3. Қазақстан мектебі. 2013 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі»
4. Қазақстан мектебі. 2015 ж. №4 «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері»

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ

аға оқытушы, магистр Алматова А.М.

«Информатика» мамандығының 4-курс студенті Айсейт О.Б.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Елбасының тұжырымдамасы бойынша орта білім беру ұйымдарында ақпараттандыру үдерісінің ағымдағы жай-күйді талдауға баға береді, сонымен бірге электрондық оқытудың бірыңғай жүйесін енгізу бойынша процестерді жеделдету үшін қажетті шараларды анықтайды.

Электронды оқыту ұғымының анықтамасы көп. Алайда ЮНЕСКО қызметкерлері ұсынған және электронды оқытуға көшкен немесе көшіп жатқан елдердің бәрі мойындайтын әмбебап анықтама бойынша «Электронды оқыту дегеніміз — оқыту барысында интернет пен мультимедианы қолдану».

Демек, электронды оқыту мұғалімді ауыстырмайды, оның мәртебесін төмендетпейді немесе басқа сөзбен айтсақ, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара «тірі» байланысты жоққа шығармайды. Қайта оқу, оқыту барысын нәтижелі, сапалы ету үшін жоғарыда келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, интернет пен мультимедианы үйлесімді, тиімді пайдаланудың жолдарын іздестіреді. Ал бұл жағдай орындалу үшін оқушының, әсіресе, мұғалімнің интернет және мультимедиа жайлы терең білімі болуы керек.

Осы жерде айта кететін бір мәселе, еліміздегі үштілділік саясат та осындай жағдайлардан туындап отыр. Көп тіл білген маман сәйкесінше көп ақпаратқа қол жеткізе алады. Біз қазақтар, мемлекеттік тілде өте сапалы мақалалар жазсақ, жаңалықтар ашсақ, онда әлем бүгін ағылшын тілін білуге ұмтылғандай өздері-ақ қазақ тілін үйренуге тырысатын еді. Демек, қазақ тілін білмейтіндерге оны үйретудің ең басты тетігін өзіміздің білім деңгейімізден іздеуіміз керек.

Сол сияқты, интернетте форум (веб-сайтқа енгендердің пікір алмасуы, ал логин оған кіру үшін алынған сөз), блог (оқиға жайлы интернет-жорнал, интернет-күнделік-үнемі қосылып тұратын, талқыға түсетін мәтін, көрініс, мультимедианы қамтитын, веб сайт), чат (нақты уақытта, компьютерлік желіде хабар алмасу және оны ұйымдастыруды

бағдарламамен қамтамасыз ету. Іс-әрекеттің нақты уақытта өтуі чаттың форумнан басты айырмашылығы), интернет-дүкен, интернет аукцион, әлеуметтік желі, электронды почта, жаңалықтар, файл ауыстыру желісі, электронды төлем жүйесі, іздеу жүйесі, интернет-жарнама және т.б маңызды қызметтер бар. Бұл қызметтерді пайдалана алған адамның уақыты, қаржысы үнемделеді. Сол сияқты, ондай адам қоғамдық өмірдің кез келген саласына белсенді қатынаса алады.

Демек, жоғарыда айтқанымыздай, электронды оқытудың келесі маңызды саласы — Мультимедиа (Multum and Medium) — әртүрлі формада (график, мәтін, дауыс, цифр, көрініс) ұсынылған ақпараттарды бір мезгілде пайдалану және оларды өңдеу. Ақпараттардың цифрлық (цифр, сан), мәтіндік (әріп, сөз, сөйлем, мәтін), графиктік (сурет, сызба, бейне), дыбыстық (саз, сөз, дауыс), бейнелік (бейнефильм, мультфильм, кинофильм) деп аталатын бес түрі бар. Бұлардың бәрін бір сөзбен «мультимедиа» дейді. Оларды пайдалану оқытудың көрнекілік, қолжетімділік және т.б қағидаларын іс жүзіне асыру емес пе?! **Сарапшылардың пайымдауынша, электронды оқытудың бұдан басқа мынандай артықшылықтары бар:**

1. Кез келген уақытта, яғни «24/7/365» қағидасы бойынша оқу.
2. Білімнің әлемнің кез келген нүктесінде қолжетімді болуы.
3. Бүкіләлемдік білім қорын пайдалану.
4. Кез келген ақпараттың жылдам табылуы.
5. Оқу барысын тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі.
6. Оқу барысын автоматтандыру.
7. Оқу барысында мультимедианы пайдалану.
8. Өз бетімен білім алуға ыңғайлылық.
9. Күнделікті өмірге қажетті компьютерлік сауаттылықтың қалыптасуы.
10. Қазіргі жастардың менталитетіне сәйкес болуы және т.б.

Ал бұл мәселенің шет елдерде орындалу барысы қандай

Электронды оқытудың жоғарыда айтқандай артықшылықтарын байқаған әлемнің дамыған елдері, әсіресе, жиырмамыншы ғасырдың соңғы және жиырма бірінші ғасырдың алғашқы онжылдықтарында бұл мәселеге ерекше мән беріп отыр. Атап айтқанда, электронды оқыту бойынша Еуропалық одақ 2001 жылы 28 наурызда «Электронды оқыту — болашақтағы білім беруді негізі», «2000-2010 жылдарда білім беруді дамыту жайлы Лиссабон стратегиясы», «2004-2006 жылдарда ақпараттық технологияны білім беру саласына кіріктіру жайлы бағдарлама (e-learning programme)», «2007-2014 жылдарға арналған бүкіл өмір бойы оқу бағдарламасы (lifelong learning programme — LLP)» атты құжаттар қабылдады. Сол сияқты, мұндай бағыттағы құжаттар АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Қытай, Австралия, Сингапур, Жапония, Жаңа Зеландия, Финляндия, Ирландия және осы сияқты дамыған немесе дамушы отыздан аса елдерде де қабылданды.

Қазақ елі әлемдік деңгейдегі мұндай ауқымды шаралардан тыс қала алмайтыны анық. Оның екі үлкен себебі бар. Біріншіден, қалай болғанда да ақпараттық технологияның негізі компьютер алғаш рет 1943 жылы (1943 — жылы алғаш рет «Марк-1» деген компьютер өмірге келді) адамзат өркениетінің есігін ашса, бұл күнде ол лампалы есептеу машиналары, транзисторлы ЭЕМ, интегралды ЭЕМ, үлкен интегралды ЭЕМ, өте үлкен дәрежедегі сызбалы ЭЕМ деген кезеңдерден өтіп өзінің бесінші буынын өмірге әкелді. Сонымен бірге ол басқа да техникалық құралдармен толыға, дами, жетіле келе ақпараттық технология деген үлкен атаумен адамзат өркениетінің төрінен нық орын алды. Сондықтан оны ескермеу, елемей мүмкін емес. Жалпы, өркениет көшіне ілеспегеннің, оның даму барысына сергек қарамағанның жағдайының қандай болатындығын көне тарих талай рет көрсетті. Екіншіден, біздің елімізде 2015 жылға дейін жалпы құны 80 миллиард болатын 500 инновациялық жоба іске асып 200000 аса жұмыс орны ашылмақ.

Білім саладағы жұмыстардың үлкен бір бағыты электронды оқыту бойынша Білім және ғылым министрлігінің қолға алған ауқымды шаралары да көңілді қуантады. Атап айтқанда, өткен он жылда бұл бағыттағы іс-шаралардың құқықтық негізі айқындалды, республика мектептерінде бір компьютерге 16 оқушыдан (ауылдық жерлерде 18 оқушыдан) болатын жағдайға қол жеткізілінді, интернет желісіне мектептердің 98 пайызы қосылды (ауылдық жерлерде 97 пайыз), кең жолақты интернетке 37,3 пайыз мектеп қосылды, интерактивті тақталармен 3571 мектеп жабдықталды, он-лайн сабақтары 2007-2008 оқу жылдан бастап өткізілініп келеді және т.б.

Биыл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың ұйғарымымен еліміздің үш аймағында Астана, Алматы қалалары мен Қарағанды облысындағы 44 білім беру мекемелері педагогтарының электронды оқыту мәселесі бойынша біліктілігі жетілдірілді және ол мекемелер қажетті техникамен қамтамасыз етіледі. Оны «Білім беру жүйесі басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт» ғалымдары жергілікті мамандары қатыстыра отырып, іске асырды. Биылғы жылы шектеулі ғана аймақтың, аз санды білім мекемелерінің ғана қамтылуының себебі тыңдаушыларды оқыту бағдарламаларының мазмұнын, біліктілікті арттыратын мамандардың білім деңгейін байқап көру. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жинақталады, жүйеленеді, қорытындалады. Соның негізінде алдымыздағы жылдан бастап электронды оқыту мәселесі жаңа серпінге ие болады. Атап айтқанда, 2012 жылы 536 білім беру мекемесі, 2013 жылы 926 білім беру мекемесі, 2014 жылы 1317 білім беру мекемесі, 2015 жылы 1311 білім беру мекемесі электронды оқытуға көшеді деп жоспарланып отыр.

Бір ғұлама «Адамның табиғаттағы әрбір жеңісі қымбатқа түседі» деген екен. Сол тұрғыдан карағанда, «элек-тронды оқытуда адамдардың қимыл қозғалысы азаяды, өзгенің мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, жүрегі селт етпейтін ұрпақ, яғни адами қасиеттерден тыс, нақты өмірден алыс, тұрпайы ойлы «электронды ұрпақ» қалыптасуы мүмкін, оқушымен тікелей қарым-қатынас жоқ, яғни оқыту барысында оның көңіл күйін, сабаққа деген ынтасын ескеру мүмкін емес, интернеттегі барлық материалдар жақсы емес, интернет пайдаланушылардың қандайда пайызы оған тәуелді болып қалады екен және т.б.» деген пікірлер де жоқ емес. Алайда мұндай жағдайлардың қауіптілігі, адамзат баласы жабайы жылқыны қолға үйреткенде де, жылқыны қойып машинаға отырғанда да, суық үңгірден жылы үйге енгенде де және осындай миллиондаған жетістіктердің бәрінде де айтылған. «Осылай айтылды екен» деп біріншіден, ешкім де кері жүрмеген, екіншіден, мұндай ауқымда шараларда болмай қоймайтын жекелеген кемшіліктерді жоюдың жолдары табылған.

Интернеттегі ана мен бала сайтында мынандай кеңес берілген: «3-4 жастағы дені сау балалар үшін күнделікті компьютерді пайдалану уақыты 10-15 минуттан, 5-6 жастағы балалар үшін 20-30 минуттан, 7-8 жастағы балалар үшін 40-60 минуттан, 9-12 жастағы балалар үшін 60-90 минуттан аспауы керек». Сол сияқты, «ересек адамдарға да компьютер алдында тәулігіне бес сағаттан артық отыруға болмайды» деген сияқты тұжырым бар. Бұл жағдайларды әлі де зерттеу керек және оның нәтижесіне қарай интернетке қол жеткізуге белгілі бір шектеулер қоятын бағдарламаларды (мысалы, қазір әлем елдерінде қолданылып жүрген «Кибер-мама» бағдарламасы) немесе интернетті толық болмағанмен де оның қызметін шектеуге арналған заң (мысалы, Қытайдағы «Алтын қалқан» заңы) арқылы реттеуге болады деп ойлаймыз.

Жалпы, электрондық оқытуға көшу — Президент Назарбаевтың бастауымен қолға алынып отырған шикізаттық экономикадан индустриялық-инновациялық экономикаға көшу сияқты білім беру жүйесіндегі ауқымды жоба. Оны іс жүзіне асыру үшін жоғарыда айтқандарымыздың қорытындысы ретінде төмендегідей пайымдауларды келтіреміз:

1. Электронды оқыту мәселесіне байланысты жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жандандыру.
2. Барлық ЖОО, оның ішінде, әсіресе, педагогикалық ЖОО электронды оқытуға көшіру.
3. Мектептерді ғана емес, бүкіл ел аумағын интернетпен қамтамасыз ету.
4. Мүмкін болса барлық мектеп, бұл қиынға түссе, ең болмаса ауыл мектептері мұғалімдерін ноутбукпен қамтамасыз етудің және оны жеңілдікпен алуға жағдай жасау.

5. Интернеттегі қазақ тіліндегі материалдардың үлесін жарты жыл сайын еселеп арттыру.
6. Теледидардан жалпы халықтың ақпараттық технология жайлы білім деңгейін көтеру үшін бірнеше жылға есептелінген, халыққа ыңғайлы уақытта берілетін қазақ тілінде хабар таратуды жолға қою.
7. Латын шрифтіне көшуді тездету.
8. Электронды оқытудың әртүрлі жағдайларын қамтыған байқау, олимпиада (оқушы үшін де, мұғалім үшін де) өткізуді жүйеге айналдыру.
9. Электронды оқыту мәселесінің шет елдердегі, оның ішінде, әсіресе, Оңтүстік Кореядағы жағдайын сараптайтын орталық құру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Білім заңы. Алматы, 2010 ж.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы
3. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ
4. А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000
5. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы, № 2, 3, 2011 ж.
6. Оқыту –тәрбиелеу технологиясы Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2010ж.
7. Интернет сайттары.

АЛГОРИТМДЕУ ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*«Информатика» мамандығының 4-курс студенті **Сарбозов А.Ж.**
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан да, оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, онан әрі зерттеу маңызды болып табылады.

Енді ұлы дидактик Я.А.Коменский „Алтын ережеге” балаған көрнекілік ұстанымының талаптарына толық жауап бере алатын мультимедиалық технологиялар ұғымдарын қарастырайық. Алдымен мультимедиа ұғымына талдау жасап көрейік.

Мультимедиаға зерттеуші ғалымдар түрліше анықтама береді:

Мультимедиа – әртүрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология (D.Little).

Мультимедиа - екі не онан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру (D.H.Jonassen).

Мультимедиа – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдары кешені (И.И.Косенко).

Мультимедиа – графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты-бағдарламалық құрал (И.Вернер).

Мультимедиа термині латын тілінің „multy” (көп) және „media” (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Сондықтан да, мультимедиалық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге „ақпараттық орта” деген мағына беруге болады. Ал, ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс деп қабылдай аламыз.

Осы орайда, мультимедиаға және оған қатысты ұғымдарға өздігімізше анықтама бере кетейік.

Мультимедиа - компьютерлік графикамен, суреттермен, бейне ақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе.

Кез келген қарым-қатынас тілінде әртүрлі мағынада қолданылатын сөздер бар. Сол секілді „мультимедиа” сөзін де бірнеше мағынада қолдана аламыз.

Яғни, мультимедиа –

- әртүрлі типті ақпараттарды өңдейтін құралдарды жасаудың, пайдаланудың тәртібін анықтайтын технология;
- әртүрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсыну технологиясы негізінде құрылған ақпараттық ресурс;
- түрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалық жабдық;
- пайдаланушыға барынша тиімді әсер ету мақсатында түрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар спектрі.

Мультимедиалық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы.

Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедианың бағдарламалық құралдары – кез келген типті ақпаратты интерактивті режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары.

Мультимедиалық ресурстар - мультимедиалық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпараттық өнімдер.

Мультимедианың дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік) және динамикалық (анимациялық, бейнелік), дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. Оның жалпы сипатын 1-ші суреттегідей бейнелей аламыз.

Білім беру жүйесін дамытудың тенденциялары мен перспективаларын айқындау үшін, осы салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген дамыған шет елдердің тәжірибесіне сараптау жасап, оны меңгере білу қажет. Осы себептен де, мультимедиалық технологиялардың жоғарыда талдау жасалынған дидактикалық мүмкіндерін оқыту процесіне енгізуге бағытталған бірнеше шет елдік жобаларға шолу жасап көрейік.

Біздің елімізде мультимедиалық технологиялардың оқыту процесіндегі мүмкіндіктері мүлде зерттелмеген. Бұл мәселе 1995 жылдардан бастап тек шет елдерде ғана қарастырыла бастады.

Еуропадағы білім беру саласы бойынша жүзеге асырылып келе жатқан ғылыми-зерттеу жобалары жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне кітапханаларды, зертханаларды, оқу курстарын мультимедиалық технологиялар негізінде бірлесе пайдалануға мүмкіндік беріп келеді.

Сонымен, Еуропада азаматтардың білімін жетілдіру үшін мынадай жобалар жұмыс істеуде:

- 1) T3 жобасы (Telematics for Teacher Training)
- 2) TRENDS жобасы (Training Educators through Networks and Distribution Systems)
- 3) SAVIE жобасы (Support Action to Facilitate the Use of Videoconferencing in Education)

T3 жобасының мақсаты оқытушыларды күнделікті кәсіби іс-әрекет барысында мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалануға үйрету. Бұл жоба Еуропаның 4300 оқытушысына телематиканың білім мен оқытудың сапасын арттыруға көмектесетінін дәлелдеді. Телематика – ақпараттық технологиялар мен телекоммуникацияның және олардың сервистік құрылымының бірігуі.

Бұл жобаның нәтижесінде Web-технология, электрондық пошта, виртуалды семинар, виртуалды зерттеу орталығы, конференс-байланыс секілді телематиканың инструменталды құралдары студенттерге өте тиімді екендігі практикалық тұрғыдан дәлелденді. Сонымен қатар, осы жоба барысында кітапхана қызметкерлеріне арнайы курс ұйымдастырылып, оқытушылар үшін телематика бойынша негізгі еуропалық бағдарлама қабылданған.

Желілік технологиялар мен мультимедианы қолдану сферасы жөнінде айтар болсақ, оқытуда қолданылатын бейнежүйелерді құруға көбірек көңіл аудару керек. Көптеген мультимедиалық жүйелерге арналған зерттеулерде әсіресе, мультимедиалық оқыту жүйелеріне көп көңіл бөлінген.

Оқытудағы жаңа технологиялар институтының ғалымдары (АҚШ) мультимедиалық технологияларды білім беруде пайдалану мәселелерін үш бағыт бойынша зерттеуде: орта мектептер үшін базалық жобаларды (желілік және мультимедиалық технологиялар көмегімен оқытудың модельдеуші құралдарын), ЖОО-дары мен ғылыми-зерттеу институттары үшін академиялық жобаларды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру мәселелеріне байланысты саяси жобаларды құру.

Минесота штатының (АҚШ) „Тәуелсіз және қашықтан оқыту” бағдарламасында желілік мультимедиалық оқыту курстарының 340 тізімі келтірілген. Бұл курстар Минесота университетінің 80-нен астам әртүрлі академиялық бөлімдері мен кафедраларында дайындалған.

Бұл курстарға 24 сағат мерзімді уақытта толықтырулар мен өзгертулер жүргізіліп тұрады. Бұл, өз кезегінде оқытушылардың педагогикалық тәжірибелерін жаңаша, алдыңғы қатарлы тәжірибелермен, жаңаша оқу ақпараттарымен толықтыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Ресейдің білім беру жүйесінде ақпараттық кеңістік құрудағы нақты қадамдардың бірі ретінде – CD-ROM дискілерінде интерактивті оқулықтардың Web-нұсқаларын құру тенденциясы байқалады. 1995 жылы Ресейде „Білім берудегі мультимедиа” атты университеттер арасындағы ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша жұмыс істейтін 14 бөлімшеден тұратын арнайы ғылыми-эксперттік кеңес құрылды. Мұның өзі оқытуда медиа-технологияларды қолдану мәселелерінің өзектілігін көрсетеді.

Бүгінгі күні Ресей-АҚШ университеттері (Ресей гуманитарлық университеті мен Колорадо университеті) өзара „Корона” жобасы бойынша бірігіп жұмыс істеп келеді. Бұл жобаның негізгі мақсаты жаңа оқыту құралдарын – телелекция, аудиолекция, мультимедиалық оқыту бағдарламаларын дайындау.

Жалпы алғанда, шет елдік оқу орындарында мультимедиалық технологиялар мен коммуникациялық құралдарды оқыту процесінде тиімді қолданудың тенденциясы тұрақты қалыптасқан және үздіксіз дамып келеді деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы білім. Алматы, РОНД, 2002. – 360 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2007
3. Бастауыш сыныпта оқыту тиімділігін арттырудағы мультимедиялық технология құралдарының маңызы //«Білім беру жүйесін трансформациялау тұрғысындағы әлемдік білім саясаты» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы-Москва, 2006. –Т.2. 135-140 б.
4. Сенокосов. А.И. Информатика для любознательных. Москва 2006 «Просвещение»
5. О.Б. Воронкова Информатика: методическая копилка преподавателя Ростов-на-Дону. Феникс-2009
6. Шлыкова О.В. Культура мультимедия: учебное пособие М.,2009

ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУ – ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Жусупова А.Б.

«№10 жалпы орта білім беретін мектеп» ММ

Білім беру кеңістігінде емін-еркін ақпарат алмасу, қажетті мағлұматтарды меңгеру үшін тілдерді жетік меңгеру қажет екендігі бәрімізге мәлім. Ғылым мен техника қарыштап дамыған бүгінгі таңда, әсіресе, ағылшын тілін меңгермеген маман алысқа бара алмайтыны айқын. Білім алушыларға үштілдік білім беру заман талабынан туындап отыр. Тілді жетік меңгерген маман еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болады.

Үштілдік білім беру – жоғары білікті маман даярлаудың басты шарты

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын халық ыстық ықыласпен қабылдады. Алдағы уақытта Жолдауда көрсетілген басым бағыттар бойынша нақты іс-шаралар жүзеге асырылатыны сөзсіз. Елбасы Жолдауы мемлекетіміздің 2020 жылға дейінгі дамуының бағыт-бағдарын анықтайды, онда келесі онжылдықта еліміздің әрі қарай дамуына жол ашатын нақты міндеттер мен басымдықтар көрсетілген.

Мемлекет басшысы әр қайсысымыздың еліміздегі ахуалды жақсартуда күш-жігерімізді жұмылдыруға, экономикалық және әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешуге шақырады.

Жолдауда айқын көрсетілген басым бағыттардың білім беру саласын халықаралық стандарттарға сай дамыту мәселесі. Елбасы болашақта орта білім беру жүйесінің Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізілетінін қадап айтты. Аталған мектептердің білім беру

үдерісі ұлттық негізде халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Білім беру мен денсаулық сақтау саласын өркендетудің, тілдерді дамытудың, мемлекеттік тілдің дамуының басым бағыттары ретінде алдағы онжылдықта елдегі мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтар санын 95 пайызға артуы тиістігін ертеңнен емес, бүгінгі күннен бастау алатынын аңғартты. Сонымен қатар: «...Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» екендігін ерекше атап көрсетті. Яғни, білім алушылар қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде де еркін сөйлейді. Басты мақсат – көптілді және көп мәдениетті маман қалыптастыру.

Бүгінде үш тілді еркін меңгеру уақыты талабы екені айқын. Сыни тұрғыда ой қорытып, ғылыми-зерттеу жұмысқа бейім, жан-жақты білімді маман еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болары сөзсіз. Біз шетелде қандай білім беріліп жатыр, қандай технологиялар пайдалануда деген қызығушылықпен көптеген жастарды шетелге білім алуға жібердік. Сол шетелден білім алып келген жас мамандарды оқу орындарында пайдаланып, білімнің сапасын, беделін көтеруіміз керек. Шетелдік озық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге сәйкес пайдалана білуіміз қажет.

Мемлекет басшысы әлеуметтік салаға да ерекше назар аударып, білім алушылардың шәкіртақысы, денсаулық, білім, әлеуметтік қорғау және мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысы, мүгедектерге және асыраушысынан айрылғандарға төленетін жәрдемақылардың арттырылатынын атап айтты. Елбасының «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын паш етуі тұғыры биік тәуелсіз еліміздің рухын асқақтатып, ұлы мақсаттарға жетелейтіні айқын.

Елбасының Қазақстан Халқына кезекті «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы мемлекетіміздің дамыған 30 елдің қатарына енуіне жаңа серпіліс береді.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев дамудың болашақтағы басым бағыттарын көрсетті, ары қарай оның дамуы, оның іске асуы еліміздің әр азаматына байланысты.

Елбасы айқындаған басым бағыттарды толыққанды жүзеге асыру үшін С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде қабылданған «Медициналық ЖОО бакалаврларына арналған үш тілді білім беру бағдарламасы» үштілді оқытудың жаңа концептуальды бағдарламасы ретінде студенттердің мемлекеттік, орыс және шетел (ағылшын) тілдерінде еркін сөйлесуге мүмкіндік беретін, тілдік ортаның қалыптасуына бағытталған.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман

талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» десе, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Соған орай тілдер және менеджмент факультеті, шетел тілдері және аударма ісі кафедрасында көптеген аудандардан келген ұстаздар өз білімдерін жетілдірді. Курстың бірінші деңгейінде 118 ұстаздар білім алып, өз жұмыс орындарына қайтып оралды. Ағылшын тілінен алған білімдерін өздерінің күнделікті сабақтарында ойдағыдай қолданатындарына сенімдіміз. Оқыту барысында ұстаздарды тәжірибе алмасу мақсатында Орал Қазақ-Түрік лицейінің физика, химия, биология, информатика пәндерінің сабақтарына қатыстырылды. Курс соңында білім алған ұстаздар кафедраның оқытушыларына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жолдады. Жалпы ұстаздарға өте қызықты өтті.

Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдуәли Т. Үштілділіктен түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
2. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008
3. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008

II СЕКЦИЯ ХИМИЯ, ГЕОГРАФИЯ, БИОЛОГИЯ

ВНЕДРЕНИЕ МЕТОДИКИ ПРЕДМЕТНО - ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (CLIL) НА УРОКАХ ХИМИИ

Абдибекова Ж.Т.

*учитель химии ГУ "Средняя общеобразовательная гимназия
им.И.Алтынсарина отдела образования акимата г.Аркалыка"*

В Послании Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстана - 2050» Новый политический курс состоявшегося государства» отмечено: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык - государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык - язык успешной интеграции в глобальную экономику»[1].

Поликультурная многогранная личность – это открытый для общения человек. А открытость для общения предполагает возможность свободной коммуникации с людьми разных национальностей и языков, следовательно, поликультура немыслима без полиязычия, основы которого также должны закладываться в школе.

В этой связи видится необходимым и отвечающим требованиям времени, разумным и абсолютно логичным переход к преподаванию предметов (как отдельных, так и целых циклов) на английском языке – языке международного общения.

Данный подход подходит для предметов естественного цикла (математики, физики, биологии, химии), так как в них используется знаковая система (математика, физика, химия) и огромное количество не имеющих специального перевода терминов на латинском языке (биология). Это даёт возможность учителю освоить язык в короткие сроки и на должном уровне подготовиться к столь непростою, ответственному, но необходимому в современных условиях делу.

В гимназии им. И.Алтынсарина с начала 2017-2018 учебного года организована экспериментальная площадка по изучению предмета химии на английском языке в 8-классах. Для эксперимента были взяты два 8-х класса с общим количеством обучающихся 38 человек.

Идея эксперимента заключается в том, что использование методики изучения химии в условиях интеграции с иностранным языком способствует возникновению положительной мотивации к изучению химии через создание условий для возникновения ситуации успеха при использовании коммуникативных возможностей изучаемого иностранного языка.

Цель эксперимента: разработка и реализация модели учебной работы по химии в условиях интеграции с английским языком. Эксперимент взят на три года. Экспериментальные классы были разделены на подгруппы, что дает больше возможностей для индивидуализации обучения. В первый год уроки химии будут вестись с 25 % интеграцией английского языка. На следующие годы планируется преподавание уроков с 50%, 75% интеграцией. Начиная с 2019-2020 учебного года планируется переход на обучение предмета на английском языке.

Для проведения уроков химии на английском языке можно использовать различные современные технологии в соответствии с функциями, содержанием учебного материала, целями и задачами обучения в той или иной группе учащихся. Одной из таких технологий является предметно-языковое интегрированное обучение -CLIL (Content and Language Integrated Learning), основной задачей которого является формирование у учащихся знаний, умений и опыта общения на предметную тематику с использованием не только родного, но и иностранного языка; а перспективной целью – формирование полиязыковой личности, обладающей общенаучной грамотностью. Термин CLIL был введен Дэвидом Маршем в 1994 г. для обозначения учебных ситуаций, в которых дисциплины или их отдельные разделы преподаются на «дополнительном», т.е. иностранном языке. Методика формирует у ученика потребность в учебе, а это, в свою очередь, позволяет ему переосмыслить и развить свои способности, в том числе и на родном языке. [1, 1]

При составлении планов уроков нужно формулировать не только предметные цели, но и языковые цели. При этом цели урока должны соответствовать критериям SMART-целей. Цели должны быть конкретные, измеримы, достижимы, актуальны, ограниченные по времени. Например, тема урока «Физические и химические явления. Химические реакции». Предметные цели: учащиеся могут привести примеры физических и химических явлений; Могут назвать основные признаки химических реакции. Языковые цели: Учащиеся знают и применяют следующие слова и термины: Physical change, Chemical change, Chemical reaction. Учащиеся знают и применяют выражения: Signs of a chemical reaction are-Release of..., a precipitate forms.

На уроках должны присутствовать все виды речевой деятельности, хотя одним из ключевых приемов данной технологии является работа с текстом.


Обработка текста. Идеальный текст должен содержать иллюстрации для визуализации прочитанного. При работе с иностранным текстом ученикам необходима структурная маркировка текста (нумерация строк, абзацы, заголовки, подзаголовки), что делает работу с текстом гораздо легче.

Осознание и организация полученных знаний. Тексты чаще всего представлены схематически, что помогает ученикам определить идею текста и представленную в ней информацию.

Языковоепониманиетекста. Ожидается, что ученики смогут передать идею текста своими собственными словами. Ученики могут пользоваться как простыми языковыми средствами, так и более продвинутыми, здесь не должно существовать четкой градации какой лексикой пользоваться, но учителю все же необходимо обратить внимание учеников на определенные лексические единицы, подходящие по теме и предмету[3].

Ниже представлен образец текста- задания, который использовался в 8-классе при изучении темы "Физические и химические явления. Химические реакции". Для изучения новой темы можно организовать работу в группах. Учащимся предлагается следующий текст.

Прочитайте текст. Выберите ключевые слова из текста и найдите их значения. Как вы думаете о чем данный текст?




Задание. Прочитайте текст, посмотрите на рисунок и ответьте на вопросы.

(на вопросы можно отвечать на родном языке).

Jane has two matches, A and B. She breaks match A into two. She strikes match B and it lights. After burning, match B is black.

1. Which change makes new substances?
2. Which is a chemical change?[4]



На сегодняшний день предметно - языковое интегрированное обучение по технологии CLIL - один из успешных методов преподавания. Но следует помнить, что эта методика требует от учителя большой подготовки к урокам, творческого подхода.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана "Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» :материалы мероприятий, посвященных обсуждению Послания Главы государства../Отв. ред. Б. Султанов.-Алматы:КИСИ,2013.-228с.
2. Политика трехязычного образования в Назарбаев интеллектуальных школах. -Астана. -2013.-С.2-3.
3. Нуракаева Л.Т.,Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL).- Астана. - 2013.-С.8-10
4. Jone Mills & Peter Evans. "Core Chemistry". Cambridge University Press. 2015. с 58.

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Асипова А.К.

Арқалық каласы, №4 жалпы орта білім беретін мектеп

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» десе, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Қоғамның бүгінгі әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр. Ағылшын тілінде химия пәнін оқытудың себебі шетел тіліндегі сөйлеудің пәндік мазмұны басқа білім салаларынан алынатын мағлұматтарға сүйенеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың білімдік әрекеттік нәтижесі оқушылардың универсалды сипаттағы білімдерін кеңейтуде, шет тілдік қарым-қатынастың пәндік мазмұндық аспектісін байытуда, оқу мотивациясын арттыруда, жеке тұлғаны және оның білім алу мен өзін-өзі жетілдіруін дамытуда көрінеді.

Қазіргі оқыту үрдісі пәндердің мазмұнын кіріктіру өзектілігін одан әрі арттырып, осы үрдісті ақпараттық оқыту құралдарымен пән мазмұнына сай жасақталу мәселесін шешумен ұштастыруды керек етіп отыр. Өйткені, ақпараттандыру – бүгінде қоғамдық өмірдің өзге салаларындағыдай білім берудегі стратегиялық мақсат-міндеттерді орындауды интенсивтендіруге мүмкіндік беріп отырған бірден-бір үрдіс.

Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді.

Химиялық элементтердің периодтық кестесі жалпы түсінікті үш тілде мәтін ретінде бере отырып, үш тілді қолдану үшін тапсырмалар беріледі:

I. Қажетті сөздерді пайдалана отырып мәтінді толықтыр.

(жіктелуі, кестесі, жүйеге, қасиеттері, заңдылықтары, **table, classification, law, system, properties**, классификация, закона, систему, таблица, свойств)

Химиялық элементтердің периодтық _____ заңдылықтары_____, химиялық элементтердің _____жіктелуі_____ – Д.И. Менделеев ашқан периодтық заңның кестелік бейнесі. Менделеев элементтерді периодтық _____кестесі_____ орналастырғанда олардың атом, салмақтарының өсуіне, сонымен қатар олардың химиялық _____қасиеттері_____ өзгеруіндегі периодты _____жүйеге_____ сүйенді.

Периодическая _____ закона _____ химических _____ элементов _____ классификация _____ химических элементов – это таблица периодического _____ систему_____ который создал Д.И. Менделеев. Менделеев установил _____ элементов в периодическую _____ таблица_____ на основании периодического закона изменения _____ свойств_____ химических элементов и зависимость различных свойств элементов от заряда атомного ядра от их атомного веса.

The **periodic _____ law _____ of chemical** is the _____ **classification** _____ of chemical elements, it is a table of Periodic _____ **system** _____ formulated by D.I. Mendeleev. Mendeleev organized the elements in the periodic _____ **table** _____ on the basis of their atomic numbers, growing of their mass, and recurring chemical _____ **properties** _____ according to the Periodic Law.

II. Мына химиялық ғымдарды үш тілде үйрен.

Technology – Технология – табиғи және жасанды жолмен алынған шикізаттарды өндіріс және халық тұтынатын өнімдерге өңдеу әдістерімен үрдістерін зерттейтін ғылым саласы. **Химиялық элемент таңбалары**
Кесте толтыру.

Бұл кесте бойынша мұғалім кез келген кестедегі қажетті бағандарды толтырта алады. Элементтердің қазақша атауын, орысша атауын немесе ағылшын тіліндегі атауын, элементтің таңбасын, оқылуын немесес алыстырмалы атомдық массасын толтыртуға болады. Сонымен бірге тапсырмадағы бағандарда мұғалімнің қалауына қарай таңдалып алынады.

Қазақша атауы	Орысша атауы	Ағылшынша атауы	Элементтің таңбасы	Химиялық элементтің оқылуы	Салыстырмалы атомдық массасы
Сутегі	Водород		H	Аш	1
Оттегі	Кислород		O	О	16
Сынап	Ртуть		Hg	Гидраргирум	201
Алтын	Золото		Au	Аурум	197
Көміртек	Углерод		C	Це	12
Калий	Калий		K	Калий	39

Жалпы пәнді үш тілде оқыту қазіргі кезде көп қолдауға ие болып отыр. Бұл қажеттіліктен туындады. Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға көптеп қатысуда, ал осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химия пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осының барлығын негізге ала отырып химия пәнін үш тілді үндестіре оқытудың маңызы да зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Химия мектепте» жураналы сәуір-мамыр 2003ж.
2. Н.Назарбаев (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007. 28 ақпан.
3. Баженова И.Н. құрастырушы. Педагогикалық ізденіс - А; Рауан, 1990
4. А.Мырзабайұлы. химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – А.: Білім, 2004.- 224 бет.
5. « Химия мектепте » журналы 2005ж-4. 69 – 70 бет.
6. « Химия мектепте » журналы 2006ж-3. 25 бет.
7. Б.А.Бірімжанов, Н.Н.Нұрахметов. Жалпы химия. – А.: Рауан, 2001.
8. Химия. Орта мектептің 8-10 кластарына арналған оқулық. КазГ, 1961.- 429 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – АЛТЫН КӨПІР

Абдрахман А.К.

«№10 жалпы орта білім беретін мектеп» ММ

Білекке сенген заманда,
Ешкімге есе бермедік.
Білімге сенген заманда,
Қапы қалып жүрмелік
Абылай хан

Ата-бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсе. Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу-заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі».

Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақартық болмас. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Қазақ халқы табиғатынан еліктегіш, қабылдағыш халық. Кеңес заманында орыс тілі-заманның кілті болды. Бұл-заман талабы еді. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады. Намысын найзаға шаншып, күре тамыры көк бөріден нәр алған, көк. Тәңірге табынған Күлтегіннің ұрпағына бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру қиындық тудыра қоймас.

Иә, көп тіл білу – әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты ету тексіздің ісі. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш, ал ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш. Ал біздің мақсат – ағылшын идеологиясын сіңіріп, ағылшын болып өмір сүру емес, ағылшынның тілін ғана үйрену емес пе? Балаларымызды әлемге қанат жайған ағылшын тілімен қаруландыру ғана емес пе? Кейбір адамдар ағылшын тіліне қарсылық білдіріп жатады. Ал ағылшын әлем мойындаған жаһандану тілі. Бұл-бұзылмас заңдылық.

Меніңше, ол сыңаржақ пікір. Елбасының сындарлы саясатының астары өте тереңде. Біз әлемдік аренаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген Мәңгілік Елге айналумыз керек. Бұл жолда біз ұтпасақ, ұтылмаймыз. Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін керек екенін ұмытпайық. Сондықтан «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадыр Мырза-Әли атамыз айтқандай, әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялап үйренейік те, өзге тілдің бәрін білуге барынша құлшыныс жасайық. Өз тіліміз өзегіміз, халықтық қасиетімізді айғақтайтын алтын тұғырымыз болсын. Әр ұлттың өз тілі өзге тілге жеткізетін көпір есепті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері.
3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Карашинов Б.С.

«№10 жалпы орта білім беретін мектеп» ММ

Елбасы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жол деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзенттеріне жолдады. Замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін, батыр да батыл өр адамына айтады. Қате басқан жері болса, қайталап түзеп, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тұрып, қайта түлеп, озық кеткен қатарына жетіп, одан әрі өтетін озат ұл-қызына айтады. Мәңгілік Елдің тамыры ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі-елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны-бабалар өсиеті. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз».

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тіл-халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәрімізде қолдаймыз. Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған жүйе.

«Келешекке кемел біліммен», -деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі. Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», -дегендей өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш

салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Өз ана тілінді қадірлемей, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дегені көпке белгілі. Сонымен қатар «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген болатын. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Біз өз елімізде өз ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – біздің қазақтығымыздың кепілі. Мемлекетіміздің мызғымас нышаны. Мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгермей, ештеңе де өзгермейді. Қоғам мен қоғамдық сана өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады. Біздің орталықтың ұжымы заман ағымына сай өздеріне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруда.

Әрине, кез келген азаматтың үш тілде сөйлегені дұрыс, үш тілді қатар меңгергеннен, тіл білгеннен ешкім де ұтылмайды. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді. қысыл таяң қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,
3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008
5. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008

ҮШТІЛДІЛІКТІҢ ХИМИЯ САБАҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

химия пәні мұғалімі Баймуратова А.Б.

ағылшын тілі пәні мұғалімі Нуржанова Г.К.

Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебі

Ел тәуелсіздігінің маңызды нашаны – мемлекеттік тіл. Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. Тіл – ұлттың өзгеден ерек даралығын анықтайтын белгісі. «Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады» [1, 6].

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оны елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та атап өткен болатын: «Біз көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» [2, 24].


Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Конституцияның 7-бабында тілдер туралы айтылады:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Байқап отырсақ, мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тіліне берілгенімен, орыс тілі тең дәрежеде деп есептелді. Соңғы жылдарға дейін қолданыстағы тілдерге келгенде оның басымдылығы байқалуда. Мемлекеттік мекемелерде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында да іс-қағаздар орыс тілінде жүргізілгені белгілі. Қазір де орыс тілінде іс жүргізіп жүрген мемлекеттік мекемелер бар.

Орыс тілі көптеген жылдар бойы мемлекеттік тілмен салыстырғанда басым қолданыста жүріп келді. Халықтың 90% орыс тілін жетік меңгерген. Қазақ тілінің жайы өзгеше. Ол тек қағаз жүзінде жүргізілді. Қолданыстағы жағдайы нашар. Осыған орай мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар, жобалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев салып берген бұл бағдарлама қазақ тіліне үлкен басымдылық беріп отыр. 2011 жылдан бастап мықтап қолға алынған жоба бүгінгі күні өз жұмысын бастап кетті әрі оң нәтиже беріп келе жатыр. Елбасымыз Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессия отырысында Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керек деп анық атап айтты: Елбасымыз өз жолдауларында нақты мақсаттар қойды. Ол мемлекеттік тілдің қызметінің артуына баса назар аударып, 2025 жылы қазақ тілін білетін жалпы халықтың көрсеткіші 95% құрауы керектігін айтады:

«Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын салауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек.



тілдерін меңгеру көзделуде.

Орыс тілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр.

Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі.

Ағылшын тілін оқыту үрдісіне кіріктіруді енгізу - ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіншіліктеріне бағытталған.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға,

оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамуға болады.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың химиялық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып, нығайған шақта ағылшын тілін еркін меңгере отырып, кезкелген салада ағылшын тілін қолдана отырып қарым-қатынасты жүргізе алатын жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір педагог ұстаздардың айқын мақсатының бірі. Сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы қаншама [3]. Кіріктірілген сабақтарды ағылшын тілін толық меңгерген дайындығы жоғары дәрежеде болса, жаратылыстану пәндерінің мұғалімдерінің өзі де өткізе алады, бірақ қазіргі таңда жалпы орта мектептерде кіріктірілген сабақтарды пән мұғалімі мен ағылшын тілінің мұғалімі бірігіп жүргізуде.

«Химия мұғалімі – ағылшын тілі мұғалімі – оқушылар» үшбұрышының тілдесуінен туындаған қызығушылықтың әсерінен оқу материалын қабылдау, бақылау белсенділігі артады, сезімдік және логикалық ойлау жанданады, қиялдың жұмыс істеуі қарқыны ұлғаяды [4].

Көптілділік біздің қоғам үшін 2006 жылғы Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» - «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», - деген болатын. Елбасымыздың осындай қанатты сөздерінің астарында үлкен сенімнің бар екенін аңғарамыз. Бұл сенімді орындау үшін жасөспірімдер мен жас ұрпаққа үлкен жол көрсетуіміз керек, сондықтан біз жаратылысану пәндерін соның ішінде атап айтар болсақ химия сабақтарын ағылшын тілінде байланыстыра оқыту арқылы сабақ барысында қосымша берілетін терминдер сөздігімен оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыруға және бәсекеге қабілетті болардай білімін толықтыруға өз көмегімізді тигізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақиқат. 2011жыл, №4. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл», ф.ғ.к. М.Салқынбаев.
2. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы
4. Ақиқат. 2011жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. Алматы. – «Дастан» баспасы, 2000 – 336бет.
6. www.egemen.kz

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ

Аятов А.С., Есильбаева А.К.

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Мектептерде, арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі осы уақытқа дейін орталықтандырылмаған. Соның нәтижесінде ғылыми жүйелілік сақталмай, экологиялық материалдар жалпылама сипат алуда. Қазірге дейін экологиялық білім берудің теориялық мәселелері өріс алуда. Онда 1990 жылы шыққан Қазақстан Республикасының «Табиғатты қорғау туралы» Заңындағы қағидаға сәйкес алға қойған проблемаларды басшылыққа ала отырып шешуге ұмтылады. Басты мақсат–көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру. Болашақ ұстаздар экология ғылымын меңгерумен қатар төмендегідей мәселелерді шешуге ұмтылғандары жөн[1].

1. Айнала қоршаған ортаның өзгерісіне бақылау жасап, оның себебіне талдау.
2. Кез келген экологиялық жағдайдың себебін ашып, оны жоюдың, қалпына келтірудің жолын ашу.
3. Табиғат қорларын үнемді және ұтымды пайдалану.
4. Табиғат қорғау мен экология бағытындағы өкімет заңдары мен қаулыларын білу.

Қазір экология жөнінде көптеген пікірлер, тұжырымдамалар мен теориялар бар. Осыған орай ғылымның барлық салаларын экологияландыру терминін көбірек қолданудамыз. Экология-адамзат баласымен айналадағы орта арасындағы қарым қатынастан туған биология ғылымының көрнекті салаларының бірі[1,2].

Жер шарының қандай бөлігін алсаңыз да біздің қазақ жеріндегідей экологиялық дағдарысқа ұшыраған аймақты кездестіре алмайсыз. Қазақ жері неше түрлі термоядролық сынаулардың табиғи палигоны болғаны рас. Атом, сутегі бомбаларын сынау тек біздің қазақ жерінде өткізілді. Әлемге әйгілі Семей, Ақтөбе, Маңғышлақ, Атырау, Орал, Қарағанды, Жезқазған атом полигондары радиациялық фонды күннен күнге қиындата түсті. Бұл полигондар қазақ елінің 11 млн гектар ең шұрайлы жеріне орналасты. Бұрын сонды болмаған бұл жағдай адамзат баласының, сондай-ақ, биосферада тіршілік ететін барлық жан-жануарлардың ағзасына мутациялық өзгерістерді туғызды. Адамдар арасына мөлшерден көп қауіпті ісіктер мен неше түрлі дерттердің таралуына себепші болды. Адамдардың мезгілсіз өмірден кетуіне әкеп соқты. Семей атом полигонында өткізілген 646 сынақтардың салдарынан соңғы жылдар ішінде әр жүз мың адамға шаққанда

жүйке психикалық ауруға шалдыққан адамдардың саны 960-тан 1624-ке, ақыл ойы кем адамдар 3103-тен 4612-ге, невроз және жүйке тамыр дерті бар адамдар 3692-ге көбейген. Ал сары ауру, іш ауруы, туберкулез сияқты ауру түрлері әбден меңдеген. Кейінгі жылдары радиациялық экология термині пайда болды. Ол жаңа дамып келе жатқан ғылым саласының бірі. Адамзат баласының айналадағы ортасында көбейген экологиялық фактордың ең бастысы иондаушы радиация. Ионданушы радиацияның негізгі қайнар көзі табиғи радиоактивті элементтер мен жасанды радиоактивті элементтер. Жасанды радионуклеидтердің адам ағзасына тигізетін әсерін зерттеген адамдар өте аз. Олардың туғызатын қатерлі ісіктері жөнінде Қазақстан алдыңғы қатарда келеді[3].

Қандай болса да шиеленіскен проблемаларды мамандар шешеді. Осыған орай Қазақ мемлекеті бойынша эколог мамандар даярлау кезек күттірмейтін проблема. Эколог маман кадрлар дайындауға материалдық техникалық база жасау қажет. Неше түрлі компьютерлік есептеу аппараттарын монтаждап, оларды іске қосып, айналадағы ортаның химиялық құрамына зерттеу жүргізу қажет. Экологиялық дағдарыстан шығудың ең бір тиімді жолы сауатты және саналы мамандар дайындау экологиялық дүниетанымды жетілдіре түсу.

Сонымен бірге экологиялық проблемаларды шешу үшін:

а) осы кезде тек қана қазақ жерінде ғана емес барлық дүниежүзілік өркениеттің әлеуметтік және экономикалық дамуының негізіне әсер етіп отырған ұлттық және халықаралық саясатта социология мен экономикадағы ғылым мен техникада қалыптасқан дағдыларға, іс әрекеттерге терең талдау жасап, түсініктер беру, ол үшін экологияның биологиялық негіздерін білу қажет; ә) биосферадағы тірі заттар эволюциясындағы жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы мен қалыптасуы, дамуы мен өзгеруі туралы ғылыми деректер биосфераның біртіндеп ноосфераға өту жолдарын түсіндіру; б) биосферадағы экологиялық жүйенің адамдар арқылы реттелініп отыратынына айрықша талдау жасалуы; в) экологияның қазіргі заманғы проблемаларын айрықша сөз ету; г) адамзат баласының биосферамен қатынасына, дүниежүзілік жеке аймақтық және жергілікті шағын аудандық экологиялық проблемаларға тоқталу, олардың антропогендік факторлар әсерінен өзгеруіне байланысты сөз қозғауға болады, неше түрлі анықтамалар беру орынды; ғ) биосфераның құрамына айрықша талдау жасалу шартты проблемалардың бірі; д) бұзылған биосфераны алдын ала математикалық моделдер жасап, болжау; е) халықтың сана сезімін, экологиялық білімін жетілдіру үшін, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен таныстыру; ж) жастардың ой өрісін, дүниетанымын қалыптастыру үшін жаңа типте оқу бағдарламаларын жасау; з) үздіксіз экологиялық білім берудің теориялық негіздерін мамандар, мұғалімдер жақсы білу керек [3,4].

Экологиялық білім тәрбиеу мәселелері жалпы білім берудің жеке даму бөлігі ретінде оқушыларда айналадағы орта мен табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынас қалыптастыру тиіс. Бұл салада орта мектептің алатын орны ерекше. Оқушылар табиғаттану, химия, биология, география, т.б. сабақтарда және мектептен, сыныптан тыс жұмыстар нәтижесінде табиғатты қорғай білуге үйренеді. Мектептегі биология сабақтарында оқушылардың ғылыми әдістемелік көзқарасын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар болашақ жасөспірімдердің табиғатты қорғау қабілетін арттыруға әсер ететін экологиялық білім алуға назар аударылады. Оқушылардың биология пәнінде экологиялық білімді игеруі мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылады. Жаратылыстану пәні ретінде оқушыларға экологиялық білім беруде биологияның маңызы зор. Экологиялық сауатты ашу үшін бірнеше тақырыптарға сай келетін есептер шығарып, нақты дәлелдер арқылы көз жеткізуге болады. Биология үйірмелерінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға арналған сыныптан тыс әр түрлі жұмыстар ұйымдастырған жөн. Алуан түрлі тақырыптарда сынып сағаттарын өткізу арқылы, оқушыларға экологиялық тәрбие беруге болады[4].

Өзек өртер өкінішті экологиялық жайттарға болашақта жол бермеу оқушыларға, студенттерге, жалпы жастарға бүгінгі таңда экологиялық білім мен тәрбие беруді талап етеді. Айналадағы ортаның ластану себептері төмендегідей: а) жер жүзінде қоныстанушы халықтар санының өсуі; ә) көптеген минералдар қазба байлықтар (ресурс) көздерінің тозып кетуі; б) өндіріс орындарының шикізат көздерін жоспарсыз пайдалану (газдардың ауаны ластауы); в) табиғатты химиялық, биологиялық өзгеріске ұшырауы; г) адамдардың айналадағы ортаға жанашырлықпен қарамауы; ғ) тұщы сулардың өте азайып кетуі, жемісті жерлердің жойылып кетуі.

Оқушыларға экологиялық білім берудің жүйелері төмендегідей болады:

1. Олар: а) табиғат, айналадағы орта туралы (гидросфера, литосфера, атмосфера, биосфера, ғарыш); ә) адамға және биологиялық ортаға әсер ететін факторлар.
2. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және оны қорғау.
3. Физика техникалық факторлар жарық, ылғалдылық, қысым, жел, ағыс, дыбыс, тербеліс, сәулелер.
4. Энергетика механикалық факторлар жылу, электр, атом, күн сәулесі, жел, теңіз толқындары.
5. Фотосинтез үрдісі.
6. Айналадағы ортаның ластануына қарсы күрес.
7. Бұл мәселелер өз дәрежесіне қарай орта мектепте табиғаттану, физика, география, химия, биология пәндерінде оқытылады.

8. Табиғаттану (IV-V сыныптарда.) Су, топырақ, ауаны ластаудан қорғау, туған өлкенің табиғатын сүю, аялау, қорғау, су, күн сәулелерінің энергияларын тиімді пайдалану туралы өтіледі.

9. Физика (VI-VII-XI сыныптарда). Биосферадағы физикалық үрдістерге табиғаттағы физикалық факторлардың әсері, айналадағы ортаның физикалық факторлардан ластануы, табиғаттың термодинамикалық, радиоактивтілік тепе теңдігі, ядролық, нейтрондық жарылысқа қарсы күрес, табиғи апаттардың физикалық жағдайларын түсіндіру.

10. Биология (VIII-XI сыныптарда). Биотехнология, айналадағы ортаның биологиялық ластануы, отынның тиімді пайдалануы, қалдықсыз өндіріс технологиясы, өндіріс қалдықтарын (түрлі газдарды) газ ұстағыш қондырғылар қолдану арқылы жою үрдістері оқытылады [1,2].

11. Биология пән ретінде де, ғылым ретінде де адам мен айналадағы ортаға үлкен әсер етеді, сондықтан биотехнология өндірісінің тиімді де, тиімсіз жақтары бар. Биотехнология өнімдері адамның бүкіл қажетіне (медицина, тамақ, киім, ауыл шаруашылығы, т.б.) кең қолданылады, бірақ сауатсыз пайдаланса, осы аталған салаларда бұл өнімдер адам мен табиғатқа кері әсерін тигізеді. Дегенмен білімді, сауатты адам биотехнологияны залалсыз, тиімді пайдалана алады.

12. Оқушылар мен студенттерге экологиялық білім беруді төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- а) IV-XI сынып оқушыларына химия, биология сабақтарында;
- ә) қосымша тәрбие жұмыстарында;
- б) IX-XI сыныптарда факультативтік сабақтар өткізу;
- в) пәнаралық байланыстарды арттыру;
- г) өз бетімен істейтін жұмыстар беру.

Міне, осындай жағдайда биологиядан экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы сабақты түрлендіріп өткізсе, онда қоршаған ортаға тигізген бірден-бір көмегіміз болар еді[4].

Ендеше бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдерінің басты міндеттері оқушылардың санасына Отанға, атамекенге, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтауды, оны аялап, қорғауды барынша насихаттап, үздіксіз жұмыс жүргізулері қажет. Осыған байланысты жастарға жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейге қойылып отыр. Осыған орай экологиялық білім мен тәрбие ерте жастан берілуі керек. Білім беру жүйесінде үздіксіз және мақсатты жүзеге асыра отырып, жас ұрпақты экологиялық сауаттандыру қазіргі кезде, әсіресе, жаратылыстану пәндерінің басты міндетіне айналып отыр. Мектептегі экологиялық білім берудің негізі пәнаралық принцип болып табылады, себебі, қандай да болмасын бір ғана пәннің аумағында бұл міндет толықтай шешілмек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография. ТКО «Зерде» баспасы. Алматы, 2005ж. 181б.
2. Айналаны қоршаған орта. Экология. Әдістемелік нұсқаулық. Алматы: Алматы кітап, 2003ж. 55б.
3. Окружающий мир. Экология. Методическое пособие. Алматы: Алматыкітап, 2003ж. 55б.
4. Айналаны қоршаған орта. Экология. Хрестоматия. Алматы: Алматы кітап, 2003ж. 35б.
5. Мектептегі білім берудің сапасы: қазіргі жағдайы, даму үрдісі және болашағы. //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы 2000ж 160-162б.
6. Экологиялық тәрбие жұмысының сипаты //Білім Образование 2001ж №2.31-33б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ

*«Биология» мамандығының 4 курс студенті Қуандық А.Н.
аға оқытушы, магистр Кемелбаева А.К.*

Ы.Алтынсарин Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе, халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Үштілділік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу-біздің байлығымыз » десе, 2007 жылы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі » деген болатын. Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты- бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі уақыттағы ғылымның дамуы адамдардың көп тілді білу қажеттігін туындатып отыр. Осы мүддені жүзеге асыруда, біздің, яғни мектеп ұстаздарының рөлі зор. Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту –болашақ ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік. Ғылыми техниканың дамуы адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп

тілді меңгеру қажеттігін тудыруда. Сабақ процесінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу маңызды. биология пәнін бейіндік пән ретінде таңдаған талапкерлердің көпшілігі медициналық оқу орнына барады.

Менің ойымша, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жаңа мағлұматтарға жол ашады. Жастар заман көшімен бірге жүре алады деп есептеймін. Әрине, барлығы бірдей ағылшынша сөйлеп кетеді деуге сену қиын

Білім саласындағы мұндай күрделі өзгерістер оқушыларға қандай мүмкіндіктер береді?

- ✓ Қазақстанның білім көрсеткішін әлемдік деңгейде көрсетуге
- ✓ Шет елде білім алуға ниетті оқушыларымызға үш тілді жетік меңгеру жеңілдіктер береді
- ✓ Қазақстандағы білімді әрі білікті мамандар санының өсуіне оң әсерін тигізеді
- ✓ **Егер осындай ұсыныс кіргізсе нұр үстіне нұр болар еді:**
- ✓ Мемлекеттік стандартқа сай ағылшын тілінде биология оқулықтары болса;
- ✓ Пән мұғалімдерін ағылшын тілі курстарына жүйелі жіберіліп отырса;
- ✓ Негізгі ғылыми терминдердің сөздігі жасалса;
- ✓ Пәнге байланысты басты терминдер сол пән басталған сыныптан бастап оқытыла бастаса;
- ✓ Мемлекеттік стандарттағы сағаттан басқа қосымша сағат қосылса;[1]

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте! Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, маңыздысы бола береді. Көп тілді меңгерген адам әуелі ана тілінде ой қорытып, қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен арылмайтын, сан алуан мәдениетті сараптай алатын болады. «Көз-қорқақ, қол-батыр», - дегендей мұндай батыл бағдарламаны жүзеге асыруға да білік пен тәуекел керек шығар. Қандай жаңалықтың да алғашқы қадамдары күдік пен үрейге толы болатыны заңдылық. Оны жеңу үшін біз, Қазақстан ұстаздары, бірлесіп, үндесіп еңбек етуіміз керек. Бүгінгідей ақпараттық технология өркендеп тұрған заманда оған толық мүмкіндік бар. Осы бір жаңашыл қадам кейін шәкірттеріміз бізге алғыс айтатындай бағдарлама болады деп ойлаймын. Ағылшын тілінде 7 сыныпта “About animals” сабағында оқушылар постер арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын тапсырмаларды бере отырып оқушылардың жануарлар туралы білімдерін еске түсіреді. Жаңа сөздер үйрене отырып жануарларға сипаттама береді; жануарлардың көлемі, түсі, мекен ортасын, қоректенуі, мінездемесі бойынша оқушылар топтастырады. Ал осы сыныптың биология пәнінде осы жоғарыда сипаттамалар бойынша білімдерін еске түсіре отырып, нақты ғылыми біліммен толықтырады. Ол үшін мектеп оқулығын қолдана отырып, тапсырмаларды орындайды. Жануарларды систематика бойынша орналастырады Дүние-тип-класс-отряд-ұқымдас- туыс-түрге жіктейді. Осы жүйе бойынша ағылшын тілі пәнінде алған білімдерін толықтыра отырып

жан-жақты нақты сипаттама бойынша білімдерін нығайтады. Мысалы ағылшын тілінде қоянды сыртқы бейнесіне қарай (түсі, мөлшері), жейтін сүйікті асы, тұратын мекені, мінездемесі бойынша ағылшын тілінде оқып үйренеді. Осындай ерекшеліктері бойынша биология пәнінде жүйе арқылы нақты мәлімет алады. Мысалы қоян- жануарлар дүниесі- желілер типі-сүт қоректілер және аңдар класы- кемірушілер отряды- қояндар тұқымдасы-ор қоян туысы- далалы аймақты мекен ететін ор қоян түрі. Әр жүйеге нақты критерийлер бойынша сипаттама береді.[2]

Ағылшын тілін жетілдіруде ЖОО-дағы студентті барлық оқу кезеңінде үздіксіз оқыту қажет екені рас. IELTS бойынша 6 деңгейге оқытудың үшінші жылының соңына қарай білімді бағалау үнемі жүргізіледі. Төртінші курс басталғанда, студенттер ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгеруі қажет. Бағдарламаның бұл бөлігі онлайн бағдарламамен қосымша оқу арқылы ағылшын тілін білудегі құзыреттілік пен сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттер оқытушы-тәлімгер жасаған оқыту моделіне сәйкес барлық оқу кезеңде практикадан өтеді. Бағдарламада диплом жұмысын жазу ұсынылған. Студенттер білім ала отырып теориялық білімдерін, сабақ өткізу, жоспарлау, сонымен қатар, бағалау қабілеттерін көрсете білуге тиіс. Сонымен қатар, олар осы уақытта ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде өз пәні бойынша өз бетінше сабақ жүргізуге дайын болуы қажет.[3]

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін нығайту үшін 2 және 4 семестрлерге (2 кредит) қоса жаз айында тілдік оқу практикасын өткізу жоспарланған. Бағдар-ла-мада көрсетілген РСК (Pedagogical Content Knowledge) білім беру технологиясы теориясы мен практикасын тікелей байланыстырады. РСК Сингапурлық мұғалімдер даярлау бағдарламасы тәрізді, табысты болып есептелетін білім беру саласындағы мұғалімдер даярлаудың халықаралық моделінің ортақ «Көз-қорқақ, қол-батыр», -дегендей мұндай батыл бағдарламаны жүзеге асыруға да білік пен тәуекел керек шығар. Қандай жаңалықтың да алғашқы қадамдары күдік пен үрейге толы болатыны заңдылық. Оны жеңу үшін біз, Қазақстан ұстаздары, бірлесіп, үндесіп еңбек етуіміз керек. Бүгінгідей ақпараттық технология өркендеп тұрған заманда оған толық мүмкіндік бар. Осы бір жаңашыл қадам кейін шәкірттеріміз бізге алғыс айтатындай бағдарлама болады деп ойлаймын.[4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар //Қазақстан тарихы әдістемелік журнал.-2008.18-24 б
2. Ешанова Г. Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой-пікірлер// Қазақстан жоғары мектебі. -2006.-№1.96-99 б.
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №3(45), 2010.
4. Мектептегі шет тілі. №2(44), 2010.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Нурханов М.А., Балыкбаева Г.Ш.

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты*

Бүгінгі күні көптілділік – заман талабы. Мұны елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлт аралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» -деген болатын. Көптілділік - өмірлік қажеттіліктен туындаған қазіргі заман талабы әрі дамыған мемлекет құрудың алғышарттарының бірі болғандықтан, білімнің негізгі міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан ұрпақты жалпыәлемдік, глобалды құндылықтарға араластыру, әлемдік кеңістікте басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мұндай міндетті жүзеге асыру оқу орындарына жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді [1;4].

Сабақтан тыс шараларда, факультативтерде, үйірмелерде үш тілді бірдей қолдану, іс-қағаздардың үш тілде жүргізілуі тілді білуді әрі қолдануды қажет етеді. Бұл шаралар тілдердің қолданысы мен дамуына жағдай жасайды және осы жұмыстарды еліміздің барлық мектептеріне енгізу – үштілділік бағдарламасын іске асырудың жолы болмақ [2; 7].

Жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу-көптілді тұлғаны қалыптастыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында елбасы 2020 жылға қарай барша қазақстандықтардың қазақ тілін, орыс тілінің 95% және ағылшын тілінің 25% -ын меңгеруі тиістігін міндеттеген 2007-2008 оқу жылынан бастап, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірінің 2007 жылғы 7 тамыз № 387 бұйрығы негізінде әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білімнің негізгі бағыттарын анықтау үшін 31 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде үш тілді оқытуды енгізудің жаңа жобасын жүзеге асыру басталған болатын. Көптілді оқытуды жүзеге асырудың оңтайлы тәжірибесіне қарай қазақ-түрік лицейлерінде, дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарында, Назарбаев мектерінде 7 сыныптан бастап көптілдік оқытуды кезеңдеп ендіру қолға алынған болатын. Бұл мектептер санын 30-дан 700 дейін көбейту жоспарланған [3; 76].

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада: - бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы; - ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі; - болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы; - аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпы қазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау; - мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу. Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат анықталды. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу [4; 308].

Қазіргі кездегі тілдердің рөлінің маңыздылығына байланысты қоғам алдында оқушыларды тілге үйрету және тілдік дайындықтарын көтеру және өз тілі мен халықаралық қатынас тілін меңгерген маман дайындау мәселесі тұр. Мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі мақсат-өз халқының салт-дәстүрлерін білетін, кез келген жағдайда үш тілде коммуникативті әрекетке дайын әрі өзін дамытуға және жетілдіруге ұмтылған үш тілді меңгерген көпмәдениетті тұлға тәрбиелеу. Қазір көптілді білім беру – білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты. Көптілді білім мазмұны ана тілі мен мемлекеттік тілде, сонымен қатар, бір немесе бірнеше шетел тілінде жүйеленген білім, білік және дағдыны қамтуы тиіс. Көпмәдениеттілік жағдайында көптілді білім беруді жүзеге асырудың негізгі идеясы білім алушылардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі тілдерді пайдалануға ынталандыру, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмай, өзге елдің де мәдени құндылықтарын бойына сіңіре алу болып табылады [5; 49].

Қазіргі таңда білім жүйесінде көптілді білім берудің жалпы әдістемесі болмағандықтан, бұл салада ғылыми зерттеулер жүргізу мәселесі өзекті болып отыр. Соған қарамастан көптілдік білім беру облыстық, дарынды балаларға арналған мектептермен қатар жалпы білім беретін оқу орындарына, мектеп-лицей және гимназияларға біртіндеп енгізілуде.

Олардың алғашқы қадамы эксперимент жүргізу арқылы көрініс тауып отыр. Пәндерді көптілде үйрету мақсатымен факультатив пәндер енгізілген. Факультатив сабақтарында оқушылар пәндердің негізгі терминдерімен танысып, өздерінің ағылшын тілдерінен алатын білімімен сабақтастырады. Мұндай сабақтар оқушылардың ағылшын тіліндегі дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. Терминологиялық сабақтарда оқушылар география пәнінің негізгі терминдерімен танысып қана қоймай, географиялық мәтіндермен жұмыс істейді. Сабақтарда оқушыларды пәнге ынталандыру түсу үшін ойын стратегияларын қолданылады. Эксперименттік сабақтар географияны оқытуда ағылшын тілінде білім беруді жетілдірудің әдістемесін жасау және оны эксперименттік тексеруге мүмкіндік бермек. Сабақтың әр кезеңінде қолданылған әдіс-тәсілдер оқушының тілге деген қызығушылығын тудырып қана қоймай, ағылшын тілін өзіндік дамытуына итермелейді. Ойын тәсілдерін қолдану оқушылардың ағылшын тілін табиғи түрде меңгеруіне әсер етеді. Ойын арқылы оқытудың артықшылығы – туған емес тілде жаңа тілдік және ауызша материалды меңгеру нәтижелі жүреді, себебі қарым-қатынас үрдісі эмоционалды кең ойын алаңында жүреді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы, Астана, 2007 жыл.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл.
3. Б.А.Жетписбаева, О. Т. Аринова, От идеи «Триединство языков» Н.А.Назарбаева до полиязычного образования в Казахстане // Вестник КарГУ, 2012 жыл. – 76 бет
4. Д.Н. Ахилбек, А.Ж. Абдикадыр, Білім берудегі көптілділік // Көптілділік жоғары білім беру контекстінде атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 2015 жыл.-308 бет
5. А. Жанибекова, Қазақстандағы көптілділік: қалыптасу жолдары // Көптілділік жоғары білім беру контекстінде атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 2015 жыл. -49 бет

БИОЛОГИЯ САБАҒЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

аға оқытушы, магистр Жиенбай С.Б.

«Биология» мамандығының 4 курс студенті Жумағали Қ.Ж.

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі әлемнің мемлекеттері көп тілді, әсіресе, халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз шарт. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Үштілділік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн заман талабы. Ал орыс тілін жақсы білу-біздің байлығымыз » десе, 2007 жылы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс.Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл,орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі » деген болатын[1].Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты- бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті мәдениетті тұлға қалыптастыру.Қазіргі уақыттағы ғылымның дамуы адамдардың көп тілді білу қажеттігін туындатып отыр. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі бүгінгі дәуірімізге сай айтылғандай.Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған Әбу Наср Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70 ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен,артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық.Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту –болашақ ұрпақтың білім кеңістігіндееркін самғауына жол ашатын,ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік.Ғылыми техниканың дамуы адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттігін тудыруда.Сабақ үрдісінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу маңызды.Биология пәнін оқыту әдістемесі пәнінде практикалық сабақты өткізгенімде «Биология және генетика» тақырыбын 10-сынып бағдарламасы бойынша «Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік» , «Селекция негіздері мен биотехнология» тақырыптары бойынша алған білімдері жүйеленіп,

қорытындыланады. Сабақта «Longman» баспасынан шыққан «Biology 11-14» әдебиетін пайдаланып өткіздім. Авторлары: A.Bridges, J.Williams/M.Levesley, C.Workman.Сабақта жаңа ақпаратты меңгерту үшін қолданатын әдістеріме тоқталсам, алдымен тақырыпты тақырыпшаларға бөліп оқытып шыққан соң, сөздік арқылы мәтінді аударамыз.Мәтін ішіндегі негізгі терминдерді жинақтап, аудармасымен бірге сөздік дәптерге түсіртемін.Сабақты бекітуде қалдырылған сөздерді орнына қою, берілген мәтін ішіндегі қатені табу тапсырмаларын орындайды.Топтарға бөлінген тақырыпшалар бойынша түйінді ой жасалады [2].

Мысалы, «Human food and diet» тақырыбын оқытқан кезде алдымен оқулықтағы мәтінді оқып шығып,мәтіндегі негізгі терминдердің аудармасын дәптерге түсіріп, қайталап айтып шығамыз.Оқып шыққан соң әр тақырыпша бойынша Active vocabulary құрамыз.Бар мүмкіндігімізше студенттермен бірлесіп, оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында біраз ізденімпаздықпен жұмыс істедік. Осыған орай жеткен нәтижемізге тоқталсақ, биологиялық-математикалық терминдердің мағынасын ағылшын тілінде меңгереді және тек тілді ғана меңгеру емес, сол тіл арқылы биология ғылымын оқуға сенімі нығайды.Сонымен қатар, биология пәнін бейіндік пән ретінде таңдаған талапкерлердің көпшілігі медициналық оқу орнына барады.Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі-медицина саласы. Медицина саласында латын тілін білу шарт, себебі медициналық терминдердің басым көпшілігі латын тілінде.Осы ретте мектепте биология пәнінің ғылымынша оқытылуы болашақ мамандарға үлкен көмегін тигізеді.Бір ұтымдысы, биологиялық терминдер ағылшын және орыс тілінде де ұқсас келеді.Жаһандық терминология базасының бірдейлігі бізге оқыту үшін оңтайлы болды. Болашақ ұстаз ретінде айтарым Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

Үштілдіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да ,берері де мол."Біз Ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек.Қазіргі әлемнің осы "лингва франксын" меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады."

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің,оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.

Мен болашақ ұстаз ретінде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор екендігін айтқым келеді. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: "Полиглот", "Кім тапқыр?", "Кел сайысаық!" сынды тағы басқа ойындар өткізудің үштілді меңгерудегі маңызы ерекше. Оқушыларды ойната отырып,үш тілде жүргізілген сөз жұмбақ, ребус олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Бәсеке қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана,
2. «Longman» «Biology 11-14»:A.Bridges, J.Williams/ M.Levesley, C.Workman

КӨП ТІЛДІ БІЛІМІН ДАМЫТА ОТЫРЫП ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

аға оқытушы, магистр Жиенбай С.Б.

«Биология» мамандығының 4 курс студенті Изтаева Б. Б.

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Экологиялық білім және тәрбиелеудің мазмұны – білім беру жүйесін және табиғат байлығын орынды қолдана білу жолдары мен әдістері туралы түсініктерін дамытатын оқушылар қызметінің түрлерін қарастыра отырып, қоршаған ортаны сақтау. Қазіргі таңда барлық адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар көп тілді игерумен бірге ауқымды проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне көңіл бөлініп отыр. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің шиеленісуі оқушыларға экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын, принциптерін, формалары мен әдістерін таңдау критерийлеріне ерекше әсер етеді [1]. Осыған байланысты сыныптан тыс жұмыс үрдісінде оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін жақсартуға бағытталған практикалық шараларды жүзеге асыруда ұлттық - аймақтық тұрғыдан келу арқылы оқушылардың экологиялық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруды зерттеу өзекті болып отыр. Сыныптан тыс жұмыс үрдісінде ұлттық - аймақтық сипаттағы сұрақтарды қосу оқушылардың этноэкологиялық білім алуларына, аймақтағы туындап отырған экологиялық апаттарды жоюға атсалысуға мүмкіндік береді. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің сыныптан тыс жұмыс барысындағы мазмұнының ерекшелігі мынандай сипатқа ие болады.

Сәйкес білім және дағдылардың болуы;

- Ақпараттық мәліметтерден гөрі эмоциональдық аспектілерге жүгіну (тәрбиелік әрекетін әсерлігін күшейту үшін оқушылардың сезіміне жүгіну, қоршаған отраның қайғысын ортақтаса білуге шақыру, яғни эмоциядан зердеге әсер ету);
- Білімнің практикалық жағының маңыздылығы (барлық қызмет әзірленген біліктілік пен дағдыны жетілдіруге бағытталады);
- Экологиялық білім мен мәдениеттілікті ұштастыруға жетелеуі.

Сонымен қатар ұлттық - аймақтық тұрғыда келуді қолданған сыныптан тыс жұмыс үрдісінде:

1) аймақтық экологиялық мәселелерін шешу бойынша оқу дағдылары мен қатар тіл білімі жетілдіріледі;

2) экологиялық мәселелер бойынша ақпараттарды іздеу барысында өздігінен жұмыс істеу дағдысы, табиғат байлығын қорғау, табиғатты мейлінше аялауға бағытталған ұлттық дәстүрлер мен салттар туралы материалдар, сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін ұйымдастыру және табиғатты қорғау мәселесіне ұлттық тұрғыдан жанашырлық қасиеті мен қазақ тіліндегі білімін ағылшын тілінде қолдану ретке келтіріледі;

3) коммуникативтік, бірлесу біліктіліктері реттеледі (ұжымдық жұмыс, экологиялық КВН, рөлдік ойындар, экологиялық сүрлем немесе соқпақтар);

4) туған өлкенің қоршаған ортамен қарым - қатынас жасауда этикалық қалыптарды сақтай білу (мәдениеттілік) негізге алынады.

Сыныптан тыс жұмыс үрдісінде экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын қарастыруда ілімдік тұрғыда қарағанда практикалық әспектін басымырақ болады, сондықтан мазмұны оқушы қызметі тарапынан қарастырған оңтайды болады. Осындай қызметтерге танымдық, демалу (көңіл көтеру,), спорттық - сауықтыру, еңбек шығармашылық сияқты түрлерін жатқызуға болады. Қызметтердің басты мақсаты - оқушылардың дүниеге деген көзқарастырынан адамгершілік, эмоционалдық және еріктік екі тілде еркін сөйлеу, компоненттерін қалыптасытыру. Бұл сәтте, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу өте маңызды[2]. Оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырудың негізін экологиялық көзқарас пен наным, алғырлық пен білімділік құрайды.

Оқушылардың экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыруда, сыныптан тыс жұмыс үрдісінде мектептің дәстүрі мен ерекшеліктері, сынып, жас ерекшелдіктері, оқушылардың жеке ерекшеліктері, мұғалімінің ерекшеліктері, оның қызғушылығы, бейімділігі, ұстанымдары сияқты факторлар дене сыныптан тыс жұмыстың сабақпен байланысын, пәнаралық байланысты қазіргі кезеңдегі жаһандық ұлттық және аймақтық экологиялық мәселелердің өзара байланысын ескерту қажет. Ал халықаралық деңгейдегі материалдарды қарастырып, салыстыру үшін тіл білімін дамыту өте маңызды. Ал табиғат аясында сабақты үш тілде жүргізу, табиғаттың әрбір компонентін ағылшын тілінде де, ана тілінде де орыс тілін меңгеріп, халықаралық деңгейдегі материалдармен салыстыра отырып білім мен сусынданған оқушы халқымыздың берік маманы болары айқын.

Экологиялық тәрбие беру бағытында сыныптан тыс жұмыстардың көптеген түрлері мен факторларын атап өтсек. Мысалы: мұғалім әңгімесі, пікірталас, экологиялық әдебиеттер мен басылымдарға шолу, тренингтер, тақырыптық кештер, конференциялар, табиғат туралы көркем - суреттер конкурстар, экологиялық плакаттар конкурсы, экологиялық кештер, пікір

сайыстар, дөңгелек столдар, мектеп мұражайына саяхат, туған өлке табиғатын зерттеу. Сыныптан тыс экологиялық тәрбиеберуде кинофильмдердің, мұражайлардың, киносюжеттердің рөлі ерекше. Мектеп қабырғасында шығатын газеттер, плакаттар, табиғатты қорғау туралы құжаттар, оқушылардың шығармашылық экологиялық білім мен тәрбие беруге бағытталғалуы тиіс. Себебі қазіргі балалар біздің болашағымыз. Ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың дамыған отыз елдің қатарына қосылу стратегиясы бойынша жасалған халқына жолдауында атап өткендей, болашақ білімділіктің ізінде. Ал білімді ұрпақ тәрбиелеу ұстаздардың яғни біздің міндетіміз. Болашақ ұрпағымыз білімділігі мен экологиялық мәдениеті жоғары болуы қажет. Ал экологиялық мәдениеті жоғары әрі шет тілдері мен ана тілінде орыс тілінде еркін сөйлейтін азамат ел басы салған жолмен халқын биікке көтерері сөзсіз[3].

Мектеп кітапхансында экологиялық және табиғатты қорғау туралы әдебиеттердің көрмесі ай сайын ұйымдастырылып, онда оқушылардың ұсыныс - пікірлері, шығармашылық еңбектері тыңдалып отырса, бүгінгі ұрпақтың экологиялық сауатты, мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуына әсері мол болары сөзсіз.

Біз жүргізген зерттеудің түпкі мақсаты табиғат пен байлықтарға жауапкершілікпен қарайтын экологиялық тұрғыдағы саналы, мәдениетті, әр түрлі тілдерді меңгерген яғни келешекте Қазақстанымыздың тамаша табиғатын халықаралық деңгейге паш ете алатын азаматтар-жеке тұлғаны қалыптастыру екенін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асқарова У.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. –Алматы, 2007.
2. Қожахметова Қ.Ж. «Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері» Алматы 1993ж
3. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты пайдалану. –А.: Ғалым. 2004.

ҚАЗАҚСТАН МОНОҚАЛАЛАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

оқытушы, магистр Сәлімжанов Н.Ө.

оқытушы, магистр Байгукин Г.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Мақалада Қазақстандағы шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының артта қалу себептері мен оны шешу жолдары талданған. Басты назар мемлекеттік моноқалаларды дамыту бағдарламасына аударылған. Шағын қалаларда атқарылуы тиіс жұмыстар және қалаларды болашақта дамыту жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: *моноқала, өндірістік күштер, инфрақұрылым, демография, инновация.*

Моноқалаларды дамыту – тек өңірлердегі әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешілуіне ғана емес, ең бастысы, өндірістік күштерді орналастыру мәселелерін де шешуге мүмкіндік береді. Моноқалаларды дамыту арқылы тұрақты дамудың үш негізгі мақсатына қол жеткізуге болады: экономиканың тиімділігі, әлеуметтік тепе-теңдік және қоршаған ортаның тұрақтылығы. Себебі, Қазақстандағы өндірістік күштер мен еңбек күшінің оннан бірі осы қалаларда орналасқан.

Қазақстанда жоғары деңгейде ұйымдастырылған урбандалған зоналардың болмауы (заманауи қалалық инфрақұрылымдардың шоғырлануы, ақпарат каналдары, елді мекендердегі экологиялық қолайлы өмір т.б). болашақ ресурстардың, яғни біліктілігі жоғары, мобильді жұмыс күшінің, инновациялық технологиялардың, ақпарат көздерінің шоғырлануына кедергі келтіруде.

Осыған байланысты Үкіметте «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданды[1].

Біздің сөздік қорымызда жуықта моноқалалар атты жаңа түсінік пайда болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 30 қаңтарындағы №261 «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындауға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 25 қаңтарындағы №683 қаулысымен 2012-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту Бағдарламасы бекітілген болатын. Бағдарлама елді 2020 жылға дейін территориялық-кеңістіктік дамытудың Болжамдық сызбасын (схемасын) іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады. Болжамдық сызба (схема) мемлекеттік жоспарлау Жүйесін құрайтын құжаттардың бірі болып табылады және экономика салаларын, инфрақұрылым мен аймақтық дамыту мәселелерін кешенді түрде қарастырған Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың

Стратегиялық жоспарын жүзеге асырудың маңызды құралы болып саналады. Аталған бағдарлама моноқалаларды әртараптандыру арқылы халықтың еңбекпен қамтылуын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құрылымын қамтамасыз етуге бағытталған. Соған сәйкес, экономикалық күш-қуаты жоғары, орта, төмен моноқалалар анықталады. Сонымен бірге құжат «Аймақтарды дамыту», «Бизнес жол картасы», «2020 жылға дейін еңбекпен қамту Бағдарламасы», т.б. бағдарламалар аясында аймақтардың дамуына мемлекеттік қолдау көрсету бойынша атқарылатын шаралардың ойлы жалғасы болып табылады және монопрофильдік (әрі қарай — моноқалалар) қалаларды ұзақмерзімдік негізде елді постдағдарыстық даму жағдайында дамытуға бағытталған шараларға назар аудара отырып толықтырады[2].

Моноқала – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала.

Моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар:

- Қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 пайыздан астамын құрайтын (мономамандандыру);

- Қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20 пайыздан астамы жұмыс істейтін;

- Қала құраушы кәсіпорындары жартылай істейтін немесе мүлдем істемейтін өлшемдердің бірі мен сипатталатын қалалар кіреді.

Бұл ретте көптеген моноқалаларға қала мен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағыныста.

Бағдарламаның бір артықшылығы – жүзеге асуы тиіс мерзім аралығында дамытылуы тиіс 27 қала оңтайлы мөлшері таңдалып алынған.

Себебі мұндай қысқа уақыт аралығында республикадағы барлық 87 қаланың дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес болар еді. Моноқалаларды дамыту аймақтардың өзіндік ұйымдастырылуына, ресурстарын тиімді іске асыруына, экономикалық өсу зоналарының қалыптасуына, ұзақ мерзімді дамуда барлық инфрақұрылымдардың жақсаруына жағдай жасайды[3].

Қазақстанның шағын қалаларының экономикалық дамуының негізгі мәселелері: өнеркәсіптік бір саласы басым болатын қала мекендерінің болуы, білікті кадрлар мен инвестицияларды қатыстыруда тиімді болмайтын бәсекелес позициялар, өнеркәсіптік кәсіпорындарының көпшілігінің технологиялық қалыс қалуы, жастардың неғұрлым ірі қалаларға қоныс аударуы болып табылады.

1992 жылдың басынан бастап еліміздің экономикасының байсалдықпен баяу әлем шаруашылық жүйесіне енуі бір жағынан бұрынғы СССР елдерімен экономикалық қарым-қатынастары нақты үзілді, ал

екінші жағынан республикамыздың экономикасы ашық және әлемдік нарық алдында қорғансыз болып қалды. Экономикалық реформалар нәтижесінде ұтымсыз, қарапайым нарықтық экономикаға ұқсамайтын, түбегейлі өзгертілген шаруашылық жүйе пайда болды. Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының проблемалары туындады.



КСРО-ның ыдырауынан кейін оның кеңістігінде жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, моноқалалар мәселесі өзекті маңызға ие бола бастады. Көпшілік жағдайда бұл ірі бизнес пен инвесторлар, сондай-ақ қаржылық институттар еш толқусыз мегаполистерді таңдап алып, шағын қалаларды назардан тыс қалдыруына байланысты болатын.

Бұл кезде ауқымды экономикалық дағдарыс ірі бизнестің ірі қалаларда орнығуға деген ниетін одан әрмен күшейте түсті. Соның арқасында жақсы өмірді іздеумен шағын қалаларды тастап, мегаполистерге қоныс аударуға талпынған халықтың көші-қон белсенділігінің артуы туралы мәселе барған сайын жиі көтеріле бастады. Бұл өз кезегінде елдің әртүрлі аймақтарында үйлері «қаңырап бос қалған», инфрақұрылымы қираған, болашағы жоқ «елес-қалалардың» пайда болуына ықпал етті.

Осылайша «моноқала» санатына негізгі белгісі халықтың тұрақты қоныстануымен ерекшеленетін халықтың ықшам өмір сүруі жүйесін жатқызамыз.

Қазақстандағы өндірістік күштерді шоғырландырудағы ең басты мәселе – елдің аймақтары түрлі деңгейде дамыған, экономикалық, әлеуметтік даму деңгейлеріндені алшақтық күн санап өсуде. Кеңестік дәуірдегі және өтпелі кезеңдегі Қазақстанның аймақтық саясатында теңестіруші қағида басым болды. Алайда, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық дамуды ынталандыру арқылы аймақтарды теңестіру нәтиже

бермейді. Мемлекет емес, бизнес бәсекеге қабілеті бар аймақтарды таңдайды. Өз таңдауында ол масштаб әсеріне (агломерациялар), алшақ емес экономикалық қашықтық (тиімді орналасу), даму кедергілерін азайтатын жақсы институттар, жоғары дамыған адам капиталына сүйенеді. Сондықтан, моноқалаларды дамыту бағдарламасының *басты мақсаты* – аймақтардағы экономикалық тіршілікті белсендіру, яғни тек ірі өндіруші ғана емес, өңдеуші шағын және орта бизнестің де аймақтарға баруына жағдай жасау болуы тиіс.

Жалпы орын алған мәселені шешудегі әлемдік тәжірибе мен талдауды есепке ала отырып, Бағдарлама аясында моноқалаларды приотеризация әдісімен төрт бағыт бойынша мемлекеттік қолдау көрсету шаралары қабылданатын болады:

- Моноқалаларды тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік сыйымдылығына байланысты оңтайландыру.
- Моноқалалар халқының жұмыспен қамтылуының оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету үшін экономиканы әртараптандыру әрі шағын және орта бизнесті дамыту.
- Моноқалалардың еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, жоғары әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бар елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуді ынталандыру.
- Моноқалалардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын халықтың оңтайлы санына сәйкес дамыту[4].

Жалпы моноқалаларды дамыту бағдарламасы қазірдің өзінде өз нәтижесін байқатып отырғанын ерекше айтқым келеді. Сонымен қоса, дәл осындай қалалар әртүрлі сала бойынша батыл жобаларды жүзеге асыру үшін үлкен сынақ әрі таптырмас тәжірибелік алаңға айналуы шарт деп білемін. Сондықтан да, дәл осындай мүмкіндіктерді біз Мемлекет басшысы айқындаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы шеңберінде қарастырып, сонда толығымен пайдалануға тиіспіз. Сол үшін шағын қалаларды қаржылық қолдауды жалғастырып, бұл үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ресурстарын кеңінен тартқанымыз орынды. Ал перспективада бұған дейін, бұдан кейін қолданылатын, жүзеге асатын дүниелерді ескере келе, шағын қалаларды қолдаудың кешенді шараларын жүзеге асыру үшін арнайы заң әзірлеп, оны қабылдау керек деп білемін[5].

В статье проанализированы причины отсталости и решений социально-экономическое развитие малых городов Казахстана. Особое внимание уделяется на государственную программу развития моногородов. Рассмотрены пути развитие и перспективы малых городов и выполнение работ в будущем.

Ключевые слова: моногорода, производительные силы, инфраструктура, демография, инновация.

In article the reasons of backwardness and decisions social and economic development of the small cities of Kazakhstan are analysed. Special attention is paid on the state program of development of monotowns. Ways development and prospects of the small cities and performance of works in the future are considered.

Keywords: *monotowns, productive forces, infrastructure, demographics, innovation.*

Пайдаланылған әдебиеттер әдебиеттер:

1. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.
2. Қайрақбаев Б.Ә. «Моноқалалар болашағы — мемлекет мүддесі». ҚАЗАҚСТАН ZAMAN газеті. 13.06.2013ж.
3. www.google.kz
4. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» – Астана. -2012.
5. Нурланова Н.К., Киреева А.А. Қазақстанның моноқалаларындағы экономикалық ахуалды талдау және депрессивтік жағдайынан шығу бағыттары.

МАЗМҰНЫ

I СЕКЦИЯ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА

1.	Ескермесұлы Ә.	«Информатика» білім беру бағдарламасының пәндерін ағылшын тілінде оқыту туралы.....	3
2.	Алимгереева Г.Е.	Информатика сабағында CLIL әдісін қолдану.....	6
3.	Мырзалиева Ж.Б.	Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшу жоспары.....	9
4.	Байшугулова Б.К.	Жаратылыстану бағытында информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL әдісін қолданудың тиімділігі мен артықшылықтары.....	12
5.	Булекбаева Г.Б.	Применение элементов CLILB преподавании курса физики.....	15
6.	Есенева Р.Е., Мухышева Г.М.	Үштілді білім беру арқылы құзыретті тұлғаны қалыптастыру.....	18
7.	Жұмағазина Ж.А.	Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту.....	21
8.	Ажибекова П.С.	Ағылшын тілі және жаратылыстану пәндерін кіріктіріп оқытуда білім алушылардың білімін бағалау.....	24
9.	Ахатова Ж.Е.	Пән мен тілді кіріктіріп оқытудың кейбір әдіс-тәсілдері.....	28
10.	Ахатова Ж.Е. Салахиддинова Д.У.	Жаңа білімге заманауи көзқарас.....	31
11.	Байзакова С.С.	Использование междисциплинарных связей английского языка и информатики.....	34
12.	Жамалова С.А. Исатай Қ.О	Орта мектепте информатика пәнін кіріктіре оқыту әдістемесі.....	27
13.	Илубаев М.А.	Білім беру жағдайында информатикалық терминдерді үйретудің әдістері.....	42
14.	Садыкова Б.С., Түзелбек И.Т.	Физиканы ағылшын тілінде оқытудың әдіс-тәсілдері.....	45
15.	Сундетбаева А.Ж.	Использование английского языка на уроках информатики как направление современного обучения.....	48
16.	Шонгалова К.С.	Ағылшын тілі және информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану пәндерін кіріктіріп оқытудың педагогикалық технологиялары.....	51
17.	Козбагарова К. С	Үштілділік білім беруді жүзеге асыру шарттары.....	55
18.	Жұмабаева С.Б. Әуез Д.М.	Үш тілде сабақ өткізу маңыздылығы.....	58
19.	Сағынбекқызы Н.	Физика сабағында көптілді білім берудің маңызы.....	61
20.	Қожахмет М.С. Чимбергенова Р.	Физика сабағында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру.....	64
21.	Алматова А.М. Мимандос Ж.А	Информатиканы ағылшын тілінде оқытудың ерекшеліктері.....	67
22.	Валиуллов М.Р.	Реализации предметно-языкового интегрированного обучения.....	70
23.	Джакетова С.Д.	Жаңартылған білім беру жүйесінде математиканы ағылшын тілінде оқыту мәселесі.....	74

24.	Алиева Г.С.	Жаратылыстану пәндері мен ағылшын пәнін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдері.....	78
25.	Алматова А.М. Әлібекова К.Н.	Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту мәселелері.....	81
26.	Шонгалова К.С. Мырзақұлова Ж.Б.	Microsoft Excel бағдарламасында математикалық есептерді шығару.....	84
27.	Ахатова Ж.Е. Әбсұлтанова М.	Ақпараттық технологияларды өндірістік оқыту сабағында пайдалана отырып, білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру.....	88
28.	Алматова А.М. Айсейт О.Б.	Электронды оқыту.....	92
29.	Сарбозов А.Ж.	Алгоритмдеу тақырыбын оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың жолдары.....	96
30.	Жусупова А.Б.	Үштілділік білім беру – жоғары білікті маман даярлаудың басты шарты.....	100

II СЕКЦИЯ

ХИМИЯ, ГЕОГРАФИЯ, БИОЛОГИЯ

31.	Абдибекова Ж.Т.	Внедрение методики предметно-интегрированного обучения (CLIL) на уроках химии.....	103
32.	Асипова А. К.	Химия пәнін ағылшын тілінде оқыту ерекшелігі	106
33.	Абдрахман А.К.	Қазақ тілі – алтын көпір.....	109
34.	Карашин Б.С.	Қазақ тілі – елдің қазынасы.....	111
35.	Баймуратова А.Б. Нуржанова Г. К.	Үштілділіктің химия сабағындағы маңыздылығы.....	113
36.	Аятов А.С. Есильбаева А.К.	Жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі экологиялық білім беру негіздері.....	117
37.	Кемелбаева А.К. Куандық А.Н.	Ағылшын тілінде биология пәнін оқыту.....	121
38.	Нурханов М.А. Балыкбаева Г.Ш.	География пәнінен факультатив сабақтарды ағылшын тілінде оқытудың маңызы мен рөлі.....	124
39.	Жиенбай С.Б. Жумағали Қ.Ж.	Биология сабағын ағылшын тілінде оқыту барысында оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру.....	126
40.	Жиенбай С.Б. Изтаева Б. Б.	Көп тілді білімін дамыта отырып экологиялық тәрбие беру.....	129
41.	Сәлімжанов Н.Ө. Байгукин Г.Т.	Қазақстан монокалалар проблемалары және шешу жолдары.....	132

**«Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде
оқытудың перспективалық бағыттары»
атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 қараша 2017 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ
региональной научной-практической конференции
«Перспективные направления по обучению на английском
языке предметов естествознания»
30 ноября 2017 года**

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 28.11.2017 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7x21½. Көлемі 7,87 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №01047

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru